

**Муканова Н.Е.
Тулегенова Б.Н.**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК
Оқу-әдістемелік құрал**

ӘОЖ 37.01
ББК 74.00
М90

Авторлар:

Муканова Н.Е. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;
Тулегенова Б.Н. – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

Пікір жазғандар:

Ахметов М.Г. – педагогика ғылымдарының кандидаты
Ергалиева Г.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты

Муканова Н.Е. Тулегенова Б.Н.

М90 Педагогикалық шеберлік: Оқу-әдістемелік құралы –Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2020. – 108 бет.

Оқу-әдістемелік құралда педагогтың оқу үдерісін жүзеге асырудағы кәсіби кұзіреттіліктері, педагог профессиограммасы, біліктілік санаттарына қойылатын талаптар мен ғылыми ізденістің теориялық негіздері қарастырылған. Педагогикалық шеберлік мазмұны, педагогикалық қызметтің теориялық мәні мен педагогикалық мамандықтың перспективалық мүмкіндіктерін көрсету, жаңашыл педагогтар идеясын, оқыту формасын тиімді пайдалану бағыттары берілген. Болашақ педагог-психолог бойында оқыту мен тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдіруге қажетті сапаларды қалыптастыру жолдары жан-жақты ұсынылады.

Оқу-әдістемелік құралы студенттерге, магистранттар мен оқытушыларға арналған.

Кіріспе

Жаңа адамды қалыптастырудың көпқырлылығы мен күрделілігі қазіргі тәрбие теориясы мен практикасы үшін педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Педагогикалық шеберлік, бір жағынан, педагогтің педагогикалық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлшегі болса, екінші жағынан, кәсіптік даму мен жетілдірудің алғышарты болып табылады. Педагог білім мен дағдының, қабілеттіліктің тұтас кешенін игерген жағдайда ғана маман бола алады. Педагогикалық үдеріс тұтастығымен және жүйелілігімен сипатталып, барлық педагогикалық құралдар өзара байланыста болса ғана тәрбие мен оқыту шындыққа айналады. Тәрбие, оқыту мен дамыту тұтас болып біріккенде ғана шығармашылық, үйлесімділік жағынан дамыған тұлға қалыптасады.

Педагогикалық біліктілік – іс – әрекеттің барлық түрлерін тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетіндегі қажеттілікке, дүниетанымы мен қабілеттерін қалыптастыруға, жан-жақты дамуы мен жетілуіне бағыттау белсенділігін арттырудағы кәсіби шеберлік. Қазіргі педагогикалық білім беру тұжырымдамасы болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, терең ғылыми кәсіби-педагогикалық дайындыққа қол жеткізу үшін алғышарт жасауды ұсынды.

Педагогикалық шеберлік – үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтың қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік меңгерген маман. Педагог әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек. Шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің куәсі болуы шарт.

Педагогикалық шеберліктің қалыптасу мәселесі, оның мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастағы рөлі жайында педагогика мен психология саласында Ю.П.Азаров, Ю.К. Бабанский, Н.В.Кузьмин, С.Д.Смирнов, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, Шкутин Л.А, Н.В.Александров жұмыстары, Н.В. Кухарев, А.В.Мудрик, А.В.Петровский, В.И.Слуцкий, П.И.Пидкасистый, Л.И.Рувинский, А.А.Гин, А.П.Чернявская, А.А.Калюжний, Н.В.Мирза, Т.П.Смолькина және басқа да ғалымдардың еңбектерінде педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жолдары ашылып, зерттелді. Жаңашыл-ұстаздардың Ш.А.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, Ю.П.Фокин, Е.Н.Ильин, С.Н.Лысенковая және де басқалардың үлкен жаттығу тәжірибесі «мұғалім–тәрбиеленуші» жүйесінде қарым-қатынастың тиімді болуына жоғарғы педагогикалық шеберлік әсер ететіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Заман ағымына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман-уақыт талабы. Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, отбасы, педагогтың рөлін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке даралығы мен жеке басындағы ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы.

Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д.Ушинский: «Педагогикалық теорияны қаншама жетік білгенімен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, бұған оның қолы жетпейді», - деген. Педагогикалық шеберлік –

мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, сонымен қатар оны әр оқушыға жеткізе білуі, оларды толық қабыл алуы.

Ұстаздық шеберлік:

1. Мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моралды бойына сіңірген адам екендігі.
2. Пәнді жетік білетіндігі, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білетіндігі.
3. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантты ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс, анық айтуға тиіс, оның жүріс-тұрысы, қозғалысы, отырып-тұруы оқушыға ерсі көрінбейтіндей дәрежеде болуы керек.

Педагогикалық шеберлік негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастық жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады. Қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік – экономикалық өзгерістер алдыңғы қатарға білім жүйелерін дамыту мәселелерін қойып отыр. Бұл мәселелерді саналы түсіну және білімді жандандырудың жаңа жолдарын іздеу – тұлғаға бағытталған білім үлгісінің қалыптасуына негіз болады.

Өзінің кәсіби, мәдени және басқа да құндылықтардың иесі екенін саналы сезінетін адам ғана өз қызметінің ғаламдық мақсаттарын дұрыс таңдай алады және оларды жүзеге асырудың жолдарын барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып жүзеге асырады.

Сондықтан болашақ маманды даярлауда алдыңғы қатарға педагогикалық терең білім-танымды көрсетуі және өзінің педагогикалық ұсынымын айқындауы арқылы оқушылармен, студенттермен, әріптестерімен қарым-қатынас жүйесін берік орнықтыру мүмкіндігін беретін жоғары педагогикалық мәдениет пен педагогикалық шеберлік негізінде кәсіби білік пен дағды қалыптастыру мәселелері қойылып отыр.

«Педагогикалық шеберлік» атты оқу – әдістемелік құралының мазмұны пәннің теориялық және практикалық курсына қамтыған. Қосымша бөлімінде студенттердің өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары, педагогикалық жағдаяттар, тапсырмалар беріліп отыр. Бұл оқу – әдістемелік құралында оқытушының педагогикалық шығармашылығы, педагогикалық шеберлігі, педагогикалық технология, педагогикалық қарым-қатынас мәселелері де назардан тыс қалмады.

I. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың негізі –кәсіби педагогикалық іс-әрекет

1. Педагогикалық шеберлік және оның мазмұны

Педагогикалық өнердің маңызды бөлімі – бұл педагогикалық шеберлік. Педагогикалық шеберлік тұлғаның тәлімі мен қалыптасу үдерісіндегі педагогикалық өнердің толық іске асуын қамтамасыз етуші ептіліктер мен дағдылар қорының педагог тарапынан мүлтіксіз меңгерілуінен көрінеді. Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог — өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.Әдетте, «шеберлік» өз кәсібін жете меңгерген жұмыскердің бай тәжірибесімен байланысты. Оның қалыптасып, кемеліне жетуі тәжірибеге, тәлім, тәрбие істерінің құралдарын шығармашылдықпен түсіне, пайымдай білуіне тәуелді. Сонымен бірге кәсіби мәселелерді шешуде тиімді әдістер

жүйесін қолданып, жоғары сапада орындай алуда, педагогикалық ықпалды жеке-даралыққа келтіріп, педагогикалық әдеп сақтаумен қарым-қатынасқа түсу мен ортақтасуда, еңбекке ынталандырудың әсерлі жолдарын пайдалануда көрінеді. Сондай-ақ педагогикалық шеберлік мазмұнын келесідей көрсеткіштермен саралауға болады:

- 1) психологиялық-педагогикалық ой-өріс;
- 2) дамыған кәсіптік қабілеттер (кәсіби қырағылық, болашаққа сенімді болжам, епті ұйымдастырушылық; шапшаң ауысымдылық, жауап әрекеттер сәйкестігі, педагогикалық сезімталдық);
- 3) педагогикалық техника меңгерімі (мұғалімнің балаларға ықпал жасаудағы өзіндік тәсілдер жүйесі).

Шебер педагогқа тән негізгі сипаттар: күрделі мәселелерді түсінікті тілмен, ұтымды да ұғымды формада ұсына білу ептілігі, өз әрекетімен қай баланы да еліктіре білуі, шәкіртті белсенді іс-әрекетке келтіріп, оны шығармашыл білім ізденісіне бағыттау, бақылай білу, өз өміріне, оның әрқилы қылық-әрекетінің себептеріне, олардың қалыптасуына ықпал жасаушы деректер мен құбылыстарды талдау, өзінің қызмет мәнерін ескерумен білім алу кеңістігін ұйымдастырудың нақты шарттарына сәйкестікке, теориялық және қолданбалы психологиялық-педагогикалық білімдерді, озық педагогикалық жетістіктерді өзгеріске келтіріп, жаңалап отыру болып табылады.

Педагогикалық шеберлік шеңберінде мазмұн мен әдістеме саласындағы мұғалімнің өрісін ғана емес, оның адамзат білімдері мен тәжірибесін епті, түсінікті, орынды әсер жолдарымен жеткізу тәсілдерін меңгерумен ғана емес, тәрбиеленуші көңіл-күйін жоғары да нәзік сезімталдықпен тану қабілетін де ескерген жөн. Оқу-тәрбие үдерісінде шексіз кезігіп жататын педагогикалық міндеттерді жоғары табыс дәрежесінде шеше білудің жаңа әдістері мен формаларын іздестіруге болған ынталылықты да - педагогикалық шеберліктің аса маңызды қырынан десек қателеспейміз. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі өз айналысқан қызметтің психологиялық құрылымындағы барша бірліктерді таза күйінде қамтиды әрі оның ғылыми ізденістерінен құралады, яғни мұғалім шеберлігі – біртұтас - ғылыми педагогикалық шығармашылдықтың өнімі. Педагог шеберлігі теориялық білімдер мен тәжірибелік ептіліктердің табиғи бірлігінен туындайды. Ал шеберлік деңгейі мұғаліммен әрекеттестік қатынасқа түскен шәкірттерге бағытталған педагогикалық ықпал тәсілдерін меңгеруі мен олардың нақты жағдайларға сәйкестік дәрежесіне тәуелді. Педагогикалық шеберлік құрылымы күрделі де көп қырлы, ол педагогикалық іс-әрекет мазмұнымен, кәсіби-шығармашыл міндеттерімен айқындалады.

Педагогикалық шеберлік негізі - бұл шығармашылдық. Көбіне шығармашылдық тәлім үдерісінде әрқилы әдістер мен формаларды, кәсіптік білімдер мен тұлғалық сапаларды тиімділікпен, әр сәтте жаңалап әрі орынды пайдалана білуден көрінеді.

Педагогикада кәсіби қызметтің сапасын анықтайтын біртұтас әрі жүйелі түсінік “педагогикалық шеберлік” болып табылады. Орыс тілінің сөздігінде “шеберлік белгілі бір саладағы өнер” деп анықтама берілген. Ал шебер өз ісінде жоғары нәтижеге қол жеткізген маман делінген (С.И.Ожегов, 1990). Педагогикалық шеберлікті адамның педагогикалық жұмысындағы жоғары өнерге қол жеткізген ерекше қалпы ретінде қарастыра отырып, оның кәсіби қызметтік жеке тұлғалық тұрғыдан өзіндік өлшемі бар екенін ескеру қажет. Педагогқа қойылатын талаптар туралы ағарту саласы бойынша халық комиссары А.В.Луначарскийдің мақалалары мен басылымдарында жарияланған сөздерінен білеміз. 1928 жылы тәрбиешілер мен қоғам қайраткерлерінің мәжілісіндегі сөзінде, ол педагогқа жүктелетін жауапкершілік ерекше екенін атап айтқан: “егер алтын құятын шебер оны бүлдіріп алса, оны қайта құюға болады, егер асыл тастар бүлінсе іске алғысыз болып қалады, бірақ ең зор бағажетпес гауһар – өмірге келген адам. Адамды бұзу ең ауыр қылмыс немесе күнәнің үлкен күнәсі. Бұл материалмен алдын ала не істейтініңді анықтап, нақты, айқын жұмыс істеу керек” дейді.

Н.К.Крупская 1932 жылы жарыққа шыққан “Мұғалім туралы” деген мақаласында төмендегі критерийлерді анықтады:

- мұғалім өз пәнін, әрбір оқушыны, еңбекті ұйымдастырудың ғылыми негіздерін білуі керек;
- оқытудың әдістемесін меңгеруі;
- оқу және тәрбие жұмыстарын ұштастыра білуі;
- оқушының қабілетін оята білуі қажет. В.А.Сухомлинский бұл түсінікке нақты анықтама бермейді, дегенмен, ол педагог тұлғасы тәрбиеленушіні тәнті ететін, өзіне тарта білетін, рухтандыратын болуы керек деген пікір айтады. Ол: “идеалдар мен қағидалардың, көзқарастары мен талғамының, симпатия мен антипатияның, моральдық – әдептілік қағидаларының педагогтің сөзі мен ісіндегі гармоналды тұтастығы – міне, осындай қасиеттер жалындаған жас ұрпақтың жүрегіне жол табатын шоқ жұлдыз болады” дейді. Сондай-ақ, ауызбіршілік тәрбиеші үшін органикалық қажеттілігі ретінде өте маңызды, әрі жан дүниесін, жеке бақытын, ой санасын онсыз елестете алмайтын өмір заңы екенін айтады.

А.И.Щербаков педагогикалық шеберлік – мұғалімнің ғылыми, әдістемелік өнерінің, білігі мен дағдысының, жеке қасиеттерінің үндесіп, үйлесуі деп есептейді. Мұндай үйлесімді тұтас әдістемелік өнер тек шығармашылықпен ғана туындайтыны айдан анық. Бұл өнердің басты атрибуты – өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен орындау дейді.

Ю.П.Азаров тәрбиешінің шеберлігінің маңызы туралы айта келіп, оның мәнін төмендегіше ашады: “педагогикалық шеберліктің негізі бала тәрбиесінің заңдылығын білу болып табылады” дейді. Одан әрі шеберлікті құрайтын құрамдас бөліктерінің өзара әрекеті туралы айта келіп, шеберлікке берген анықтамасын дамыта түседі: “сезім мен техниканың өзара әрекеті педагогтің жеке тұлғаға немесе ұжымға жаппай эмоционалды образды ықпал жасауына әкелетінін” айтады. Міне, шеберліктің құдіреті – осындай тұтасқан үйлесімде. Н.В.Кузьмина шеберлікті маманның өз жұмыс жағдайын зерттеп, зерделей білуі, кәсіптік міндеттерін оңтайлы шешу үшін кәсіби біліктілікті, дағды мен білікті меңгеруі деп анықтайды. Н.В.Кузьминаның пікірінше, педагогтың кәсіби шеберлігі тәжірибе мен оқу міндеттерін шеше білуді жоғары деңгейде меңгеру. Бұл жалпы еңбек пен жалпы интеллектуалдық білік қалыптасқанда ғана жеткілікті биік дәрежеге ие болады (талдау, синтездеу, жалпылау, ауыстыру, нақтылау саласында).

Ю.К.Бабанский “мұғалім-кәсіби технологияны еркін меңгерумен, шығармашылығымен бала оқытуда және тәрбиелеуде ерекше шебер” деп көрсетеді. Сондай-ақ автор педагог еңбегінің қарапайым қырларын дұрыс талдау және педагогтық оптималды шешім жасау мен оқушының жеке басы сияқты қасиеттерге тоқталады.

Н.В.Кухарев мұғалімнің белгілі дәрежедегі педагогтық шеберлігін қарастырудың дұрыстығын айта келіп, оның шеберлігі психологиялық – педагогтік дайындығының жоғары деңгейіне негізделуі шарт дейді.

В.А.Сластениннің педагогикалық шеберлікке берген анықтамасы Ю.П.Азаровтың пікіріне жақын, ол педагогтік шеберлікті педагогикалық технологиямен өзара байланыстырады, дегенмен, ол тек операциялық компоненттермен шектелмеуі керек, адамның жеке іскерлігі мен оның бойында педагогтік процестің жоғары тиімділігін анықтайтын қасиеттерінің сабақтасып жатуы керек деген пікір айтады.

В.А.Мижериков және М.И.Ермоленко педагогикалық шеберлік педагогтік қызметтің дамуының биік сатысын жасай отырып, педагогтің педагогикалық технологияны игеруін, кәсіби және азаматтық бағытын, тәжірибесін, бүтіндей тұлғасын көрсете алатынын айтады. Педагогтік шеберліктің мәні жоғары нәтижеге қол жеткізетін білімді, білік пен дағдыға ұштастыру арқылы жүзеге асқан қызметтің деңгейімен анықталады.

А.А.Сидоров, М.В.Прохорова және Б.Д. Синюхин педагогтік шеберлік педагогикалық мәдениеттің тірек компоненті деп есептейді және шеберлік сан алуан оқу-тәрбие ісіне байланысты міндеттерді табысты шешуде педагогтің жеке басының қасиеттерімен қоса оның психологиялық – педагогикалық ойлауы, кәсіби білігі, дағдысы мен эмоциясы өзара сабақтастық табатын ерекшеліктері деп анықтайды. Педагогтің жеке-

дара мәдениеті – тұлға әлемі. Мұғалім мәдениеті өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектің мақсатын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет пен өзіндік сана-сезім негізінде қаланады, іс-әрекеттің кәсіби және интеллектуалды тәжірибесін меңгеру жағдайында туындайды. Кәсіби мәдениет – еңбек нәтижесі мен адамзаттың жалпы мәдениетінің өнімі. Тұлғалық мәдениет дегеніміз, әлеуметтік іс-әрекеттің әр түрлі формалары арқылы әлеуметтік шараларды ережеге сәйкес өзін-өзі жүзеге асыруы, ал білім беру жүйесінде педагогтің қызметтік мәртебесіне ие. Мұғалім-кәсіпкердің әлеуетті құндылығы осы мәдениеттің кірігуі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Мәдениет өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік-кәсіби ортада қалыптасып дамиды.

2. Педагогикалық іс-әрекеттің мәні және құрылымы

Психологиялық тұрғыдан іс-әрекет - адамның қоршаған дүниемен белсенді қарым-қатынаста болуы арқылы өзін субъектілік позицияға қоюы ретінде қарастырылады. Педагогикалық көзқарастар бойынша іс-әрекет - қоғамдық және жеке тұлғалық маңызды нәтиже беретін бір мақсатқа бағытталған белсенділік. Өзіндік жеке іс-әрекеттері арқылы адам басқа әлеуметтік іс-әрекеттерге араласады. Іс-әрекеттің осындай сипаты оның нақты бір құрылымы бар екенін анықтайды. Іс-әрекеттің құрылымына мотив, мақсат, құрал, іс-қимылдар, нәтиже, бағалау сияқты компоненттер кіретіні белгілі.

Мазмұны жағынан іс-әрекеттерді:

- танымдық (қоршаған әлем туралы білімдермен қарулану, дүниені танып білу);
- зерттеушілік (белгісіз құбылыстарды зерттеу үдерісі);
- коммуникативтік (қарым-қатынас орнату, тіл табыса алу үдерістері);
- білім берушілік (басқаларға білім беру үдерісі);

Әр-түрлі белгілеріне қарап педагогика-психология ғылымдарында іс-әрекеттердің негізгі түрлері ретінде: ойын, қарым-қатынас, еңбек, оқу қарастырылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктері:

1. Мақсаты қоғам мақсатымен анықталады.
2. Басқа іс-әрекеттерді басқаруға бағытталған іс-әрекет (мета іс-әрекет).
3. Іс-әрекет субъект-субъектілік және субъект-объектілік сипатта болады.
4. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуы бойынша жүргізілген педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелері болашақта ғана айқындалады.

Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы оқытушының тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Оқытушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеумен айналысқан педагогтар: А.К.Маркова, Л.М.Митина, Н.В.Кузьмина, В.П.Сименов, К.С.Успанов, А.А.Молдажанова т.б. Оқытушының қызметі өте күрделі, әрі көп салалы. Оқытушы оқушының жеке басының дамуын, қалыптасуын, оған тәрбие беру және оқыту процесін басқарады. Осындай маңызды іске жауапты болғандықтан оқытушыдан жан-жақты терең ғылыми білім, жоғары педагогикалық шеберлік, саяси моральдық қасиет, табанды ерік-жігер, парасатты мінез-құлық талап етіледі.

Оқытушылардың кәсіби маңызды қасиеттеріне кіргізуге болады:

- оқушыларға деген сүйіспеншілігі;
- педагогикалық үдерісті жүйелі жүргізе алуы;
- бақылағыштығы;
- педагогикалық құбылыстарға талдау жасай алуы;
- педагогикалық ойлаудың қалыптасуы;
- қарым-қатынас жасай алуы;
- ұжымшылдық;
- шығармашылығы және т.б.

Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз - мұғалімнің оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы. Мұғалімнің шеберлігі педагогикалық мамандық негізінде басқара білу. Педагогикалық іс-әрекеттер мынандай құрылымдардан тұрады: іс-әрекет

мақсаты, іс-әрекет объектісі, іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет құралы. Аталған іс-әрекет құрылымдары бір-бірімен байланысты комплексті жүзеге асырылып, іс-әрекеттің компоненттері де болады. Осы аталған іс-әрекеттер компоненттері де болып табылатын іс-әрекеттер мақсаты, объектісі, субъектісі және іс-әрекет құралдарын жеке-жеке алып қарайтын болсақ: іс-әрекет мақсаты – жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуді көздейді. Жан-жақты тәрбиелеу тәрбие жұмысын комплекс жүзеге асыруы қажет етеді. Комплексті жүргізу адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене, экономикалық, экология, ақыл-ой тәрбиелерін тұтас бір-бірімен ұштастыра жүргізу болып табылады. Тәрбие жұмысын комплексті жүргізу тәрбиеленушінің санасына да, мінез-құлқына да, олардың тіршілік қызметіне де бір мерзімде ықпал жасауға мүмкіндік береді. Жеке адамды жан-жақты дамыту жас ұрпақтың тіршілік қызметінің алуан түрлі: өндірістік, қоғамдық саяси, рухани адамгершілік салаларында барлық қабілет дарындарын дамытуды қарастырады.

Іс-әрекет объектісі – адамдардың қалыптасуының объективтік негізін – қоғамның материалдық-техникалық базасы, қоғамдық қатынастар, тұрмыс салалары, табиғи орта және адамның туа біткен қасиет-нышандары сияқты адамдардың еркі мен санасына тәуелді емес факторлар құрайды. Адам жанасқан нәрселердің бәрі-адамдар, заттар, табиғаттың және айнала қоршаған қоғамдық өмірдің құбылыстары осының барлығы оның санасы мен мінез-құлқына, оның рухани әлпетіне ізін қалдырады. Адам қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасады. Сөйтіп, адам әрқайсысы қайталанбайтын дара ерекшеліктерімен көзге түседі. Сондықтан адамға педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық негізінде ұйымдастыра білуді қажет етеді. Баланың тәрбиесіне педагогикалық іс-әрекеттің объективтік жағдайлары, қоршаған өмір де әсер етеді. Сондықтан тәрбие жұмысында өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарын айналадағы объективті өмірімен байланысты үлестіре жүргізген жөн. Іс-әрекет субъектісі - тәрбиеленуші және жас жеткіншектерге тәрбие жөнінен тәрбие жөнінен әсер етушілер: педагогтар, жанұя, педагогикалық коллектив және жұртшылықтар болып табылады. Мектеп ішінде балаларға тәрбие беру оқу жұмысын ұйымдастыратын негізгі тұлға мұғалімдер. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттері, оның білімі, білгірлігі, оқыту және тәрбие әдіс-тәсілдері үлкен әсер етеді. Нағыз балаларға лайықты, ұтымды, нәтижелі тәрбие беретін педагогтарды өзін-өзі жетілдірумен шұғылданатын, адамгершілік қасиеттері мол тәжірибелі шебер педагогтар деп айта аламыз. Педагогикалық іс-әрекет құралдарына: оқу, еңбек, ойын, қарым-қатынастар жатады. Әрбір педагогтар өзінің қалауынша осы аталған құралдарды тәрбие жұмысына басшылыққа алады. Мысалы, А.С.Макаренко өзінің іс-әрекетіне тәрбие құралы етіп «еңбекті» қолданған. Қазақстанда Макаренконың тәжірибесін басшылыққа алушы, өзінің қиын балаларымен жұмыс ұйымдастыруда Архимед Мынбаев тәрбие жұмысының құралы етіп еңбек процесін алды. Әр оқушының ерекшеліктерін біле отырып, еңбекке баулудың нәтижесін олардың жүрегінен жол тауып, «Қиын» оқушыларды дұрыс жолға сала білді. Еңбекке деген олардың сүйіспеншілігін арттыра біледі. Кейбір педагогтар іс-әрекет құралдары ретінде бірлескен коллективтік оқуды, басқа да бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруды құрал ретінде пайдалана білді. Мысалы, Москвалық мұғалім В.А.Караковский, Ленинградтың мұғалімі В.Н.Сорока-Россинский тәрбие жұмыстарының құралы етіп коллективтік оқуды ұйымдастырудан алған. Мұндай таңдау олардың шеберлік және мүмкіндік ыңғайына байланысты жүргізіледі. Педагогикалық кәсіптік әрекетке өзін-өзі бағыттап, ұйымдастыратын педагогикалық білгірлік қасиеттер педагогикалық білгірлік қасиеттер педагогикалық шеберліктер жүйесіне жатады. Педагогикалық шеберлік мынандай жүйелерге бөлінеді: педагогтық іс-әрекетіндегі гуманистік бағыттылық кәсіптік білгірлік, педагогтық іс-әрекетіне бейімдік, педагогтық техника. Бұл аталған педагогтық шеберлік жүйелі бір-бірімен байланысты жүзеге асырылады.

а) Педагогтық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылық.

Педагогтық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылық тәрбиешілердің, мұғалімдердің балаларға адамгершілік-ізгілік қарым-қатынас орнату жағынан жетіле түсуін қажет етеді.

Гуманистік бағыттылық жүйесі –педагогтардың балалармен ынтымақтастық, демократтық бағыттағы ізгілік-адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас орнату стратегиясы мен тактикасының болуын қажет етеді. Л.Н.Толстой былай деген болатын: «Егер мұғалім өзінің балаларға деген сүйіспеншілігін, педагогикалық іс-әрекетпен жалғастыра білсе, ол жетілген мұғалім». Педагогтық іс-әрекетіндегі гуманистік бағыттылық әр жақты бағалы бағдарлар құрады. Олар мыналар:

1. өзін шебер педагог ретінде білу.
2. педагогикалық әсер ете білу ықпалының болуы.
3. балаларға, балалар коллективіне деген сүйіспеншілік,
4. ынтымақтастық бейімділігінің болуы.
5. педагогикалық іс-әрекет мақсатының, гуманистік, стратегиясының, тактикасының болуы.

ә) Педагогикалық іс-әрекетке бейімділік.

Педагогикалық шеберлік жүйелерінің тағы бір маңызды түрі – педагогикалық іс-әрекетке бейімділік. Психологиялық жағынан танып, білуімізге байланысты бейімділік дегеніміз өзі белгілі бір затқа, объектіге, іс-әрекетке адамның сезімдік талғамының арта түсуі соған деген құлшынысының арта түсуі деп білеміз. Сол педагогикалық іс-әрекетке бейімділікті танытатын төмендегідей түрлі сезім құлшынысын, жетекші бейімділікті атауға болады,

- адамдармен ыңғайласа білуге құлшыныс көрсету, тіл табыса білу, адамдармен коммуникативтік қатынастар болуға бейімділік көрсету.
- Кәсіптік көргендік, бейімділік, байқағыштық.
- Жеке бас динамизмі – эмоциялық тұрақтылықты байқата білу, ішкі әсер ету сезімін, ерікке әсер ету сезімін байқату, логикалық көз жеткізу.
- Эмоциялық тұрақтылық өзін-өзі меңгеру, өз бейімділігін реттеп басқара білу.
- Ситуацияларды бағдарлай біліп дұрыс шешім қабылдай білу.
- Оптимистік болжай білушілік алған үмітпен қорғау, оқушыларды келешекке үміт, сенімге бағдарлап тәрбиелеу.

б) Педагог іс-әрекетінің техникасы.

Педагогикалық шеберлік жүйелерінің тағы бір түрі - педагогикалық техника. Педагогикалық техника дегеніміз - педагогтық іс-әрекетті ұйымдастыра білу іскерлігі. Педагогикалық техникалық іскерлік – осы салада білудің екі түрін құрады. Біріншісі, педагогтың өзін-өзі басқара білуі, екіншісі, педагогтық міндетті жүзеге асыру үшін өзара әсер ете білуді меңгеру. Біріншісі бойынша – педагог өз денесін, эмоциялық сезім дүниесін, сөйлеу техникасын меңгеріп басқара білу.

Екіншісі бойынша - педагогтың дидактикалық өзін-өзі ұйымдастыра білу, өзара үйлесімділік жүзеге асыру. Біз жоғарыда атап көрсеткендей педагогикалық шеберлік жүйелері оның функцияларының атап көрсете отырып, мынандай қорытындыға келеміз:

Педагогикалық шеберлік - жүйелі процесс. Педагогикалық іс-әрекетте нәтижелі табысқа жеткізеді. Жұмысқа жаңа сапалық мазмұн береді. Педагогтық кәсіптік позицияны қалыптастырады. Педагогикалық шеберлік жүйелері педагогикалық бағыттылықты, бейімділікті, білімділікті, іскерлікті білдіретін процесс.

- Педагогикалық шеберлік өлшемі.
- Педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық.
- Тәрбие беру, білім беру ісінің нәтижелігі.
- Іс-әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы.

Педагогикалық кәсіптік шеберлікті дамыту міндеттері – педагогикалық білім білгірлігі, педагогикалық кәсіпке бейімдігі, ситуацияларды меңгеру, балалардың психологиялық жағдайын меңгеру болып табылады.

3. Педагогикалық қызметтің басты шарты –біліктілік және құзыреттілік

Біліктілік, квалификация — адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті. Адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көтеріп, нені, қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, білікті маман болуға бағытталуы.

Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби- еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат.

Құзырет – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ол құзыреттілік – адамның өзінің іс-әрекет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. «Құзыреттілік» сөзі француз тілінен «заңға сай», ал латын тілінен «сай болу», «қабілетті», «талап қою», ал ағылшын тілінен «қабілетті», «жетік» деген мағынаны білдіреді. «Кәсіби құзыреттілік» адамның өзіндік деңгейімен, тәжірибиесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысы, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады. «Кәсіби құзыреттілік» адамның өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысы, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады. Педагогтің кәсіптік құзыреттілігі ол жалпыланған білімнің, дағдының және қабілеттіліктің, біліктілік пен іс-әрекет біртұтас және жүйеленген жиынтығы ретінде қарастыруға болады, өйткені ол педагогтің білімі мен дағдыларын іс жүзінде, кез-келген ортада, кәсіби міндеттерді шешу немесе күнделікті өмірде қандай да бір үрдістерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығы.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі төмендегідей компоненттерден тұрады:

- психологиялық (адамгершілік, мәдениеттілік, мамандығын сүю, кәсіби педагогикалық, білімдарлық, мақсат қоя білу, ойлау, тез шешім қабылдай білу, бақылай білу, болашаққа сеніммен қарау, сезіну, мәдениетнамалық қасиеттер)
- пәндік (өз пәнін терен меңгеру, аналитикалық ойлау, болжау, жобалай білу және логикалық ойлай білу)
- технологиялық (оқытудың жаңа технологияларын меңгеру, негізгі тәжірибиелік, іскерлік, ұйымдастырушылық, жұмылдыра білу, ақпараттық дамыту, бағдарлай білу, педагогикалық қарым-қатынас жасай білу).

Кәсіптік құзыреттілік білімділік және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін іс-әрекеттің алуан түрін орындау үрдісінде жүзеге асады, сондықтан олардың құрамына іс-әрекеттік білім, білік дағдыларымен қатар, мотивациялық және сезімдік –еріктік салалар да кіреді. Кәсіптік құзыреттіліктің маңызды құраушысы тәжірибе, яғни адамның түрлі мәселені шешудегі меңгерген жеке әрекеттері мен әдіс-тәсілдерінің тұтас бірлікке жаңалануы болып табылады. Педагогтің кәсіптік құзыреттілігінің шындалуының мақсаты – білім беру сапасын қамтамасыз ету, ол оқушылардың теориялық білімдерді игеріп қана қоймай, оны нақты мәселермен проблемалық жағдайларды шешуге қолдана алатындай болуын көздейді. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін шындаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтық тәжірибиесінің дамуының алғы шарты болып табылады. Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің негізі, біріншіден, педагогтің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным, екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан-жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі, үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін міндетті түрде меңгеруі тиіс. Педагог көп біліп қана қоймай сол білгендерін оқушыларға бере білуі қажет.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігін төмендегі қасиеттері арқылы білуге болады:

- ұйымдастырушылық
- жоғары мәдениеттілік
- терең білімділік, біліктілік

- жаңа технологияларды қолдана білу
- қарапайымдылық
- жаңашыл тәжірибиелерді меңгере білу
- өзіне және өзгеге талап қоя білу
- азаматтығы, адамгершілігі
- психологиялық және педагогикалық дайындығы
- зерттеу жұмыстарын жүргізе білуі
- қарым – қатынасқа түсе білуі
- сергектік, байқағыштық
- сенім
- әділдік, байсалдылық
- педагогикалық ұстамдылық, төзім, сабыр сақтау
- ілтипаттылық
- іскерлік, шығармашылық
- өзін – өзі дамыту қажеттілігі
- сөйлеу мәдениеті
- педагогикалық шеберлік

Қазіргі таңда оқытушылар алдына студенттерді үздіксіз өз бетімен білім алуға, білімін жетілдіруге баурап, өмірлік белсенді ұстанымы бар шығармашыл, әрі жауапкершіл, ізденімпаз, дербес тұлға тәрбиелеу міндеті қойылып отыр, яғни студенттердің оқу–танымдылық іс–әрекетінде субъективті шығармашылық дербестігін дамытатын оқу үрдісін ұйымдастыру, тиімді әдістерін пайдалану, өзіндік жұмыс істеу, біліктіктерін қалыптастыру, іздену аясын кеңейту мәселесі тұр. Оқушылардың санасына адамзаттың, рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, олардың даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, қоғам өмірін жаңа азаматты қазақтың ұлттық мәдениеті арқылы қалыптастыру мәселесінің көкейкестілігі күннен–күнге артып отыр. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер емес пе? Сондықтан кәсіби шеберлігі шындалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы болу ұстаздан нені талап етеді десек, ол мұғалімнің шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден тұрады. Нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда да жаңа көзқарасты қалыптастыруды, құзырлықтарын үнемі дамытуды талап етеді. Жоғары мәдениетті адам ғана осы

қажеттіліктерді шешудің жолдарын іздейді, табады. Ойы жүйрік, ақылы терең, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашылығы биік, кәсіби шеберлігі жетілген, ізденуші, зерттеуші, жасампаз жанашыл ұстаз – бүгінгі қоғамның тапсырысы. Әр сабағына өздігінен білім меңгерудің, ізденіс пен жемісті еңбектің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, талапқа сай мұғалім болу мәселесі шешіледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – дейді Жүсіпбек Аймауытов. Құзыр-бұл адамның бойындағы бар білік пен білім және қабілеттері. Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс әрекетке дайындық. Ал, құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға берілген немесе жүктеген істі нәтижелі түрде орындауын бағалау мінездемесі. Бұл адамның бойында өзіндік, жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты жоғары қабылдайтын, мәселені шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгере алатын, ұжымда жұмыс жүргізе алатын, белсенділік қасиет – қабілеттерінің болуы.

1. Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3. Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті. Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, тандай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті)..

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан - жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады. Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді. Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім. Педагог мамандардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың 8 деңгейін қарастыруға болады:

1. Пәндік - мамандық қызметтеріне байланысты қойылатын проблемаларды шешу қабілеттілігі.
2. Аналитикалық бақылау - пәндік іс-әрекеттерін талдау мен бақылау проблемаларын шешу қабілеттілігі.
3. Ұйымдастырушылық – оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған проблемаларды шешу қабілеттілігі.
4. Коммуникативтік - «Мұғалім-Оқушы», «Оқушы-Оқушы», «Мұғалім – Ата-ана» және т.б. жүйелердегі қарым-қатынасты проблемаларды шешу қабілеті.
5. Бейімделген - қазіргі жағдайдың өзгерістері мен талаптарына сәйкес проблемаларды шешу қабілеттілігі.
6. Инталық/психологиялық – психологиялық, жекетұлғалық, жекетұлғалар арасындағы өзара қарама-қайшылықты шешу проблемаларының қабілеттілігі.

7.Жобалық – мектепті, мұғалімді және оқушыны дамыту жобаларын шешу қабілеттілігі.
8.Ғылыми-ізденістік – мектептің, мұғалімнің және оқушының даму нәтижелерін зерттеуді ұйымдастыру және оны өткізу проблемаларын шешу қабілеттілігі.
Мұғалімнің кәсіби құзырлығы, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Осыдан барып жетіктік іс-әрекеттің формасы, үлгісі (идеалы) ретінде көрініс табады. «Жетістік» адамның білімі, білігі мен дағдыларының қолдану саласын белгілейді. Құзырлығы қалыптасқан маман – кәсіби қалыптасу барысында жетіктік үлгісіндегі мақсатқа ұмтылуда белгілі бір міндеттер жиынтығына ие болатын маман.

4.Қарым-қатынас – кәсіби шығармашылық іс-әрекеттің құрамдас бөлігі

Қазіргі таңда зерттеуші-ғалымдар қарым-қатынастың түрлі аспектілерін жан-жақты қарастыруда. Бұл феноменнің философиялық негіздері ретінде В.С. Библердің, М.М. Бахтиннің, М.С. Коганның, Ж.М. Абдильдиннің, Қ.А. Абишевтің, Ш. Қасабековтың және тағы басқа ғалымдардың құнды еңбектерін атауға болады. Ал педагогикалық ғылымдар саласында қарым-қатынас мәселелері А. А. Леонтьевтің, А. А. Бодалевтің, А.В. Мудриктің, В. А. Кан-Каликтің, Н.Е. Щуркованың, А.И. Щербакованың, В.А. Сухомлинскийдің, Ш.А. Амонашвилидің, С.Л. Соловейчиктің, А.Б. Добровичтің, И.А. Зимняяның, Я.Л. Коломинскийдің, А.А. Реанның т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Л.И.Рувинский болашақ мұғалімдерге кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың ерекшелігін байқату үшін мынандай тренинг ұсынады. Сабақта отырған барлық студенттер жұптасып кез келген еркін тақырыпта өзара 1-2 минут әңгімелессін. Уақыттары аяқталған соң отырғандардың ішінен біреуін ғана аудитория алдына шығарып сол айтқандарын көпшіліктің алдында қайталап беруі сұралады. Сонда кәсіби қарым-қатынас пен жәй қарым-қатынастың айырмашылығы тез сезіледі. Атақты педагог А.С.Макаренконың мынандай сөздерін есте сақтаған абзал: «Біз көп жағдайларда дұрыс сөйлей алмаймыз. Мұғалім сөйлегенде оның сөзінен оның мәдениеті, еркі, саналылығы байқалып тұруы керек. Бұған әдейі үйрену қажет».Тағы бір ескеретін жағдай адамдардың өздеріне жақын адамдармен әңгімелесулері қызықтырақ болып, ал бейтаныс адаммен тез әңгімелесіп кетудің оңай еместігі. Ал жас мұғалім үшін өзіне таныс емес балалар сыныбына келгенде олармен қарым-қатынасты дұрыс орнату тіпті қиынырақ болуы мүмкін. Сондықтан балалар аудиториясын жақсы біліп, жақсы танып, жақсы көру арқылы ғана педагогикалық қарым-қатынастың табысты нәтижесіне қол жеткізуге болады.

В.А.Сластенин *педагогикалық қарым-қатынас* деп педагог пен оқушылардың арасындағы өзара әрекеттерінің мақсаты мен мазмұнынан туындайтын қатынастарды орнатып дамытуды, өзара түсінушілік пен әрекеттестікті ұйымдастырудың күрделі процесін атайды. Педагогикалық қарым-қатынаста педагог жетекші рөл атқарады, себебі ол баламен болатын қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін алдын ала көптеген педагогикалық міндеттерді анықтайды, сол міндеттерді шешудің тиімді жолдарын іздестіреді. Қарым-қатынасқа байланысты қойылатын міндеттер *коммуникативтік міндеттер* деп аталады. Педагогика ғылымында коммуникативтік міндеттерді шешудің негізгі кезеңдері анықталған:

- қарым-қатынас жағдайын бағдарлау кезеңі (мұғалім сыныптың мандай екенін, олармен қандай стильде сөйлесу керек екенін, қандай оқушыларға сөйлеудің қандай әдістерін қолдану керек екенін анықтайды);
- өзіне көңіл аударту кезеңі (пауза, сөз арқылы көңіл аударту, қимыларқылы - кесте көрсету, т.б.);
- тыңдаушылардың қарым-қатынасқа даярлығын анықтау кезеңі (тыңдаушылар

аудиториясындағы қарым-қатынаста жағымды психологиялық ахуалдың барын не жоғын анықтайды);

- вербальдық қатынасты орнату кезеңі (ақпаратты ең тиімді жолмен ұғынықты, логикалық жүйелі түрде сөйлеу);

- мазмұнды және эмоционалды кері байланысты ұйымдастыру кезеңі (тіл құралын дұрыс қолдану, ақпаратты баяндаудың логикалығы, монологтың орнына диалогтық қатынас орнату, сұрақтар қою арқылы аудиторияның зейінін тақырып көлемінен алшақтатпау, қызықты проблемалық сұрақтар қою, оқушылардың түсінген не түсінбегенін, қабылдау деңгейлерін анықтау). Педагогикалық қарым-қатынас түрлері. Адамның күнделікті өмірінде қарым-қатынастың сан-алуан түрлері кездеседі. Психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибеде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастар мынандай негізгі төрт түрге бөлініп қарастырылады:

1. Вербальды қарым-қатынас;
2. Вербальсыз қарым-қатынас;
3. Интерактивті қарым-қатынас;
2. Перцептивті қарым-қатынас.

Вербальды қарым-қатынас - бір адамнан екінші адамға не болмаса бір топ адамдар арасындағы *сөз арқылы* ақпараттармен алмасу процесі. Сөз адамдарға ғана тән, аса маңызды құдіретті күш және вербальды қарым-қатынастың негізгі құралы.

Адамның сөйлеу шеберлігі арқылы оның дүниетанымының кеңдігін, ақылдылығын, мәдениеттілігін, тәрбиелілігін, тіпті мінезін де байқауға болады. Сондықтан көптеген адамдардың сөйлеу шеберліктерінің жетіспеушілігі олардың осал жерлері болып табылады. Сөздік қарым-қатынас адам миының үлкен жарты шарларының жұмысымен байланысты. Адамның әрбір сөзі бір нәрсені білдіреді, яғни оның мазмұны бар. Қарым-қатынасқа қатысушы адамдар айтылған сөзді жақсы түсініп қабылдаулары үшін олар бір тілде (*қазақ, ағылшын, орыс т.с.с.*) сөйлесулері керек. Сонымен қатар әрбір айтылған сөз ұғынықты, анық, әсерлі болуы маңызды. Сөздің қысқа да нұсқа болғаны дұрыс себебі әр адамның үлкен көлемді ақпаратты қабылдауында, оны меңгеріп санасына сіңіруінде өзіндік ерекшеліктері болады. Сөйлеу барысында, әсіресе мұғалімнің сабақты түсіндіруі кезінде, тілінің мәдениеттілігі үлкен роль атқарады. Мұғалімнің сөйлеу интонациясының, дауыс ырғағы мен оның қойылымының өзін дұрыс ойластыру қажет, себебі сөздің қандай көңіл-күймен айтылып тұрғандығы да маңызды. Мысалы А.С. Макаренко балаларға *«Кел мында»* деген сөзді оншақты түрде дауыс ырғағын өзгерте отырып, әр- түрлі көңіл күй жағдайына сәйкестендіріп айта алған. Өте қатты дауыс - адамның жүйкесіне әсер етеді, өте ақырын дауыс - жалықтырып, қалғытып, тез шаршатады. Адамның сөйлеу жылдамдығын да қадағалап отыру қажет. Ең жоғары сөйлеу жылдамдығы минутына -120 сөз. Сөйлемдер арасында пауза - үзілістер жасау арқылы адам тынысын түзейді. Сонымен қатар, мұғалімнің сөйлеу мәдениетінің негізгі көрсеткіштерінің бірі тілдің байлығы мен тазалығы, оны басқа тілдермен араластырмай, алаламай сөйлеуі құлаққа жағымды естіледі, және педагогтың абыройы мен беделін жоғарлатады. Кейбір адамдарда сөйлеу барысында қисынсыз бір сөздерді қыстырып сөйлеу әдетке айналып кеткен. Мысалы, *«яғни», «әрине», «демек», «ана барғой», «жалпы», т.б.* сөздердің орынсыз қайталана беруі тыңдаушыларға жақсы әсер береді деп айту қиын. Керісінше бұндай сөздердің көп қайталануы адамның сөз қорының аздығын немесе сөйлеу мәдениетінің төмендігін аңғартады. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін адам арнайы жаттығуы қажет. Сөздік (вербальдық) қарым-қатынас арқылы ғылыми ақпараттарды бала санасына жеткізуде нақты тәжірибеден алынған мысалдар, қызықты фактілер, орынды мақал-мәтелдер тыңдаушылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың назарын тақырыпқа шегелей түседі. Вербальды қарым-қатынас екі түрге бөлінеді: аксиалды және ретиалды. *Аксиалды қарым-қатынас* - ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу процесі (*мұғалім және жеке бір оқушы арасындағы қарым-қатынас*). Ретиалды қарым-

қатынас - ақпаратты *бір* адамнан *бір топ* адамға жеткізу процесі (мұғалім және сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынас). Қарым-қатынастың нәтижелері оны ұйымдастыру орнына (*сынып іші, аудитория, дала, табиғат, мейрамхана т.б.*), өткізілу уақытына (*таңертең, түсте, кешке, түнде*) адамның жас ерекшеліктеріне, мінездеріне байланысты әр түрлі болады. Осыған орай қарым-қатынас жасауда оның орны мен уақытының алатын рөліне байланысты мынандай мысалдарды қарастырайық. Мысалы АҚШ-та көптеген ірі компанияларда кабинеттердің есіктері бәрі шыныдан жасалған. Олар бәріне ашық, міне біз жұмыс үстіндеміз дегендей. Ал немістер ондай жерде жұмыс істей алмайды. Олар ашық есікті де ретсіздік деп санайды. Сонымен қатар қарым-қатынасты ұйымдастыруда әңгімеге қатысушылардың үстел басында орналасулары да, тыңдаушылар мен баяндаушы арасындағы ара қашықтық та дұрыс ескерілуі керек. Тым алыс отырған тыңдаушының зейінінің шоғырлануы төмендеп сейіле бастайды. Ал егер баяндаушы да, тыңдаушылар да өзара жақын, салыстырмалы түрде бірдей қашықтықта орналасса олардың тығыз қарым-қатынастары тиімді нәтижеге жеткізетіні анық. Бір үстел басында отырған адамдардың қарым-қатынасы күштірек болатынына байланысты кейбір манызды семинар, мәжілістердің «дөңгелек үстел» басында өткізілу себебі де осы идеяға негізделген. Мұғалімдер тәжірибесінде әр жастағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуге тура келеді. Өзімен бірге істейтін әр жастағы әріптестері, оқушылар, олардың ата-аналары, ата-әжелері педагогтың коммуникативтік қабілеттеріне деген талапты күрделендіре түседі. Жас мұғалімдер үшін аталып отырған адамдар категориясында әсіресе оқушылармен қарым-қатынас жасаудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен сан-алуан тәсілдерін жан-жақты меңгеру қажет. Аксиалды қарым-қатынас ретіалды қарым-қатынасқа қарағанда анағұрлым қарапайымырақ, себебі бір адаммен сөйлесу бір топ адаммен сөйлесумен салыстырғанда әлде қайда жеңіл.

Вербальсыз қатынас - мимика, ым-ишара, пантомимика арқылы *сөзсіз* қарым қатынас.

Мимика - адам бетінің бұушық еттерінің қимыл-қозғалыстары арқылы оның психикалық жағдайының, сезімдерінің, көңіл-күйінің көрінісі.

Ым-ишара (жест) - қарым-қатынас барысында адамның психикалық көңіл-күйіне байланысты қолдарының белсенді қимыл-қозғалыстары

Пантомимика - қарым-қатынаста адамның қолының, денесінің, аяқтарының қимылдарының қатысуы. Вербальды қарым-қатынасқа қарағанда вербальсыз қарым-қатынастан көбірек ақпараттар алуға болады. Өмірде естуге қарағанда адам көру арқылы көбірек ақпарат алады екен. «*Мың рет естігенше бір рет көргенім артық*» деген мақал осыған байланысты айтылған. Белгілі профессор Альберт Мерабиан вербальсыз қарым-қатынас жайында жасалған бақылаулары бойынша қарым-қатынастағы негізгі үш фактордың маңыздылығына тоқталады:

Не айтылғанының-7%;

Қалай айтылғанының—38%;

Дене қимылдарының - 55% ақпарат қабылданады. Сөйлеу барысында адамның мимикасы, іс-қимылдары да қатысып тұратыны белгілі. Қарым-қатынас барысында адамның бет-әлпеті, әсіресе көзі көп ақпарат береді. Көзі арқылы да адамның қандай көңіл күйде екенін түсінуге болады. Халықта «*Көз - адам жанының айнасы*» - деп тегін айтылмаған. Қоршаған дүние туралы ақпараттың 80% адам көру арқылы ала алады. Сөйлесу барысында адамның көзін көріп тұрмасақ бізге әңгімемізді жалғастыру қиынырақ. Мысалы сіздің әңгімелесушіңіз көзіне қап-қара көзілдірік киіп отырса сіз оның көзін көрмегендіктен бір ыңғайсыздықты сезінесіз. Немесе мынандай мысалдарды салыстырып көрейік.

1. Мұғалім өзі оқитын лекциясын магнитофонға жазып аудиторияға әкеліп қосып кетсін.
2. Мұғалім өзі аудиторияда тақта алдында лекция оқып тұрсын.
3. Мұғалім тақта алдында емес, артқы парта жақта тұрып лекциясын оқысын.

4. Мұғалім өзі лекция оқып тұр, бірақ көзінде қап-қара көзілдірік киіп алған болсын. Қай жағдайда лекция жақсы қабылданады? Неліктен? Өз жауаптарыңызды түрлі мысалдармен негіздеңіздер.

Көзқарастардың өздері әр түрлі болып ажыратылады. Мысалы: төмендегідей көзқарастарды әр адам күнделікті қарым-қатынаста кездестіреді:

- Көзді үлкен ашып қарау - таң қалғанда, қуанғанда кездеседі.
- Тура қарау - адамға деген қызығушылықты, құрметті, онымен сөйлесуге дайындығын көрсетеді.
- Қабақты түйіп қарау - ашуланғанда, ренжігенде, бір нәрсеге ызасы келгенде.
- Алысқа қарау - ойлау, бір нәрсеге күмәндағанда байқалады.
- Қиғаш көзқарас - бақылап қарау, бір нәрсеге риза болмағанда кездеседі.
- Көзін көрсетпей, темен қарау – кінәлі болғанда, бағынышты болғанда.

Педагогикалық қарым-қатынас стилі - педагогтың өз шәкірттерімен әрекеттесуінің дербес-психологиялық ерекшеліктері. Әр мұғалімнің балалармен қарым-қатынас орнатуында өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Осы ерекшеліктеріне байланысты әр мұғалімнің кабинетке кіруімен бірге оқушылар сыныбында әр түрлі психологиялық ахуал орын алады. Педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарында қарым-қатынастың мынандай стильдері топтастырылған: авторитарлық, либералдық, демократиялық,

1. *Қарым-қатынастың авторитарлық стилінде* мұғалім оқушылардың қызығушылықтарын ескерусіз өзі ғана шешім қабылдайды, оқушылардың пікірлері маңызды болып есептелмейді, олар тек мұғалімнің айтқанын, нұсқасын орындаушылар ретінде қабылданады. Оқушыларға ешқандай еркіндік берілмейді, олар үнемі бағынышты, тәуелді позицияда болып, педагогикалық ықпалдың объектісіне айналады. Мұғалімнің дауыс ырғағында бұйрық беру, қатал тәртіп орнату, өктем сөйлеу, қысым жасау сияқты қасиеттері басым болады. Мұндай қарым-қатынас барысында оқушылардың тұлға ретінде дамуына көп кедергілер кездеседі және ұстаз бен оқушылар арасында көптеген түсініспеушілік, шиеленіс, қарама-қайшылық жағдайлары кездеседі. Мұнда мұғалім: «Менің айтқаным заң», «Мен бұйырамын, сендер орындайсыңдар» деген позицияны ұстанады.
2. *Қарым-қатынастың либералдық стилінде* мұғалім өз бетінше шешім қабылдаудан бас тартып, жауапкершілікті оқушыларға, әріптестеріне ысырады. Мұғалім тек оқыту процесімен шектеліп балалардың тәрбиесіне көп көңіл аудармайды, оқушыларды өз беттерінше жібереді. Бұндай қарым-қатынас стилі бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің сыныбында үлгерім де, тәртіп те қанағаттанарлықсыз болады. Мұғалім балалар ұжымының дамуына, жеке оқушылардың даму мәселелеріне немқұрайлы қарайды, қиын жағдайлардан құтылу үшін қатты талап қоюдан бас тартып ешқандай белсенділік, шығармашылық танытпайды. Оқушылардың тәрбиесі, дамуы қадағаланбайды, қарым-қатынас барысында ынтымақтастық, түсінісушілік болмайды. Мұғалім «Сен тимесең, мен тимеймін», «Қалай болса, солай болсын» деген позицияны ұстанады.
3. *Қарым-қатынастың демократиялық стилінде* оқушы мен мұғалім педагогикалық қарым-қатынастың тең құқылы субъектілері ретінде қарастырылады. Оқушылар мен мұғалім ынтымақтастық қарым-қатынаста болады, оқушылардың жеке пікірлері есепке алынып, олардың белсенділіктері, шығармашылықтары жоғары бағаланады. Өзара қарым-қатынастары кеңес беру, ақыл айту, өтініш, сенім арту сияқты формалар арқылы іске асырылады. Мұндай стиль оқушылардың тұлға ретінде дамып қалыптасуына, олардың субъектілік позицияға ие болуына, гуманистік қатынастардың

орнығуына, жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасуына әсері көп. Бұл стильді ұстанатын педагогтар оқушылардың көңіл-күйін, психологиялық жағдайын түсінуге, олардың мүмкіншіліктерін жетістіктерін дұрыс бағалауға, оларға дұрыс құндылықтық бағыт-бағдар беруге тырысады. Осындай мұғалімдердің басқаруымен жұмыс істейтін оқушылар да өз беттерінше жұмыс істеуге дағдылану, жауапкершілік, шығармашылық, өзінің қабілеттерін дамытып іске асыру ерекшеліктері жиі байқалады. Бұл стиль бойынша жұмыс істейтін мұғалім: «Бәріміз бірге жоспарлаймыз, бірігіп орындаймыз, бірігіп жетістікке жетеміз» деген позицияны ұстанады. Н.Н.Ханның зерттеуінше мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде *ынтымақтастың қарым-қатынасты* іске асыруға даярлығы мынандай компоненттерді қамтиды:

1. Педагогикалық іс-әрекетке деген кәсіби ынтаның болуы.
2. Оқу процесінде оқушы тұлғасын қалыптастыруға қажетті білім көлемінің болуы.
3. Педагогикалық процестің қызметіне жағымды әсер беру мақсатындағы кәсіби іскерліктер жиынтығы.

В.А.Кан-Калик мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың мынандай топтамасын анықтаған:

1. Бірлескен шығармашылық іс-әрекетке әуестену негізіндегі қарым-қатынас (мұғалім оқушыларды шығармашылыққа ынталандырады, балалар мұғалім соңынан қалмайды).
2. Достық ықылас негізінде құрылған педагогикалық қарым-қатынас (мұғалім оқушының ересек жолдасы ретінде қарым-қатынаста болады, татулық, достық қатынас орнайды).
3. Дистанциялық қарым-қатынас (түрлі әлеуметтік рөл атқаруларына байланысты оқушы мен мұғалім арасында такты дистанция сақталады, мұғалімнің жетекші ролі орын алады).
4. Қорқыту арқылы қарым-қатынас орнату (мұғалімнің өктемдігі басым болады, балалар үнемі мұғалімнің ұрсуынан үрейленіп жүреді).
5. Балалармен жұмыс істеген кезде әзіл-қалжыңға негізделген қарым-қатынас (балаларға ұнау үшін жас мұғалімдер қалжыңдасып сөйлеуді ұстанады, бірақ бұл дұрыс нәтижеге жеткізбейді).
6. Мұғалім шәкірттер алдында өзінің артықшылығын көрсетуге бағытталған қарым-қатынас (мұғалім тек өзінің беделімен ғана айналысады, үнемі өзінің балалардан жоғары екенін дәлелдеуге тырысады).

В.А.Кан-Каликтың зерттеуінше педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік даму динамикасы бар, ол түрлі сатылар бойынша іске асырылады:

- Сабақты не іс-шараны өткізуге дайындалу процесінде болатын қарым-қатынасты жобалау сатысы {жоспар құру, қарым-қатынастың моделін құру};
- Қарым-қатынасты тікелей ұштастыру сатысы (қарым-қатынастың алғашқы кезеңі, «коммуникативтік шабуыл» жасау).
- Қарым-қатынасты басқару сатысы (оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқару, ойларын жетектеу, іс-әрекет түрлерін ауыстырып отыру қарым-қатынасқа бөгет болып тұрған психологиялық кедергілерді азайту).
- Педагогикалық қарым-қатынастың барысын және нәтижелерін талдау сатысы (қорытынды сатысы, кері байланыс арқылы қарым-қатынас нәтижесін бағалау, қарым-қатынастың тиімділік деңгейін анықтау).

Бірінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық шеберлік пәнінің ғылымдар жүйесіндегі маңыздылығын талдаңыз.
2. Педагогикалық шеберліктің мазмұны мен міндеттеріне талдау жасаңыз.
3. Педагогикалық шеберлік мазмұнын саралауға қажетті көрсеткіштеріне баға беріңіз.
4. Педагогикалық шеберлік негізі – шығармашылықтың маңыздылығын көрсетіңіз.

5. Педагогқа қойылатын талаптар туралы А.В.Луначарскийдің және Н.К.Крупская «Мұғалім туралы» еңбегіндегі критерийлерге салыстырмалы талдау жасаңыз.
6. А.И.Щербаков пен Н.В.Кузьминаның педагогикалық шеберлік туралы ойларын талдаңыз.
7. Кәсіби мәдениет ұғымының мәнін ашып көрсетіңіз.
8. Педагогикалық шеберлік пәні мен нысанының ғылым ретінде дамуының қазіргі сатысындағы басты міндеттерін салыстырмалы талдаңыз.
9. Ю.П.Азаров тәрбиешінің шеберлігінің маңызы туралы айта келіп, оның мәнін қалай сипаттады.
10. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
11. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы оқытушының тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты екендігін түсіндіріңіз.
12. Педагогикалық шеберлік мынандай жүйелерге бөлінеді: педагогтық іс-әрекетіндегі гуманистік бағыттылық кәсіптік білгірлік, педагогтық іс-әрекетіне бейімдік, педагогтық техника ұғымдарын сипаттаңыз.
13. Біліктілік ұғымының мәнін ашып, түсініктеме беріңіз.
14. «Кәсіби құзыреттілік» ұғымының педагог шеберлігін шыңдауға қосатын үлесін талдаңыз.
15. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі қандай компоненттерден тұрады?
16. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі 6 шартына тоқталыңыз.
17. Педагог мамандардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың 8 деңгейіне сипаттама беріңіз.
18. Кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің құрамдас бөлігі - қарым-қатынас екенін талдаңыз.
19. Педагогика ғылымында коммуникативтік міндеттерді шешудің негізгі кезеңдерін салыстырмалы сипаттаңыз.
20. Психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибеде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастар негізгі төрт түрге бөлініп қарастырылуын (вербальды қарым-қатынас, вербальсыз қарым-қатынас, интерактивті қарым-қатынас, перцептивті қарым-қатынас) түсіндіріңіз.
21. Педагогикалық қарым-қатынас стильдерін атаңыз.

II. Педагогикалық мәдениет мұғалімнің кәсіби қызметінің маңызды сипаттамасы ретінде

1. Педагогтің сөзі тәрбиелік ықпал ету құралы

А.С.Макаренко «Оқушылар – сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, жас ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек», - деп жазды. Сөйлеу кезінде адамның адамгершілік қасиеттері, ерік жігері мен қажыр-қайраты немесе жалтақтығы да аңғарылып қалады. С.М. Торайғыров өз кезінде, «шүлдірлеп, жолжандап, жығылып-сүрініп жүруге болмайды, ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сағынышы, онда дәм де, мән де болу керек», - деген. Тілдік қабілеттер - өз ойлары мен сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті. Ауызша сөйлеу ерекшеліктері. Сөз әрекетінің психологиялық құрылымына: мақсаты, мазмұны, формасы, әдістерін жатқызуға болады.

Сөз - мұғалім мен оқушылардың тіл табысу құралы. Сөйлеу мәдениеті - оның элементтері. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз. Ол үшін мұғалім сөйлеу мәдениетін жетілдіру үшін, сөйлеу техникасын меңгеруге күш жұмсауы керек. Мұғалім сөзі айқын анықтылығымен, ақылға қонымды, дәйекті дәлелдігімен, тыңдаушыларды

баурап алып кететідігімен жұртқа үлгі болуы тиіс. Оның сөзі оқушыларға өтімді болып, әсер беру үшін дауыс ырғағының, сөйлеу сазының зор мәні бар. Сөйлеу кезінде мұғалімнің адамгершілік қасиеттері, ерік-жігері, қажыр-қайраты, жалтақтық мінезі аңғарылып тұрады. Сондықтан мұғалім таза сөйлеуге, сөз тіркестерін орынды қолдануға, өзін-өзі күтуге, өзгені құрметтеуге айрықша мән береді. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті оқушыны өз міндетін үгіттемей-ақ түсінуге, мектепте тәртіпті сақтау үшін арнайы тәрбие жұмыстарын жүргізуді және мұғалімнің бұйрық беріп, балаға өктемдік жасауын болдырмайды. Сөйлеу мәдениеті тілдің тазалығын сақтаумен тікелей байланысты. Мұғалімнің сөз қорында жаргондар, диалекті, ескірген, басқа тілдің сөздері орын алмауға тиіс. Мұғалімнің тілі әдеби тілдің нормасына сәйкес болуы керек. Жиі-жиі кейбір сөздер қайталанбауға тиіс. Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуы болса, оқытушының сөйлеу тілінде сөз бен сөз тіркесін, сөйлемді дұрыс қалыптастыра білу үшін ой тиянақтылығы, әсерлілігі, сөз дәлдігі, сөйлемдердің өзіне тән әуені, ырғағы, үні, интонациясы, т.б. сөйлеу тілінің сапасын арттыруы қажет. Сөздерді айтудағы дыбыс өзгерістері орфоэпиялық нормаларға сай болғанымен, жазуда олар ерекше жағдайда ғана болмаса, орфографиялық ережелер бойынша жазылады. Орфографиялық нормалардың ғылыми негізі – сөз құрамының дәстүрлі қалпын бұзбай, дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпалы, ығыспалы заңдылықтарын біліп, орфоэпиялық нормаларды сақтап сөйлеу оқытушының сөйлеу сапасын арттырады. Мәселен: Сарыарқа, Ағжар, Ағбота, өртау, өзөн, тұрұс, жұмұшшұ, Жетіғара т.б. Оқытушының сөйлеу тілінің сапасы мен студенттің қабылдаған білімі, оның сөйлеу әуені, үні, айту заңы дұрыс қалыптасуы керек. Ол үшін кез келген мәтінді не кеспе қағаздарды оқығанда дауыс ырғағын келтіріп, сөздің анық, түсінікті болуын естен шығармау керек. Оқытушы тілінен кездесетін кемшіліктердің бірі – сөз арасында жиі кездесетін: жаңағы, яки, яғни, және мінекей, жалпы, маған, иә, мәселен, әлгі, т.б. қыстырма сөздердің қайталануы. Студент ондай жағдайда сабақ тыңдамай “жаңағы” деген сөзін оқытушы бірнеше рет айтты деп санап отырады. Ол студенттерді де, тыңдаушыны да мезі етеді.

Оқытушы тілінде кездесетін кемшіліктер және мыналар:

- диалект, жаргон, кейбір қолданыста жоқ, әдебинормаға жатпайтын сөздерді жиі қолдану;
- барғын, айтқын, жазғын, келген;
- келгентұғын, келгемді, айтқамды;
- келгентұғым, айтқантұғым;
- кесей, айтсай;
- баралық, жазалық, көрелік;
- -ыншы, -інші формаларын дұрыс пайдаланбай “жиырманшы” деп қолдану;
- аудитория жағдайында дәл емес, тұспалдап жеткізуде бірқатар сөздердің беретін мағынасын дұрыс айтпау. Ұстаздың басты мақсатының бірі – студенттің тілін дамыту. Бұл өмір талабынан, тұрмыстық қажеттіліктен туындайды. Қоғамдық мәдениет өскен сайын өмірдің сан-саласында қолданылатын тілдің мәдениетіне қойылатын талап та күшейе түсері анық. Ол үшін студенттер тілін ауызша да, жазбаша да дамытуды алғашқы кезден бастап қолға алу керек. Студенттердің сөз тіркесін, сөйлем құрылысын, морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолдана білуі тіл мәдениетінің негізін арттыруға үлес қосады.

Студенттердің білімді тереңдету негізінде тілді жетілдіру жолдары мынадай:

1. Тілдік терминология. Тілдік терминологияны терең меңгеру үшін негізгі және қосымша әдебиеттермен, сөздіктермен жұмыс істеу керек. Қос тілді сөздіктермен, анықтағыштармен жұмыс істеу ерекшеліктері де үлкен.
2. Мамандыққа дайындауда ғылыми-зерттеу жұмысының орны. Курстық және дипломдық жұмыстарды дайындау, материалдарды жинақтаудың және картотека жүргізудің тиімді тәсілдерін іздеу.
3. Курстық және дипломдық жұмыстарды қорғауға қойылатын талаптарды орындау. Тілді қадірлейтін мәдениетті оқытушы әрбір сөзді өз орнымен, стилдік шеберлікпен

қолданады. Стил дегеніміз – белгілі бір қатынастың түрінде тілдік единицаларды сұрыптап пайдалану арқылы ойды жеткізу мәнерінің көрінісі. Демек, стил тілдің бәріне тән құбылыс. Қазақ әдеби тілінің екі түрі бар: ауызша сөйлеу стилі және кітаби жазба стилі. Шетелдік мамандар стилді жіктеуге байланысты түрлі пікірге ие. Мысалы, Р.Будагов ауызекі-жазбаша, ғылыми-көркем әдеби стил деп бөлсе, М.Кони́на ресми-әдістемелік, тұрмыстық іс-қағаздар, ғылыми-техника, т.б. стилдер бар дейді.

Қазақ стилистикасын зерттеуші ғалым жоғарыдағы пікірлерді есепке ала отырып, тілдің өзіндік ерекшеліктерін ескере келіп, тілімізде мынадай стил бар деп есептейді: сөйлеу стилі, кітаби-жазба, іс-қағаздар стилі, ресми стил, публицистикалық стил, ғылыми стил.

Лектор халыққа білім негізін берумен қатар халықты тіл мәдениетіне баулиды, сондықтан олар қарым-қатынас жасау құралы, шындықты жеткізу құралы – тілдің ойды білдіру мүмкіншіліктеріне, тіл мәдениетіне қанық болуы керек. Ол тілді өткір де әсерлі, икемді де бай ету қамын жасау керек. Жұрт алдында сөйлеу өте қауіпті әрі қиын жұмыс. “Сөйлей-сөйлей шешен” болған кісілер де кейде үлкенді-кішілі аудиторияға келіп, көпшілікке қарап тіл қатқанда, жүрегі алып – ұшып тұрады. Оның себебі, “айтайын деген ойымды қатесіз, дұрыс айта аламын ба, тыңдаушыларды менің сөзім қанаттандыра ма?” деген уайым қыстайды. Оның үстіне аузына қадала қарап жаудыраған көп көздер, оның әр сөзін сынай қабылдайтыны белгілі. Тыңдаушылар алдында өзін-өзі дұрыс ұстай алмаған кісінің сөзі де өтімді болмайды, сондықтан мінбеде ұстамды болу, қобалжымау, сасқалақтамау – сөйлеушілерге қойылатын басты талаптардың бірі. Сөйлеуге алдын ала ұқыпты дайындалған, не айтатынын, қалай айтатынын, тілдік амал-тәсілдерді қалай пайдаланатынын әбден көңілге қондырып алған кісі қысталаңның құлы болмайды, өзін нақты ұстап, еркін сөйлейтін болады. Тыңдаушыларды бірден өзіне тарта, еліктіре алады. Дауыс булығып шығып, бірсыдырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болсақ, айтқаның қаншама маңызды болғанмен, тыңдаушыларды тез жалықтырады, олардың көңілі басқаға ауып кетеді. Сөйлеу дауысы құбылмалы әрі ойынды белгілі қисынды байланыста сөйлемдердің бірін-бірі тудырып тұрғандай етіп сөйлеу керек. Сөйлемдер арасында табиғи байланыс болмаса, тыңдаушы ондай сөзден нәр ала алмайды, көпшілік алдында жақсы сөйлеудің ең негізгі шарты – даярлық. Дәрістің мазмұны, құрылысы, формасы алдын ала жоспарланып, қағазға жазылып дайындалуы тиіс. Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері жағымды болмақ. ән сияқты дұрыс айтылған сөз де құлақтан кіріп бойды алады. Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні “сөзі мірдің оғындай екен” деп дәріптейді. Ал қабілеті жоқ адам ынжық “аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр” деп сынайды. Сөйтіп, сөзді қалай болса, солай айта салмай, сөйлеуде оның мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар. Жалпы тіл өнеріне, шешендік өнерге, дұрыс сөйлеу, дұрыс оқу өнеріне үйрететін орынның бірі – жоғары оқу орны.

2. Сөз мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының маңызды құралы.

Ана тілін жақсы білу, сол тілде таза сөйлеу де мәдениеттілік. Ана тілін, оның байлықтарын бағаламау – қарым-қатынас жасаудың, ойды айтудың, жеткізудің құралы тілді бағаламау деген сөз. Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, “бөгде” сөздерді араластырмай сөйлеу. Жөн-жосығы, тіпті керегі жоқ жерде өзге тілдің сөздерін пайдаланып сөйлеу айтайын деген ойды түсініксіз етеді. Тілдегі орашалақтық, оспадарсыздық – ой жүдеулігінің белгісі. Ойы саяз адамның көпшілігі бос сөз болады, күнгірт ойлы кісілердің сөзі айқын, таза болмайды. Көмескі, күнгірт сөзді желді күнгі қаңбақ секілді ешкімнің көңілінен қоныс таппақ емес. Кәсіби қарым-қатынасты қалыптастыруға негізделген Н. Бакланованың “Личность в профессиональных видах деятельности и общения” талдауында кәсіби шеберлік психологиялық феномен ретінде оның пәні мен құрылымы, кәсіби шебер жеке тұлғаның қалыптасуы (жеке адамның іс-әрекеті, жеке адамның қарым-қатынасы, кәсіби шеберліктің психологиялық құрылымы) көрініс тапқан. “Сөйлеу” тақырыбында маңызды сөйлеудің психологиялық сипаты мен қатар ойлау негізі, сөйлеудің түрлері қарастырылады. Болашақ оқытушы аудиторияда сөйлейді, ол тек ойы мен сезімін жеткізіп қоймай, тыңдаушылардың ойы мен

сезіміне әсер етуі қажет, олардың қызығуын арттыра отырып, психологиялық байданыста болуы керек. Көрнекті ғалымдар сөйлеу өнерінде көңіл бөлу психологиясы мен тыңдау психологиясына баса назар аударады. Сөздің негізгі қызметі – қатынас. Мәдениет пен қарым-қатынас әдеби тыңдаудың тиімді шарты болып табылады. Тыңдаушының ұстанған бағытындағы, қатынасындағы саналы және санадан тыс ақпарат алмасудың үш түрі бар: шынайы тіл, бейнелі ойлау, сенсорика. Ауызша сөйлеудің негізгі ұстанымы – қарым-қатынастық бағыт. Сөйлеуді оқытуды, сөйлеу іс-әрекеті жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Өз ойын айту және біреуге жеткізу – болашақ маманның кәсіби талдауының алғашқы шарты, сонымен бірге оның интеллектуалдық кәсіби ойлауының қалыптасуының негізі. Қарым-қатынас қоғамда үлкен рөл атқарады. Қатынассыз оқу үрдісі, тәрбие, жеке адам дамуы, адамдар арасындағы қатынас, басқару, қызмет ету, ғылыми және басқа іс-әрекет мүмкін емес. Қарым-қатынас мәселесі көп аспектілі. Ол көптеген ғылымның зерттеу көзі: философия, әлеуметтану, лингвистика, этнография, психология, педагогика, т.б. Жоғары оқу орнына өз пәнін, түрлі әдістемелік құралдарды толық меңгерген, педагогикалық – психологиялық дайындығы бар, мәдениетті, шығармашылыққа бейім, студентті түсінетін және оларға жұмыс барысында әсер ететін шебер педагог керек.

2. Педагог имиджі мәселесін зерттеудің теориялық негіздері

Имидж ағылшынның «image» сөзінен алынған, «образ», «түр», «келбет» сөздерінен шыққан. Бұл кез келген нәрсенің, адамның эмоционалдық образын, мінез-құлқын көрсетеді. Өз имиджін қадағалау бұл адамды өзіне қарату. «Имидж» түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғам назарының және ғылыми талдаудың пәні болды. 90 жылдардың ортасында имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілеріне арналған, имидж жайында алғашқы отандық өңдеулер Р.Ф. Ромашкина, Е.И. Манякина, Е.В. Гришунина, П.С. Гуревич, Ф.А. Кузин және т.б. еңбектерінде жарық көрді. Имидж – тұлғаның өзін-өзі әрекеттеуімен ерекшеленеді. Ол, оқытушыға өткен кезеңдегі жоғары статусты қайтып алуына көмектеседі. Имидж адамды танымдылық пен бағалық қатынастар ретінде көрсетеді. Адамның бүтін келбетін сипаттайтын сыртқы және ішкі аспектілерді атап кету қажет. Сыртқы аспект көптеген элементтерден құралады, аяқ киіммен бастап бас киімге дейін. Ол, адамның бет-әлпеті, киімі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, дауысы. Осы тұста стилистің, визажистің көмектері қажет. Имидждің ішкі аспектісі ерекше маңызға ие, оның менталитеті, зерделілігі, қызығушылықтары, талаптары, мән-мазмұны шеберлігі. Ежелгі Қытай ойшылы Конфуцийдің айтуынша, адам аяғынан басына дейін өлшенбейді, басынан көкке дейін. Осы ерекшеліктерді тартымды образды құру процесінде есепке алу қажет. Сонымен қатар, адамның энерго ақпараттық өрісі бар, оның құрылымы мен әрекеттесуі зерттеледі. Приборлардың көмегімен зерттеу жұмыстарының нәтижелері сыртқы шарттардың, жағдайлардың түрлі өзгерулеріне байланысты адамның энергетикалық өрісінің өзгеруі көрсетілген, жеке тұлғалық ерекшеліктердің адамдар арасындағы әсер ету күштері мен шамалары өлшенеді. Имиджге жұмыс барысында қоршаған ортамен сөзсіз позитивті бағаланатын құндылық ерекшеліктері таңдап алынды. В.М. Шепельдің айтуынша адамның имиджі оның бойындағы өткен тәжірибелерден жинақтала отырып, күрделі жүйелі білімі болып табылады. Ол бүтін сипаттамаға иеленіп барлық қырлары келісілген. Имидж – белгілі бір адамда нақты қалыптасқан болса, пікір де сондай айқын болуы мүмкін: имидж адамның тек сыртқы түріне қарап қалыптаспайды, сонымен бірге психикасына да тәуелді. Пікір бағалау негізінде, темперамент, мінез қасиеттерімен және алғашқы әсерден пайда болуы мүмкін. Сондықтан бұл терминдер «имидж», «пікір» мазмұны жағынан мағыналас. Бұлардың айырмашылығын келесіден көруге болады: «имидж» сөз тіркесінде дұрыс қолдану типі «адам имиджі» (педагог-психолог, адвокат имиджі) деп қолданылады, ал пікір сөз тіркесінде «адам пікірі» деп пайдалану керек. Сонда өзінің имиджін қалыптастыру немесе өзі туралы пікір қалыптастыру болып шығады. Басқаша айтқанда, имидж – бұл сізден, ал пікір –

басқалардан. Имидж табиғаты, типтері, мазмұны мен түрлері, құрылымына тоқталсақ назарымызды мына нәрселерге аударуымыз қажет. Біздің әрқайсысымыз белгілі бір бейнені жасаймыз. Бұл имидж – адам туралы қалыптасқан ұғым-түсінік. Мұғалім имиджі олардың: сыртқы бейнесінен, әдетінен, сөйлеу мәнерінен, ұлттық және өзіндік санасынан, ұлттық менталитетінен, іс-әрекетінен, мінез-құлқынан жасалған оны қоршаған әлеуметтік ортаның ой пікірінен құралады. Әлеуметтік шындықты өзгертуге бағытталған ақпараттық қоғамның табиғаты өзгеруде, оның адамға деген талаптары және адамның қоғамға деген талаптары жоғарылауда. Өкінішке орай, депутаттарды сайлау имидж мамандарының қолына жиі түсуде. Елдің бірқатар, аймақтарында стереотипті манипуляциялау, жасанды имидж қоғамның сұранысына жауап бере алмай жатады. Имиджді құрушы имиджмейкерге оның кәсіби шеберліктеріне үкіметтің имиджі, өнеркәсіп ұжымының имиджді, жекелей тұлғаның имиджіне байланысты. Үкіметтің имиджі елді тиімді басқаруға көмектеседі. Педагогикалық ұжымның имиджі жекелей тиімді білім алуға көмектеседі. Жекелей тұлғаның имиджіне ұжымның имиджі байқалады. Тұлғалардың шетелдерге саяхаттау, жұмыстар атқару, қызмет істеу барысында сөзсіз жайлы ұғым пайда болады. Қазіргі кездегі соңғы басылымдарда, әдебиеттерде педагогтың кәсіби имиджі жайлы өте көп айтылып жүр, имиджді қалыптастыру процесі кімге байланысты және педагогикалық іс-әрекеттің табыстылығына қалай әсер етеді? Педагог бейнесі оқушылар есінде ең әсерлі сәттермен сақталып қалады. Өскелең жас ұрпақтың сезім, жігерінің қуатты күші болатын, адам қызықты, жан-дүниесі бай болуы керек. Педагог имиджін қалыптасыру үшін өзімен жан-жақты жұмыс жасауы керек. Оқушы өмірінің көп бөлігі оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын мектептің оқу тәрбие үрдісінде өтеді. Әлеуметтік және балалық шақтан алған әртүрлі әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Педагогтың жеке басы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады. Сонымен қатар ойлау, іс-әрекет бейнесі, сөйлеу мәнері және тыңдай білу де басты болып табылады. Оқушылары мен әріптестерінің алдында өзін-өзі ұстай білуі педагог имиджі болып саналады. Егерде оқушы педагогтың жеке тұлғасына қызықпаса пәнге деген қызығушылығы да болмауы мүмкін. Басқа мамандық иелерінен педагогтың ерекшелігі оның қоғамдық мақсатында. Педагог оқушылар мен ата-аналар үшін басты тұлға болғандықтан, оған қойылатын талапта әрқашан жоғары. Қазіргі кезде тартымды қалыптасқан педагог имиджі педагогикалық іс-әрекеттің негізгі табысты бірден-бір жағдайы. Педагог өзін қалай көреді және оны оқушылары қалай елестетеді? Мектеп әкімшілігі мен оқушылар сыйлау үшін және іс оңға басу үшін не істеу керек? Оқушылар мен ата-аналардың алдында педагог тартымды, сымбатты, әдемі, мейірімді болуы керек. Сыртқы имиджді құраушыларға: мимика, дауыс күші мен дауыс ырғағы, костюм, қимыл, сөйлеу мәнері жатады. Педагог имиджі – мұғалім, оқытушы бейнесінің тәрбиеленушілер, әріптестер және әлеуметтік жұртшылық санасында, бұқаралық санада қабылданудың стереотипі. Педагог имиджінің қалыптасуында нақты сапалар тығыз байланыста болады, бұл оқушының, студенттің, ата-аналардың, жұртшылықтың ол туралы ойынан туған бейнесі. Имиджді құраушылар туралы қарастырсақ: біріншіден, адамның өзі, оның әлеуметтік ортада өзі туралы қандай мәліметтерді жеткізу мақсатында әрекеті, айналсын дағуларға қандай қырынан көрінетіндігі. С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде: «Имидж дегеніміз – ой-пікір, тұжырым, бір нәрсе туралы берілген көзқарас, қатынас» делінген. «Имидж» мағынасын түсіну әртүрлі құрамды бөліктерден құралады. Бұл бөліктерінің ең маңызды төртеуін қарастырайық:

- Кәсібилік және әділдік. Педагог талантты тұлға болуы қажет. Бірақ тәжірибе көрсеткендей 100 адамның 99-ы өз талантын көрсетуге мүмкіндігі жоқ және өмір бойы басқа іспен айналысады.

- Педагогтың адалдығы. Адамзат тәжірибесінен шыққан моральді ережелер бойынша өмір сүру керектігін ұғынады, ал әдепсіз болса өз нәтижесінің тұтқынында болады және оның идеялы –барлығы рұқсат етілгендік. Біздің қоғамға өзін-өзі жетілдіре алатын, ең алдымен рухани тұрғыдан жетілдіре алатын әдепті, тәрбиелі, адал педагог өте қажет. Ол назарын барлық адамзат мәдениетінің байлығын алу керек, яғни оның кең гуманитарлық білім алуы міндетті.

- Педагогтың гуманитарлық білімі. Ф. Достоевскийдің ойынша, гуманитарлық дамығандық адамның кез келген мамандықты игеруін жеңілдетеді. Осы атақты жазушының адалдығынан атақты адамдардың өмірінен көптеген мысалдар дәлел болады. Гуманитарлық мәдениет арқасында адам сезімдік немесе рационалдық өңдей отырып, өзіне әртүрлі мәлімет таңдау мүмкіндігіне ие болады.

- Педагог психотехнолог болуға міндетті. Психотехнология – бұл адамдарды басқаруда психологияның техниканы практикада қолдану жөніндегі ғылым. «Психотехнология» терминін өз құрамында 3 құрамдас бөлігі бар: «психо», «техно», «логия» оны талдағанда «психотехнологияның» мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Грек тілінен аударғанда «психо» – жанды, «техно» – өнер, шеберлік дегенді тура білдіреді, ал «логос» – сөз, оқуды білдіреді.

Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне байланысты. Жалпы имидждің құрамына төменде көрсетілген элементтерді жатқызуға болады:

– Қызметтік қарым-қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану) – визуальді белгілер – бойдың, дене бітімің, шаш үлгісінің үйлесімділігі.

– Өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар – тіл табыса білу қабілеті ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі. Сонымен, педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады: жеке және тұлғалық қасиеттер, коммуникативтік қасиеттер, кәсіби іс-әрекеттің және мінез-құлықтың ерекшеліктері. Жаңа қоғам педагогтың имиджіне жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы ұстаздың бойында өзгермейтін мынандай қасиеттер бар: балаларды жақсы көру – мейірімділік – шынайылық – тілдесе алу икемділігі.

Сыртқы имиджді құраушыларға:

- мимика,

- дауыс күші мен тембрі,

- костюм,

- қимыл,

- мәнер. Айналаңыздағы адамның санасындағы сіздің бейнеңіз туралы көзқарас. Ол сізбен жүздесуден кейінгі сыртқы кейпіңіз бен өз - өзіңізді ұстауыңыздың тәрбиелік мәні мен сөйлесу мәнеріңіз арқылы қалыптаспақ. Сыртқы бейнеміздің үйлесімді әсер қалдыру үшін вербалды және вербалды емес қатынас қажет:

• Мәнерлі сөйлеу

• Көндіре білу

• Стиль мен киім түсінің психологиялық әсерін білу

• Тұрған тұрысқа, мимикаға және мәнерге көңіл бөлу

• Шыдамдылық

• Көргіштігі

3.Өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімнің шығармашылық кәсіби дайындығының құралы

Өзін-өзі тәрбиелеу - бір мақсатқа сәйкес адамның өз тұлғасын өзі қалыптастыруы, адамның өзін дамытудағы маңызды күштердің бірі. Ол тәрбие процесімен тығыз байланыса отырып жеке тұлғаның қалыптасуын нығайта түседі. Көптеген психолог-педагогтардың зерттеулері бойынша жеке тұлға қоршаған ортаны өзгертудегі белсенді күштердің бірі ғана емес, сонымен қатар ол өз тұлғасын өзгертуде де үлкен рөл атқарады.

Бұл мәселемен тікелей айналысқан А.Г.Ковалев, А.И.Кочетов, Л.И. Рувинский т.б. болған. Өзін-өзі тәрбиелеу процесінде адам тәрбиелік процестің белсенді субъектісі ретінде қарастырылады. Әр адамның өз өмір жолына көз жүгіртіп, өткен-кеткенді ой елегінен өткізіп, болашағына үңіліп көрген сәттері болған шығар. Өміріндегі кейбір сәтсіздіктердің себебін анықтауға байланысты ойларға терең бойлап, өз мінез-құлқын, көзқарастарын өзгертуге ұмтылу әр адамның өмірінде кездесетін жайттар. Бірақ бұндай құлшыныстар кейбіреулердің іс-әрекеттерінде жалғасын таппай жоғалып, ал басқаларын зор жетістіктерге жеткізіп жатады. Өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі адам баласында әуелі бастауыш сынып жасынан-ақ байқалады, бірақ бұл процесс жасөспірімдік кезеңде өте жиі кездеседі. Бұл қажеттілік бірдей жастағы балалардың бәрінде біркелкі кездесе қоймайды, ол адамдардың психологиялық ерекшеліктеріне, олардың жалпы талаптарды орындауға деген даярлықтарының деңгейіне байланысты. Қай кезден бастап бала өзін-өзі тәрбиелей бастайды? Педагогикалық тәжірибеде оқушылардың өзін-өзі зерттеулері әсіресе жеткіншек жаста көп байқалады. Оны осы жастаты балалардың түрлі үйірмелерге қатысып, өз күштерін, қабілеттерін сынауларынан, өзара сауалнамалық сұрақтар құрастырып соған жауап жазуларынан, жеке күнделіктерін бастауларынан және тағы басқа өзгеше іс-әрекеттерінен аңғарамыз. Жеткіншек жастағы балалар өздерінің жеке «Менін» қалыптастыруға, көпшілік ішінде өзінің алатын орнын анықтауға тырысады және көптетен танымал тұлғаларға (артист, әнші, ақын, боксер, футболист, т.с.с.) еліктегіш келеді. Жеке тұлғаның дамуындағы ұжымның, әлеуметтік ортаның әсерін атақты педагогтар К.А.Гельвеций, Д.Дидро, Р.Оуэн жоғары бағалап, адамды өзгерту үшін оны қоршаған ортаны өзгерту керек деген идеяны негіздеп кеткен. Педагогика ғылымында жеке тұлғаны ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеудің жүйелі теориясы құрастырылып, оның даму заңдары тереңінен теория және практика тұрғысынан зерттелген. Осы ұжымда тәрбиелеу теориясының авторы белгілі педагог А.С.Макаренко болған. Қазіргі кезде педагогика ғылымында ұжым мүшелері арасындағы қарым-қатынастар, ұжымды басқару ерекшеліктері, ұжымдағы шағын топтардың пайда болуы, ұжымдағы шиеленістік жағдайлар және оны шешу жолдары сияқты мәселелер жан-жақты зерттелуде.

Сонымен, өзін-өзі тәрбиелеуде сыртқы педагогикалық талаптардың адамның өзіне қоятын ішкі талаптарға айналуы қажет екен, себебі өзін-өзі тәрбиелеу адам дамуының ішкі факторына жатады. Өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі - жеке тұлға дамуының негізгі формасы болып табылады. Адам өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезініп, өзінің зор мәнін жете түсінгенде ғана оның өзін-өзі тәрбиелеуге деген талпынысы күшейе түседі. Әрбір адам өз бойына өзі үңіліп, «Мен кімін?», «Мен қоғамға қандай пайда әкеле аламын?», «Менің өмірлік мақсатым қандай?» деген сұрақтарға жауап іздестіруге тырысуы керек. Бұл мәселе қазіргі көптеген ғылымдардың ең маңызды, көкейкесті сұрақтарының бірі. Ежелгі математиктердің бірі Фалес айтқандай: «Бәрінен де өзіңнің кім екеніңді білу қиын». Әрине, басқаларға жөн сілтеп, ақыл айтып, кеңес берген оңай, ал бірақ адамның бір нәрсені орындауға өзін-өзі көндіруі қиынырақ. Мысалы, көптеген адамдар темекінің басқалардың да, өзінің де денсаулығына зиянды екенін біле тұра сол жағымсыз әдеттерінен құтыла алмай қиналып жүреді. Ондай адамдар өз ерік-жігерін өз ырыққа көндіре алмайды, өздерін өздері билей алмайды. Әрине, өзін-өзі басқару, билеу оңай іс деп айтуға болмайды, десек те мынандай қанатты сөздерді есте сақтау көптеген жағдайларда адамның өз ерігін шыңдауға негіз бола алады. Адам өз бойында қандай қасиеттерді қалыптастырып, қандай жағымсыз жақтарынан арылғысы келетінін нақты біліп, сол бағытта табанды түрде өзімен жұмыс істеуі керек. Мысалы, кейбір адамдар өздерімен көп жұмыстар жүргізіп, әр түрлі жағдайларда өздерін сынап ұялшақтық, тұйықтық, жасқаншақтық сияқты қасиеттерінен арылып, жетістіктерге қол жеткізіп жатады. Адамзат тарихында өзін-өзі тәрбиелеу арқылы үлкен жетістіктерге жетіп, көпшілікке танымал болған адамдар аз емес. Бірақ ондай табысқа жету үшін ерінбей еңбектену, жалықпай жаттығу қажет. Эдисон айтқандай: «Данышпан - бұл 1 процент шабыт, 99 процент - тер төгу». Осындай адамдарды мысалға келтірсек Ольга Скороходова көзі көрмей, құлағы

естімей, тілі сөйлемейтін болса да тәрбиешілердің көмегімен, алдына белгілі мақсат қойып, тынымсыз жұмыс істеу нәтижесінде төрт мүшесі сау адамдар жете алмаған жетістіктерге жеткен. Өзін-өзі тәрбиелеуде кітап оқудың да ролі маңызды. Кітап арқылы біз өте қызықты адамдармен танысамыз, соларға қарап жақсы болуға тырысамыз, кітаптарды оқу арқылы өзімізді әдепті ұстауға, қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыруға үйренеміз. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары да адамның жалпыадамзаттық мәдениетке енуіне ықпал жасауда. Деректі фильмдер, ұлы адамдар өмірбаяндары, түрлі кездесулер, шығармашылық кештер, спектакльдер, мәдени-танымдық бағдарламалар т.б. іс-шаралардың барлығы адамның өз тұлғасын дұрыс қалыптастыруына бағыт-бағдар беруі мүмкін. Б.Б. Айсмонтастың пайымдауынша өзін-өзі тәрбиелеу - дамуды қамтамасыз ететін ішкі рухани факторлар арқылы бізге дейінгі ұрпақтардың асыл тәжірибесін меңгеру процесі. Адамның ішкі қабілеттерінің, күш-жігерінің мүмкіндігі өте зор. Кейбір адамдарда мектепті нашар бітірген балалар жоғары оқу орындарында да орташа студенттер қатарынан аса алмайды деген теріс көзқарас қалыптасқан. Болашағын алдын ала болжап жастарға мұндай тұжырымды айту, әрине, орынсыз, себебі ең нашар оқыған балалар да жеке басын жан-жақты өрістете алады. Мысалы, аты әлемге әйгілі ғалым Альберт Эйнштейн мектепте үлгермеушілер - қатарында болған. Көрнекті ғалым-физик Исаак Ньютон физика сабағынан үлгермейтін болатын. Гоголь бала кезінде шығарманы тек орташа ғана жаза алған, Щедриннің өз қызына жазып берген шығармасына «2» бағасы қойылып, «орыс тілін білмейсіз» деп жазылған екен, Шаляпинді консерваторияға қабылдамай тастаған. Бұл мысалдарға қарап біз адамның қабілеттілігі жас кезінде де, едәуір ересек кезінде де қалыптасуы мүмкін екенін аңғарамыз. Сондықтан да «менің қолымнан ештеңе келмейді, мен ешнәрсеге жарамсызбын» деп өз қабілетіңіздің дамуына шек қоюға асықпаған жөн. Адамның ішкі әлеуетінің, мүмкіндіктерінің ауқымы өте кең, өмірде өзіне лайықты жұмыс таппайтын адам бар дегенге сенудің өзі қиын. Қоғамда қаншама кәсіп түрлері, қаншама өнер түрлері, қаншама еңбек пен іс-әрекет түрлері бар болғанымен солардың ішінен өзіне лайықты, жарасымды орнында таба білу тіпті де оңай іс емес. Сондықтан - «талансыз адам жоқ, өз орнын таппайтын адам бар» деген дұрысырақ болар. Адам өзінің табиғи күш-қуатын, ерік-жігерін, ой-өрісін, зор мүмкіндіктерін барынша дамытып жақсы игі істерге қол жеткізуі үшін асқан төзімділік, шыдамдылық, ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеуге машықтануы қажет. Адам санасында өз өміріне басқалардың емес, өзінің жауапты екенін түсінуі, ар-ұлт, намыс, адамгершілік сезімдерінің басым болуы, өмірлік мақсатына жетудегі табандылығы мен құлшынысы оның өзін-өзі тәрбиелеуіне демеу болатын негізгі тетіктер. Психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде өзін-өзі тәрбиелеу әдістері әр түрлі топтастырылып келеді. Өзін-өзі тәрбиелеудің толып жатқан әдіс-тәсілдерінің көпшілігі Абайдың қара сөздерінде де жан-жақты қарастырылатыны мектеп қабырғасынан шыққан әрбір оқушыға таныс. Педагогика ғылымында Б.Б. Айсмонтас өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін және тәсілдерін ажыратып қарастырады және оларды үлкен үш топқа бөліп жіктейді: өзін-өзі тану, өзін-өзі меңгеру, өзін-өзі ынталандыру әдістері. Ал өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдеріне адамның өз тұлғасын жетілдіру мақсатында өз алдына нақты міндеттер қоюын, ол міндеттердің орындалуы бойынша өткенді ой таразысына тартып өзіне есеп беруін, олардың орындалмауының себептерін анықтауын, өзін арнайы қадағалау негізінде айқындалған өз бойындағы өзгерістерді жүйелі түрде тіркеп жазып жүруді жатқызады. Өзін-өзі тәрбиелеудің аса көп қолданылатын әдістеріне тоқталып өтейік. Өзін-өзі тәрбиелеудегі бастапқы әдістердің бірі адамның өзін-өзі бағалауы. Гете айтқандай: «Өзіңді өз қабілеттеріңнен жоғары бағалаудың керегі жоқ және өзіңді кемсitudің де керегі жоқ». Мысалы, жас мұғалім өзіне төмен баға берген болса, ол балалар алдында қобалжып немесе балаларды басына шығарып аламын ба деген оймен оларға айқайлап, басқарудың авторитарлық әдісіне жүгінеді. Тым жоғары берілген баға да адамды басқалардан алыстатып жібереді, ұжым ішінде жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға бөгет жасайды. Ондай адам мақтаншақ, кеудемсоқтық, т.с.с жағымсыз қасиеттерімен

көпшіліктің көңіліне жақпай қалады. Ал өзін-өзі бағалау нақтыдан сәл ғана жоғарырақ болса ол адамның жаңа деңгейге көтеріліп отыруына көмектеседі. Өзін-өзі бағалау сол сәттен жағдайларға тікелей байланысты болады. Мысалы, аудиторияға өте жақсы киініп келген адам кірсе, студенттер өздерінің киім киюдегі эстетикалық талғамдарын төмен бағалаған, ал керісінше киімдері үтіктелмеген, қарапайым киінген кісі кіргенде, студенттер өздерінің сыртқы пішіндерін жоғары бағалаған. Өзін-өзі қадағалау басқа адамдармен қарым-қатынас жасағанда, өзін сабырлы ұстай білуге, басқалардың кемшіліктеріне кешірімді, қателіктеріне шыдамды болуға көмектеседі. Мысалы, кейбір адамдар балалардың шулағанын көтермей ашуланады, бірақ оданда қатты күн күркіреуі ол адамды сондай қатты ашуландырмайды. Яғни мәселе адамның Сол ызалалықты тудыратын объектіге өзінің қандай қатынаста екеніне байланысты екен. Өзін-өзі қадағалау қиын жағдайларда ашуға жол бермей өзін-өзі ұстай алуға итермелейді. Адам үшін өз сезімдерін басқарып, оны уақытында тежей алу жаттығуды қажет ететін күрделі психикалық процесс екеніне келісу керек. Өзін-өзі иландыру адамның өзіне қажетті бір қасиеттерді қалыптастыруда жақсы көмектеседі. Адам қатты ауырғанда көңілін басқа жаққа бұрып, басқа іспен айналысып кетсе ауырғаны уақытша болсын азаяды. Сенека айтқандай «ауыруды ойлай берсең ол үлкейе береді». Островский, Кант, Паскаль т. б. өз ауыруларына көп көңіл бөлмей тек өздері сүйетін шығармашылық істермен айналысып, адамзат тарихында өшпес іздерін қалдырған. Өзін-өзі иландыру арқылы адам көптеген жағымсыз қылықтарынан арылуыша болады. Өзін-өзі иландыруға қарағанда өзіне-өзі бұйырық беру өзіне сын тұрғысынан қарауға бөгет жасамайды, керісінше, өзін жан-жақты бағалауға ықпал береді. Өзін-өзі иландыру мен өзіне-өзі бұйырық беру адамның өзін меңгеруіне көмектесуімен қатар, олардың арасын жеке бастың саналы және санасыз әрекетіне жіктейді. Дейл Карнеги айтқандай «Дәл бүгін», «Дәл осы сәттен бастап» -деп адам өзіне жақсы мақсаттарды қойып соны орындауы керек. Мысалы, «дәл бүгін мен өзімнің денсаулығымға көңіл бөлемін, дәл бүгін мен біреуге бір жақсылық жасаймын, дәл бүгіннен бастап мен өзімді қолға аламын, өзімді тәрбиелеймін», «бұл менің қолымнан келеді» деп өзіне уәде беріп серттесе, ондай адамның іс-әрекеті нәтижесін күттірмейді. Сонымен қатар болашақ ұстаздарға өздерін-өздері тәрбиелеуге мүмкіншіліктерін зерттеп көру үшін В.Пекелистің ««Адам қабілетінің қайнары» атты кітабына жүгінулеріне болады. Адам өзіне-өзі бұйырық беру, өзін-өзі иландыру арқылы жақсы жетіле алады. Өзіне-өзі бұйырық беру көбінесе төтенше жағдайларда орын алады. Аталған тәсілдердің барлығы психология заңдылықтарымен, адамның миының физиологиялық құрылысымен түсіндіріледі. Ұлы неміс педагогы А.Дистервег «Өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімнің барлық өмірінің негізгі міндеті» - деген. Әр адам өзіне не қажетті екенін өзі ғана біледі, ол өзіне-өзі ғана жақсы көмек көрсете алады.

К.Д.Ушинский өзін-өзі тәрбиелеумен жақсы айналысқан педагогтардың бірі. Ол өз тұлғасын жетілдіруде мынандай факторлар көмектескенін атап көрсетеді:

1. Сабырлық сақтау.
2. Түзу сөйлеу, түзу жүру.
3. Әрбір істі ойлап істеу.
4. Тез шешім қабылдай алу.
5. Өзі туралы қажетсіз ештеңе айтпау.
6. Өзіне ұнайтын нәрсемен шұғылдану.
7. Әрбір кеш сайын өзіне есеп беру.
8. Мақтанбау т.б. Ұстаздық жұмыспен айналысатын адамдар өзін-өздері тәрбиелеу арқылы ұстамдылыққа, шыдамдылыққа, сабыр сақтауға, өз ерігі мен эмоциясын басқаруға үйренеді және осылайша өз мінезіндегі кейбір жағымсыз жақтарынан арылады. Балаларға қалай болса солай ұрса салуға болмайтыны анық, сондықтан мұғалім өз ерігін өзіне бағындыра отырып байыппен әдепті сақтау негізінде педагогикалық қарым-қатынас орнатуға тырысады. Өзін-өзі тәрбиелеудің нақты бағдарламасын жасау және оны іске асыру өте жауапты да күрделі іс. Адамның жауапты міндеттерді шешуге тырысуы оның

өмірін бай, әрі мазмұнды ете түседі, ерік-жігерін шынықтырады. Қойылған мақсат орындалды ма, сағат сайын, күн сайын, апта сайын есеп беру қажет. Өзін-өзі тәрбиелейтін адамдар күнделіктер бастап жазады, өздерінің бойындағы өзгерістерді бақылап, жан-жақты талдау жасайды. Мысалы, өз бойыңыздағы ең үш жағымсыз жақтарыңызды дәптеріңізге жазыңыз:

1. Жалқаулық,
2. Көнгіштік,
3. Ұялшақтық. Өздігінен білім алу - адамның білім беру мекемелеріндегі жүйелі оқытудан тыс өздік жұмысы арқылы білім алу процесі. Мұғалімдердің өздігінен білім алулары олардың кәсіби біліктіліктерін жоғарлатудың негізгі формасы. Бұл бағытта мұғалімдер озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, мектептегі немесе тұрғылықты жердегі басқа кітапханалардағы әдістемелік әдебиеттермен танысып, өз жоспарлары бойынша жұмыс істейді. Өздігінен білімді жетілдірудің ұжымдық түрлері ретінде мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіру институттарын, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарын атауға болады. Өздігінен білім алу барысында жас мұғалімдер қазіргі жаңа педагогикалық технологияларды, білім берудің негізгі бағыттарын зерттеп олардың практикалық маңыздылығымен танысады. Өздігінен білім алудың атқаратын негізгі қызметтері ретінде М.Князеваның мынандай топтамасын келтіруге болады:

1. Экстенсивтік - жаңа білімдерді іздестіру, жинақтау.
2. Бағдарлық – мәдениет және қоғам ішінде өз орнын анықтау.
3. Компенсаторлық-мектептік білімнің олқылықтарын толықтыру, өз біліміндегі кемшіліктерді жою.
4. Дамытушылық - өзіндік сананы, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін, шығармашылық сапаларын дамыту.
5. Әдіснамалық - кәсіби біліктілігін, білімдерін жетілдіру, дүниенің тұтастығын түсіне алу.
6. Коммуникативтік - түрлі кәсіптер, ғылымдар, адамдар арасындағы байланыстарды орната алу
7. Шығармашылық — шығармашылық жұмысқа үйрену.
8. Жаңашылдық — қалыптасып қалған пікірлерге жаңаша көзқарастардың туындауы, ескілікті жою, стереотиптерден арылу.
9. Психологиялық - зиялы адамдар қатарынан екенін сезіну, өзін зиялылар қауымының бір бөлігі ретінде сезіну.
10. Геронтологиялық - жасы ұлғайған адамдардың өздігінен білімдерін жетілдірулері арқылы заманауи жаңалықтардан хабардар болып отыруы. Қазіргі ақпараттық қоғамда адам өздігінен білімін жетілдіріп отыруы арқылы бәсекеге қабілетті, еркін жан-жақты дамыған тұлға бола алады. Өздігінен білім алу процесінің құнды жақтарының бірі ретінде тұлғаның жеке танымдық белсенді іс-әрекетпен шұғылдануын атауға болады. Бұл процесте адам мақсат-міндеттерді өзі анықтайды, өзі білім алу құралдарын іздестіреді, өзі-өзіне мұғалім болып, өзін-өзі білімге жетелейді. Адамның өзін -өзі тәрбиелеуі оңайлықпен қолға түспейді. Жеке тұлғаның санасының оянуы, оның өзіндік «менің» сезіне бастауы, Абай тілімен айтқанда, бұл кісінің өзіне -өзі ұдайы есеп беруінен, өзін -өзі аңғара, байқай алу қабілетінен көрінеді. Өзіне -өзі үңіліп, өзіңді тізгіндеуге тырысу, белгілі мақсат көздеу – осы істегі шығармашылыққа бастапқы қадам.

Психологияда өзіндік қажеттілік ұғымын американдық ғалым Абрахам Маслоу енгізді. Бүгінгі педагогикада оның «өзіндік қажеттігін тану» өз мүмкіндігін, потенциалын жүзеге асыруға ұмтылу, өз қабілетін, талантың, яғни бойындағы барын іске асыру арқылы адам тұлға ретінде толық қалыптаса алады» деген пікірі аса құнды. Сонымен қатар, өз мүмкіндігін қажетіне айналдыра алатын адамды А.Маслоу кәдімгі өзіміз күнде кездестіріп жүрген адамдарымызбен қатар қоймайтынын тағы да былай дәлелдеп келтіреді. «орташа адам – ол өз дарынын, қабілетін, мүмкіндігін жылы жауып қойған, не басып тастаған адам». Оның теориясы бойынша адамның дамуы – екі жағы бар қажеттілік пирамидасына ұқсайды: бір жағынан элеуметтік тәуелділігі, екінші жағынан оның өз қажеттігін тани

алуына қатысты танымдық табиғаты. А.Маслоу жалпы қажеттіліктерді туа пайда болған деп, алғашқы үш деңгейді физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық қажеттілік ретінде қарастырады, төртінші деңгейді өзін - өзі құрметтеу, қадірлеу үшін атқарылатын әрекеттер ретінде, ал бесінші деңгей – шығармашылық қажеттілік, өз мүмкіндігін жүзеге асыру өзіндік қажеттігі деп есептейді. Адамның өзін-өзі тәрбиелеуге қабілеті берілмейді, оған үйрену керек. Тарихта әр бір ұрпақ адамдары өз заманының талаптарына сай келуі үшін өзін-өзі жетілдіруге тиіс болды. Әрбір адам өзін-өзі тәрбиелеуде ең алдымен оның мақсатын, әдістері мен тәсілдеріне, нәтижесін «технологиясын» меңгеруі тиіс. Бұл өзін-өзі тәрбиелеудің компоненттеріне жатады. Оларға тоқталмас бұрын өзін-өзі тәрбиелеудің қозғашуы күші туралы айта кетейік. Айталық, мектепке жаңа келген мұғалімде өз бетімен жұмыс істеуде көптеген қиындықтар туады. Оларды жеңу үшін жас маман өзін-өзі жетілдіріп, тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ең алдымен ол өз бойындағы сенімсіздіктен арылуы тиіс. Бұл кәсіби түрде өзін-өзі жетілдірудің алғашқы қадамы.

Кәсіби түрде өзін-өзі жетілдіру дегеніміз – ол қазіргі педагогикалық талаптарға сай келу үшін өзінің кәсіби және жеке қабілеттерін дамыту. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиеленуінің қозғаушы күші өзін-өзі жетілдіруге, өзгертуге деген мұқтаждық. Бұл мұқтаждықтың басты себебіне мектеп әкімшілігінің, ата-аналардың тұғалімге деген талаптарын жатқызуға болады. Мектептегі талаптардың өзгеріп отыруы мұғалімнің үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруын талап етеді. Өзін-өзі тәрбиелеу - өзіндік тұлғанды өзгертуге бағытталған жоспардан басталады. Бұл жоспардың негізінде өзіндік даму деңгейінде қойылатын талаптармен салыстыру жатады. Осыған негізделі отырып мұғалім өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған міндеттер жүйесін белгілейді. Осыдан кейін ғана өзін-өзі тәрбиелеу процесі басталады. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуге деген түрткілердің қалыптасуының бірнеше жолдары бар. Оның біріншісінде мұғалімнің өзін-өзі тәрбиеленуіне мектеп басшыларының талаптары, мектеп өмірінің стилі, яғни белгілі біреудің әсері итермелесе, екіншісінде мұғалімнің өзіндік қасиеттері, жауапкершілігі кәсіби мәртебесі итермелейді. Әрбір түрткінің жанында нақты мұқтаждық тұр. Мұқтаждық болмаған жағдайда өзін-өзі тәрбиелеудің түрткілеріне осы процеске деген мұғалімнің қызығушылығын жатқызуға болады. Бұл жағдайда жағымды эмоция үлкен роль атқарады. Өзін-өзі тәрбиелеуде мұғалім үлкен жұмыс атқарады. Сол еңбектің жемісті нәтижесінен алған қуаныш сезімі мұғалімнің есінде мәңгілік қалады. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуі үшін мектеп әкімшілігі де көмек көрсетіп қолайлы жағдай тудыруы қажет. Мысалы: жас мамандар өздерінің тәжірибелі әріптестерінің көмегімен өзін-өзі тәрбиелеудің кейбір элементтерін үйреніп, өзінің еңбектерінде жақсы нәтижелер бере бастайды, өзінде сменімдігі артып тәжірибе жинақтай бастаған маман өзін одан әрі жетілдіруге ұмтылады. Бұл өзін-өзі тәрбиелеуге деген тұрақты жағымды түрткілердің пайда болуына көмегін тигізеді. Өзін-өзі тәрбиелеудің түрткілерінің дамуында ең басты рольді мұғалім қызмет атқаратын ұжым алады. Егер мұғалімді қоршаған адамдары өзін-өзі үнемі тәрбиелеп отырғанын байқаса, ол да өзі тәрбиелеуге ұмтылады. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуге деген түрткілер өзін-өзі кәсіби түрде тәрбиелеуге бағытталған әрекет негізінде қалыптасады. Ғалым Рубинштейннің айтуынша өзін-өзі тәрбиелеуде жақсы нәтижеге жетудің басты белгісі: ол жақсы қасиеттерді жетілдіруге бағытталған әрекет емес, өзінің өмірлік маңызды міндеттерді шешуге бағытталған әрекеттер жиынтығы. Мұғалімдер бір-бірінен кәсіби дайындығымен ғана емес, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері мен де ерекшеленеді. Әрбір мұғалімнің мінезінде оқушылармен қарым-қатынас, жұмыс стилін анықтайтын кәсіби психологиялық ерекшеліктері болады. Оған әр жастағы оқушылармен жұмыстың жемісті болуы байланысты. Педагогикалық-психологиялық ерекшелік өзіндік жұмыстың даралық стилінің қалаптасуында үлкен роль атқарады. Сондықтан жұмыс істеу барысында мұғалім өзінің мықты және осал жақтарын білуі тиіс. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеу тұтас түрде жүруі тиіс. Ең алдымен мұғалім өзінің танымдық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік біліктерін жетілдіріп отыруы керек. Танымдық біліктерді -жетілдіру ең алдымен ақыл-ойымен ойлауын

жетілдіру болып табылады. Оның негізгі жолы ақыл-ой операцияларын: байқағыштықты, салыстыруды, талдауды, есте сақтауды, қиялды дамытатын жаттығулар. Коммуникативтік біліктілік – ол қарым-қатынас жасай білу үрдісі. Қарым-қатынастың негізгі тәсілдері: мимика, жест, сөз. Бұл біліктілікті жетілдіру үшін теориялық білім, одан кейін жеке дара практика және тәжірибе керек. Оған үйренуге болады. Ұйымдастырушылық білік – ол оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуы. Ғалым Л.И.Уманский бұл білікке төмендегі қасиеттерді жатқызады.

1. Жалпы психологиялық ерекшеліктері тұлғаның мақсаттылығы және ұйымдастыратын әрекетке дайындылығы;

2. Кейбір басқа да қасиеттері: белсенділігі, жұмыс қабілеттілігі, қарым-қатынасқа бейімділігі,

3. Тар мағынадағы ұйымдастырушылық қабілеттері; Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеу процесіне кедерге келтіретін және ынталандыратын факторлар бар. Мұғалімдер арасында жүргізген сауалнама негізінде жасалған диаграммаға жүгінсек: кедергі келтіретін факторлардың ішінен ең бірінші орынды бұрынғы тәжірибеде болған оқулықтар мен сәтсіздіктерге өкпе, одан кейін қаражаттың аздығы әсер етеді. Келесі кезекте өзіндік инерция, ұжым адамдары және басшылармен дұрыс қатынастың жоқтығы және денсаулық жағдайы. Оған қоса қоршаған адамдармен жағымсыз қарым-қатынас әсер етеді.

Мұғалімдерді өзін-өзі дамытуға ынталандыруда ең басты орынды бұл мәселеге басшылардың дұрыс қарым-қатынасы, жаңаны енгізе алу мүмкіндігі, өз-өзіңді оқыту мүмкіндігі алады. Одан кейінгі кезекте ұжымның әсері, сенімділік, жұмысқа қызығушылық, жауапкершілік тұр. Рефлексия – адамның өз санасындағы өзгерістер туралы ойлануы; әрекеттің жүру барысы мен аяқталуын қорытындылап баға беру үрдісі.

Кәсіби даму - өзін -өз жетілдірудің табиғи көрінісі. Оның ерекшелігі – қолы жеткен шығармашылық табыс арқылы өзін -өзі одан әрі дамыта беру мүмкіндігінде Кәсіби жетілуіне әсер ететін функциялар:

1. Дамытушылық функция.

2. Аксиологиялық функция

3. Фасилитациялық функция. Бұл оқыту процесіне қатысты барлық субъектілерді / басқа мұғалімдер, , ата – аналар, әкімшілік жәек т.б./ осы әрекетке тарту арқылы оқыту мен тәрбиені жетілдіру. Мұғалімнің аксиологиялық функциясының мәні оқушының бойына рухани, адамгершілік, өркениеттік секілді адамзаттық, әрі құндылықтарды сіңіру. «Фасилитация» сөзінің түбірі латынның «көмектесу» деген ұғымын білдіреді, яғни оқушыларға тікелей « пәндік білімді берудің» орнына оқушының өз бетімен ізденісін дамытуға, білімді игеру жолдарын іздестіруге көмектесу. Бұл жерде мұғалімнің « білімнің көзі, оны айтып берушілік» рөлі жойылып, оның орнынан сабақтағы оқушылардың ізденісін ұйымдастырушы, үйлестіруші, кеңесші қызметтері алға шығады,. Яғни, фасилитация- оқушыдағы бұрынғы бар / актуальды/ біліміне жаңа ақпарат қосылу арқылы оның жадында жаңа білімнің түзілуіне көмектесу»

4.Мұғалімнің кәсіби кемелдігі – іс жүзінде оқушыны әлеуметтік деңгейінде қалыптастыратын психология- педагогикалық және ғылыми – пәндік білімдері мен оларға сәйкес рухани биік парасат бейнесінің жоғары деңгейі. Мұғалімнің мамандық деңгейін көтеруге қойылатын талаптар:кәсіптік білім, біліктілік, дағды ,ізденіс, іске шығармашылық мән беру, жаңашылдық, ізгілік арқылы білім берудің сапасын жетілдіру.

Мұғалімдердің әдістемелік деңгейін көтеруге байланысты жүргізілетін жұмыстар: тәжірибе алмасу, озат, жаңашыл мұғалімдердің іс – тәжірибесін зерттеу, оны тарату, оқыту- тәрбиелеу жұмыстарының нәтижесін, тиімділігін анықтау, білімін үздіксіз жетілдіріп отыру, аттестациялау, категорияға бөлу, педагогтық оқуға, басылымдарға қатысу жұмыстары. Педагогикалық шеберлік сонымен қатар сан -салалы кәсіби әрекетті жүзеге асыруды нәтижелі ету үшін еңбексүйгіштік, балаға деген сүйіспеншілік, олардың ішкі дүниесін түсіну, таңдандыра, жобалай алу сияқты қасиеттердің болуын талап етеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік – кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі.

Педагогикалық әрекеттің шыңына апаратын баспалдақ – кәсібилік. Қоғамның жаңаруы мен дамуы барлық саладағы оның азаматтарының кәсібилілігіне байланысты. Осы мәселені терең зерттеген А.К. Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің мына төмендегі психологиялық критерийлерін анықтаған:

- 1.Объективті критерийлерге: мұғалімнің өз мамандығына сәйкестігі, сан және сападағы жоғарғы еңбек көрсеткіші
- 2.Субъективті критерийлерге: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес
- 3.Нәтижелі критерийлер: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырылады.
- 4.Шығармашылықтың критерийлеріне: мұғалімнің өз кәсібінің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегіне өзгерте алуы жатады.

К. Ю. Бабанский бойынша Педагогикалық кәсіби даму кезеңдері:

1. Кәсіптің негіздерін меңгеру ,ғылымда, тәжірибеде белгілі тәсілдерді тиімді пайдалана білу. (Кәсіби - Мұғалім)
2. Өзінің қызметінде ,тәжірибеде белгілі әдістерді қолданумен қатар , жаңа бір шешімдерді тауып еңгізу. (Жаңашыл- мұғалім)
3. Мұғалім жаңа бір идеялардың нәтижелігін бағалап, басқа мұғалімдер арасында тарата білуі . (зерттеуші - мұғалім).

3. Педагогикалық қабілеттер мен шығармашылықтың жалпы құрамы

Педагогикалық қабілеттер - мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы. Педагогикалық қабілеттердің мынадай түрлері сараланады: гностикалық (танып білу және одан ләззат ала білу), дидактикалық (түсіндіре білу, білім бере үйрете білу), коммуникациялық (қарым-қатынас, ынтымақтастық жасай білу), конструктивтік (оқу-тәрбие материалын іріктеп ала білу, жобалай, жасай білу), ұйыдастырушылық (шәкірттерін әр алуан қарекет түрлеріне еліктіріп, тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу), перцептивтік (баланың ішкі жан дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жай-күйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік), болжамдаушылық (педагогикалық көрегендік жасай білу, педагогикалық қызметтегі өзара әрекеттестік нәтижелерін болжай білу), суггестивтік (мұғалімнің эмоциялық, ерік-жігерлік иландырушылық ықпалы, нық айтылған жігерлі сөзбен қажетті әсер нәтижесіне жете білу қабілеті), экспрессивтік (мұғалімнің өзінің білімі мен сенімдерін эмоциямен әсерлі етіп айтып жеткізе білуі, артистизмі, дауыс ырғағы, ым, ишара, оңтайлылық элементтерін жетік меңгеруі). В.А. Крутецкийдің пікірінше қабілет ұғымының негізі ретінде екі көрсеткіш қызмет ететінін атап өтті: қызметті меңгеру жылдамдығы мен жетістіктер сапасы. Егер ол қандай да бір қызметті жылдам және табысты игерсе, басқа адамдармен салыстырғанда тиісті икемдер мен дағдыларды оңай иеленсе, орташа деңгейден едәуір асып түсетін жетістіктерге қол жеткізеді. Педагогикалық қабілет - бұл педагог тұлғасының жеке - психологиялық қасиеттері, олар қолайлы жағдайда педагогикалық қызметті игерудің табыстылығын және орындаудың өнімділігін барынша анықтайды. Педагогикалық қабілет келесідей қызмет түрін атқарады: экспрессивті, дидактикалық, перцептивті, ғылыми-зерттеу, авторитарлық, коммуникативтік, тұлғалық, ұйымдастырушылық, конструктивтік, мажорлық, гностикалық, психомоторлық және көңіл бөлу мен шоғырлану қабілеті. Педагогикалық қабілеттердегі жетекші қасиеттер: педагогикалық такт; бақылау; балаларға деген сүйіспеншілік; білім беру қажеттілігі. Н.В. Кузьмина педагогикалық қабілеттерді оқушылардың қабілетін дамыту мен қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қарастырады, яғни олардың

тәрбиеленушілерге және педагогтың өзіне деген екі есе қарым-қатынасы бар. Бастауыш сынып мұғалімдерінің қызметінде перцептивті қабілеттер оқушыны, оқушылар тобын, ата-аналарды танумен байланысты. Олар келесі біліктерде көрінеді: - оқушыны, оның даралығын түсіну; - мінез-құлқында, іс-әрекетінде жас ерекшеліктерінің көрініс табуы; - оқушылардың артта қалуын, оның дамуындағы бұзылушылықты байқап, олардың себептерін анықтау; - сыныптағы оқушылардың жағымды және жағымсыз қарым-қатынасын байқап, олардың себептерін талдау; - «қиын» оқушыны түсіну, нақты баланың «қиын жағдайдың» дамуына әлеуметтік факторлардың әсерін объективті бағалау; - оқушылардың ата-аналарын түсіну, отбасылық шағын орталықты, отбасылық тәрбие стилін объективті бағалау - адамның эмоционалдық жағдайын сыртқы белгілері бойынша дұрыс анықтау (мимика, қимыл, дауыс интонациясы). Шығармашылық ұғымы қоғамдық практика негізінде субъект пен объектің өзара әрекеті процесінде пайда болатын және дамиды тарихи-әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіріледі. Философиялық тұрғыдан шығармашылық бұл іс-әрекеттің объективтік заңдары негізінде адамның қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкес табиғи және әлеуметтік ортаны өзгертуге бағытталған іс-әрекеті. Қазіргі жағдайда шығармашыл педагог ғылыми психопедагогикалық ойлауы, педагогикалық шеберлігі жоғары, табанды, сыни талдай алатын, өз-өзін тәрбиелеуге кәсіби қажеттілік сияқты тұлғалық сапаларға ие зерттеуші. Бұл барлық сапалар мұғалімнің кәсіби шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайын екендігін сипаттайды.

Н.М.Шакирова педагогтың шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын оның тұлғалық қасиеттері және педагогқа тән сапалардың жетілуі деп түсінеді, атап айтсақ:

- шығармашылық белсенділіктің, дербестіктің болуы;
- шығармашыл тұлға ретінде білім, іскерлік, дағдыны игерумен қатар таным процестерін, еңбекті, қарым-қатынасты ұйымдастыру тәжірибесінің болуы деп көрсетеді.

Педагогикалық шығармашылық - білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие процесін жаңа тәсілдермен ұйымдастырумен ерекшеленетін адамның іс-әрекеті деп түсіндіріледі. Педагогикалық шығармашылықтың негізгі белгілері мыналар:

- жаңа нәрсе жасау немесе белгілі нәрсені тартымды етіп жетілдіру;
- іс-әрекет нәтижесінің ерекше, өзгеше болуы;
- шығармашылық пен өзіндік шығармашылықтың байланысты болуы, яғни шығармашыл тұлға өзінің мүмкіндіктерін жетілдіру мақсатында әрқашан өзімен жұмыс жасауы керек. Қоғамның ұдайы өсіп келе жатқан бағалы потенциалы бола тұра, педагогикалық мәдениет берілген бір нәрсе ретінде немесе материалдық тұрғыдан ескеріліп қойылған бір нәрсе ретінде қалыптаспаған. Ол тұлғамен педагогикалық өмірді белсенді шығармашылық меңгеру үрдісіне қосылу барысында жұмыс істейді. Мұғалімнің маманды-педагогикалық мәдениеті барлық мұғалімдерге мүмкіндік емес, ақиқат ретінде объективті болып келеді. Оны меңгеру педагогикалық іс-әрекеттің құндылықтары мен технологияларын шығармашылық пәндеуге қабілеті барлар арқылы жүзеге асады. Құндылықтар мен технологиялар шығармашылық іздеу мен тәжірибелік жүзеге асыру үрдісінде ғана жеке мәнге ие болады. Тұлға, мәдениет пен шығармашылықтың өзара қарым-қатынастарының мәселелері Н.А.Бердяевтің еңбектерінде көрініс тапты. Өркениет пен мәдениеттің өзара әрекеттесу ауқымды сұрағын қарастыра отырып, ол өркениеттің мәдениетке қарағанда әлдеқайда кәне және алғаш екендігіне сілтеді: өркениет әлеуметтік ұйымдық үрдісті білдіреді, ал мәдениет анағұрлым индивидуалды (жеке), тұлғамен, адамның шығармашылық актісімен байланысты. Мәдениеттің адамның шығармашылық актісімен құрылатындығында Н. А. Бердяев оның данышпандық табиғатын көрді: «Шығармашылық ол от, мәдениет оттың суытылуы». Шығармашылық акт субъективтілік кеңістігінде, ал мәдениеттің өнімі объективті өмірде болады. Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық мінезі мұғалім тұлғасының барлық психикалық салаларының (танымдық, эмоционалды, ерікті және мотивационды) күрделі синтезін шақыра отырып, жаңалығы мен

нәтижелерінің маңыздылығымен байланысты оқытушының ойлау іс-әрекетінің ерекше стилінің бар болуын аңғартады. Ондағы ерекше орынды спецификалық қабілеттер мен олардың кәрінісінде орын алатын дамыған шығару қажеттілігі алады. Осындай қабілеттердің бірі болып интегративті және жоғары дифференциалданған педагогикалық ойлау қабілеті болып табылады. Педагогикалық ойлауға қабілеттілік табиғаты және мазмұны жағынан дивергентті бола отырып, мұғалімге педагогикалық ақпараттың белсенді түрлендірілуін, педагогикалық ақиқаттың уақытша параметрлері шектерінен шығуын қамтамасыз етеді. Мұғалімнің маманды іс-әрекетінің тиімділігі білім мен дағдылардан ғана емес, педагогикалық оқиғада берілген ақпаратты әртүрлі тәсілдермен және тез арада шешу қабілетіне тәуелді. Дамыған парасаттылық мұғалімге бөлек бірлік педагогикалық фактілер мен құбылыстарды емес, педагогикалық идеялар, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу теорияларын тануға мүмкіндік береді. Рефлексстілік, гуманизм, болашаққа бағдар ұстау және оқушы тұлғасын маманды дамыту мен жетілдіруге қажетті құралдарды анық түсіну мұғалімнің парасаттылығының кіршіксіз дәлелі. Педагогикалық ақпараттың терең мағыналық түсінуін қамтамасыз ететін дамыған педагогикалық ойлау білім мен іс-әрекет тәсілдерін өзінің жеке маманды-педагогикалық тәжірибесі призмасынан өткізіп, маманды іс-әрекеттің жеке мағынасын қайта оралтуға көмегін тигізеді. Маманды іс-әрекеттің жеке мағынасы мұғалімнен жеткілікті деңгейдегі белсенділікті, басқару қабілеттігін, пайда болатын немесе арнай қойылған педагогикалық мәселелерге сәйкес өзінің мінезқұлығын реттеуді талап етеді. Өзін-Өзі реттеулік тұлғаның ерікті көрінісі ретінде мұғалім тұлғасының инициативтілік, дербестік, жауапкершілік және т.б. маманды қасиеттерінің табиғаты мен механизмін ашып көрсетеді. Психологияда қасиеттері ретінде орнықты, әртүрлі оқиғаларда қайталанып отыратын индивидтің мінезқұлық ерекшеліктерін түсінеді. Бұл орайда Л. И. Анцыферованың жеке қасиеттер құрамына өзінің мінез-құлқын оны тудыратын себептерге сәйкес ұйымдастыру, бақылау, талдау мен бағалай алу іскерлігін қосу көзқарасы көңіл аударады. Оның ойынша, қандай да бір мінез-құлықтың неғұрлым әдетті болуы, соғұрлым сол іскерлік жалпы, автоматтандырылған, қысқартылған. Қасиеттер генезисінің мұндай түсінімі бұл пайда болулар негізі ретінде негізінде пайда болатын психологиялық доминантты күйлерімен іс-әрекеттің бүтін актілерін таныта алады. Шығармашылық тұлғаны тәуекелділікке бел буу, көзқарасының тәуелсіздігі, импульсивтілік, танымдық «қазымырлық», пікірінің критикаға бейімділігі, қиял мен ойдың батылдығы, қалжыңқойлығы мен әзілге бейімі және т. б. сипаттайды. А. Н. Лукпен бөліп көрсетілген берілген қасиеттер нағыз еркін, дербес және белсенді тұлғаның ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Педагогикалық шығармашылық бірқатар ерекшеліктерге ие (В. И. Загвязинский, Н. Д. Никандров): ол уақыт пен кеңістікте регламенттелген. Шығармашылық үрдістің сатылары (педагогикалық ниеттің пайда болуы, мағынасының жүзеге асырылуы, құрылуы және т. б.) бір-бірімен уақыт ішінде қатаң байланысқан, бір сатыдан басқасына жедел өтуді талап етеді; егер жазушы, суретші, ғалымның іс-әрекетінде шығармашылық акт сатылары арасында үзіліс мүмкін, кейде қажет болса, мұғалімнің маманды іс-әрекетінде ол мүлде жоққа шығарылған; оқытушы уақыт ішінде нақты тақырып, тарауды талдауға жіберілген сағат санымен шектеулі. Оқу жұмысы барысында сапасы, ең дұрыс нұсқасын таңдау, берілген ерекшелікке, педагогикалық мәселелерді шешу психологиялық спецификасына байланысты шектелетін жоғары сапалы шешім қабылдауды талап ететін болжамданған және болжамданбаған оқиғалар пайда болады; Оқытушының шығармашылық іздеулерінің нәтижелері уақытының созылуы. Материалды және рухани іс-әрекет аумағында оның нәтижесі бірден материалданады және қойылған мақсатпен сәйкестендірілуі мүмкін; ал мұғалімнің іс-әрекетінің нәтижелері оқушылардың білімінде, дағдыларында, іс-әрекет формаларында көрініс табады және салыстырмалы және бөліктеніп бағаланады. Мұғалімнің дамыған аналитикалық, болжамдық, рефлекссті және тағы да басқа қабілеттері бөлікті нәтижелері негізінде оның маманды педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесін алдын ала көріп, болжауға мүмкіндік береді. Маманды іс-әрекетте мақсат бірыңғайлығына негізделген

педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқушылармен, әріптестерімен шығармашылық үйлесуі. Оқытушылық және оқушылық ұйымдардағы шығармашылық іздеудің атмосферасы қуатты стимулды фактор болып келеді. Мұғалім белгілі бір білім саласындағы маман іспетінде оқыту үрдісі барысында өзінің оқушыларына маманды іс-әрекетке шығармашылық қатынасты көрсетеді; мұғалімнің шығармашылық педагогикалық потенциалы көрінісінің оқу үрдісінің әдістемелік және техникалық қамтамасыздандырылуынан тәуелділігі. Стандартты және стандартты емес оқу-зерттеу құрал жабдықтар, техникалық қамтамасыздандыру, мұғалімнің әдістемелік дайындығы және оқушылардың бірігіп іздеуге психологиялық дайындығы педагогикалық спецификаны сипаттайды; мұғалімнің жеке эмоционалды-психологиялық күйін басқара алуы және оқушылар іс-әрекетінде адекватты мінез-құлықты шақыру. Оқытушының оқушылармен қарым-қатынасты шығармашылық үрдіс, диалог ретінде, олардың ынтасын және өнертапқыштығын жоймай, толық шығармашылық өзін-өзі табуына жағдай жасайтындай ұйымдастыру қабілеті. Педагогикалық шығармашылық әдетте ашықтылық жағдайында іске асырылады; сынып реакциясы мұғалімді еркіндік пен жанынан шығаруға жетелуі мүмкін, алайда шығармашылық іздеуді тежеп, басуы мүмкін. Педагогикалық шығармашылықтың белгіленген ерекшеліктері педагогикалық іс-әрекеттің алгоритмдік және шығармашылық компоненттерінің үйлесуін толығырақ түсінуге мүмкіндік жасайды. Шығармашылық педагогикалық еңбектің табиғаты сондай, ол өзінде нормативті іс-әрекеттің кейбір сипаттамаларын имманентті құрайды. Педагогикалық іс-әрекет алгоритмдік іс-әрекет қалап тұрған нәтижелерді бермегенде шығармашылықты болып келеді. Оқытушы меңгерген нормативті педагогикалық іс-әрекеттің алгоритмдері, тәсілдері, шешімі әрдайым өзгерістер, түзетулер мен реттеулерді енгізуді талап ететін кәштеген стандартсыз, болжамданбаған оқиғалар санына қосылады да, мұғалімді педагогикалық ойлаудың инновационды стилін танытуға итермелейді. Шығармашылыққа оқып, үйрену мүмкіндігі жайлы әбден заңды сұрақ туады. Мұндай мүмкіндіктер ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттің оның нормативті негізі болып келетін бөлігінде орналасқан: бүгін педагогикалық үрдіс заңдылықтарын білу, біріккен іс-әрекет мақсаттары мен міндеттерін ұғыну, өзін-өзі дамыту мен тануға дайындық пен қабілет және т. б. Педагогикалық шығармашылық маманды-педагогикалық мәдениетінің компоненті ретінде өздігінен пайда болмайды. Оның дамуы үшін жағымды мәдениетті шығармашылық атмосфера, стимулды орта, объективті және субъективті жағдайлар қажет. Педагогикалық шығармашылықты дамытудың маңызды жағдайларының бірі болып оқытушы белгілі уақыт аралығында жұмысы барысында әлеуметтік-мәдени, педагогикалық ақиқаттылықтың, нақты мәдени-тарихи контекстінің әсерін қарастырамыз. Бұл жағдайды мойындау мен ой елегінен өткізуіңіз педагогикалық шығармашылықтың нақты табиғатын, жүзеге асыру көзі мен құралдарын түсіну мүмкін емес. Басқа объективті шарттарға жатқызылатыны: ұйым ішіндегі оң эмоционалды психологиялық климат; психологиялық-педагогикалық және арнайы аймақтарда ғылыми білімнің даму деңгейі, оқыту мен тәрбиелеудің адекватты құралдардың бар болуы; әдістемелік нұсқаулардың ғылыми негізі, педагогикалық үрдістің материалды-техникалық қамтамасыздандырылуы, қоғамдық қажетті уақыттың болуы.

Педагогикалық шығармашылық дамуының субъективті жағдайлары мынаны құрайды: бүгін педагогикалық үрдістің негізгі заңдылықтары мен принциптерін білу; мұғалімнің жалпымәдени дайындығының жоғары деңгейі; оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы концепцияларын меңгеру; кәдімгі жағдайларды талдау және мұндай жағдайларда шешім қабылдау; шығармашылыққа талпыныс, дамыған педагогикалық ойлау және рефлексия; педагогикалық тәжірибе және ішкі сезіну; кәдімгі емес жағдайларда жедел шешім қабылдау; Педагогикалық шығармашылық мәселесі мұғалімнің өзін-өзі табудың мәселесіне тікелей шығады. Соған қатысты педагогикалық шығармашылық – бұл оқытушы тұлғасының жеке, психологиялық, парасаттылық күштері және қабілеттері арқылы өзін-өзі табу үрдісі.

Екінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Педагогтің сөзі тәрбиелік ықпал ету құралы» тақырыбына 150 сөзден тұратын эссе жазу.
2. Студенттердің білімді тереңдету негізінде тілді жетілдіру жолдарына сипаттама беріңіз.
3. Педагог шеберлігін арттырудағы коммуникативтік қарым-қатынастың маңызын түсіндіріңіз.
4. Педагог имиджі мәселесін зерттеудің теориялық негіздерін сипаттаңыз.
5. Өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімнің шығармашылық кәсіби дайындығының құралы ұғымдарын нақтылаңыз.
6. К.Д.Ушинский өз тұлғасын жетілдіруде қандай факторлар көмектескенін жіктеңіз.
7. Өзін-өзі тәрбиелеу құралдарын атаңыз.
8. Өздігінен білім алудың атқаратын негізгі қызметтері ретінде М.Князеваның қандай топтамасын келтіруге болатындығын түсіндіріңіз.
9. Коммуникативтік біліктілік деген ұғымға сипаттама беріңіз.
10. Педагогтың кәсіби жетілуіне әсер ететін функцияларды талдаңыз.
11. Мұғалімнің кәсіби кемелдігі қандай кезеңде туындайды?
12. А.К.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің қандай психологиялық критерийлер әсер ететіндігін көрсетті.
13. Педагогикалық кәсіби даму кезеңдерін венн диаграммасы арқылы салыстырып, талдаңыз.
14. Педагогикалық қабілеттер мен шығармашылықтың жалпы құрамы мәнін түсіндіріңіз.
15. «Шеберлік шыңы» атты жобалық бағдарлама құру.

III. Педагогикалық шеберлік құрылымындағы жаңартылған оқыту технологиялары

1. Жаңа формация мұғалімінің педагогикалық аспектісі

«Жаңа формация педагогы - рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылым мен тәжірибеге негізделген жаңа идеялар мен жаңа инновациялық технологияларды зерттеп, оны өз іс - тәжірибемізде қолдану арқылы оқу - тәрбие процесінде шығармашыл білімді тұлғаның дамуына мүмкіндік беріледі. Шығармашыл - ізденімпаз ұстаз ұйымдастырған жұмыстың нәтижесінде шығармашыл тұлға жаңалыққа бейім болып, қазіргі әлеуметтік сұранысқа сай, өздігінен ғылыми ізденістер мен зерттеулер жасайтын, өзін - өзі дамытатын, белсенді әрекетке түсе білетін, тез шешім қабылдайтын, жүйелі түрде өзіне - өзі баға беріп, рефлексия жасап отыратын, мәдениетті, эрудициясы жоғары, эстетикалық талғамы бар білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылығы басым, шығармашылықпен өзін - өзі үздіксіз дамытып отыратын тұлға. Жаңа формация мұғалімі:

- Мұғалім білім берудің жаңа құндылықтарына бағытталған, жаңа мектептердің тұжырымдамаларын, тәрбие мен білім берудің балама жүйелерін біледі; білім мазмұнын құрудың жаңа әдістерін айта алады.
- Дамыта оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін біледі.
- Оқытуды кіріктіру және саралаудың тұжырымдамалық әдістері мен принциптерін, маңыздылығын біледі.
- Жастық және педагогикалық психология бойынша базалық білімі бар: әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың, ұжымның психологиялық заңдылықтарын және оларды

диагностикалауды; педагогикалық өзара әдістер мен тәсілдерді, өздік талдауды ұйымдастыру принциптерін игерген.

- Құзырлық тұрғысынан ұйымдастыру қарым-қабілеті бар, яғни құрастырушылық, кәсіби, әлеуметтік, жеке тұрмыстық құзырлықтарға ие.

- Жалпы және кәсіби білім беруді қазіргі модернизациялау арқылы қоғамның талабы мен жеке тұлғаның сұранысын қамтамасыз ете алады. Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Білім, білік, дағдыны және мақсат қоюға оны шешуге ұмтылыс жасамай ынта жігерсіз, педагогика мен психология негіздерін игермей іс жүзінде психологиялық жағдаяттар шешімінсіз тұйыққа тіреліп, өмірдің түссіз жағымен ғана еңбек етсе, онда ол Гете сөзімен айтқанда бір нүктеде тоқтаған мұғалім. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін - өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау - бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Оқу - тәрбие үрдісін ізгілендіру, технологияландыру әр мұғалімнен ғылыми еңбекті талап етеді. Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде бастауыш және орта білім кезеңінен – ақ демократиялық қарым – қатынастарды орнықтыру көзделеді. Ол үшін оқытудың мынадай басты ерекшеліктерін дағдыға айналдырудың маңызы зор:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымды қалыптастыру;

- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;

- өзіне қарама – қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже түйіндеу;

- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жоюдың жолдарын табу; «Оқушы дайын білімді игеруші» түсінігі орнына « адам – шындықты танушы тұлға» түсінігі қалыптасады.

Оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру:

-адамның қалыптасуы, оның өз бейнесін табуы, даралық, руханилық, шығармашылық бастамасы – тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету;

- сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін - өзі реттеуге, өзін - өзі қорғауға, өзін - өзі тәрбиелеуге әкеледі.

- адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым – қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау.

- адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады, сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Жаңа формациядағы ұстаздың кәсіби мәдениеті төмендегідей сипатталады:

I. Кәсіби қасиеті:

* ұйымдастыру қабілеті;

* білімнің тереңділігі;

* ғылыми білімі;

* дарындылығы;

* шығармашылығы;

* интеллектуалдық қасиеттері;

II. Моралдық-этикалық қасиеті:

адамгершілігі;

ақиқатқа құштарлығы;

мейірімділігі;

қарапайымдылығы;

III. Психологиялық даярлығы:

сыртқы келбеті;
киім киісі;
жүріс-тұрысы;
сөйлеу мәдениеті;
әдептілігі;

Жаңашыл мұғалім – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі, біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным. Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі. Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім болу қажет. Мұғалім болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырады. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады:

- Дүниетанымдық көзқарасы, сенімі;
- Қызметке бейімділігі;
- Кәсіптік білімі мен біліктілігі;
- Қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім;
- Ұйымдастырушылық қабілет;

- Заманға сай жаңашылдық. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Қазіргі кезде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологиялардың, педагогикалық жұмыста қалыптасқан нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

2. Жаңартылған оқытудың теориясы мен технологиясы

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарыштап даму заманында мектепте дәстүрлі оқыту оқушылардың ғылым негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отыр. Бұл оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрінуде. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі педтехнологияларын жетілдіріп, оны күнделікті сабақтарда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлатуға болады. Елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде. ХХІ ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзыреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру

деген түсіндірме берілген. Тұлға құзыреттілігін дамыту – ұстаздың құзыретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады.

Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кез де ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық. Білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білім берудің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы айрықша. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген ойына негізделе отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған орай мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың заманауи тиімді әдіс-тәсілдеріне жекелеп шолу жасап кетуге болады.

Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғы шарттар құруды көздейді.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрліп әндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс- білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынаспен қарым- қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Бұл модульдердің көпшілігін бұрыннан сабағымызда пайдаланып жүрсек те, тереңіне үңіліп, олардың өзіндік философиясын түсініп көрмеппіз. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерді де жоққа шығаруға болмайды, әр тәсілдің өзіндік артықшылықтары болады. Біз қолданып отырған бағдарламаның түрлі тәсілдерді жинақтағанына қарамастан, сындарлы оқыту негіздері қамтылған. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (СТО) бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір- түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі, ал бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер

«Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік –сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. «Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

4. Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды АКТ пайдалану

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту

Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға саяды. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа

негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйрететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді. Нақты мақсат қойып, сол мақсатты көре алған адам нәтижеге психологиялық ахуал қалыптастыруда оқушылардың көңілін көтеріп, назарын сабаққа аудару мен жұмысқа ынталандыру мақсатында сергіту сәттері тиімді. Сабақта топқа бөлу, топтарды ауыстыру сыныптастарын әбден танып білуге, кез келген ортада үйлесімділік тауып, кез келген жағдайда тығырықтан шыға алатындай қабілеттерді қалыптастыруға баулиды. Әр сабақты жүйелі дайындай отыра, оқушыларға ойланатындай, түрткі болатындай сұрақтар қоюды үйрендім. Оқушының жауабын тосуға өзімді бейімдедім. Шыдамдылық пен төзімділікті бірдей ұстау керек, егер бұл қасиеттер менің бойымда болса, менен білім алып отырған оқушыларымда осы қасиетке ие болады. Осы қасиеттері бар жеке тұлға өмірде өз бағытын таба алатынына сенімдімін. Шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды ойластыра отырып, оны оқушыларға орындата отырып, барлық оқушылардың жұмысқа араласып, сабаққа ынталарының артуына септігін тигіздім. Оқушы сабаққа қызығушылық танытса ғана, өзіне қажетін алады. Жалпы, жаңа тәсілдің бірі – критерий бойынша бағалау. Сабаққа мақсат қойғаннан кейін күтілетін нәтижеге жету үшін табыс критерийлерін құра алдым. Мен өз сабақтарымда бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдандым. Яғни, бағалау парақтары арқылы өзін-өзі, жұптық, топтық бағалау, мадақтап қолпаштау, «екі жұлдыз, бір ұсыныс», әсіресе смайликтер арқылы бағалау балаларға ұнады. Балалардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде анықтай отырып, келесі сабақтарда тапсырмаларды, сұрақтарды қалай қою керектігін болжадым. Оқушылардың өзара бағалауы кезіндегі талдауынан да басқаларды бақылап, тақырыпты қаншалықты, түсінгенін аңғаруға болады. керек. Қорытынды кезінде «Нені білемін, нені білдім, нені білгім келеді?» кестесін қолдану түсіну дәрежесін бағалауға көмектесті. Оқушылармен тиімді кері байланыс орнату, Қолдау, қолпаштау арқылы оқушылардың өздеріне деген сенімділігінің артқанын байқадым. Оқушылардың сөздік қорларының аздығы, өз ойын жетік жеткізуе алмауы тапсырмаларды орындағанда көрінді. Мұғалім оқушыларға білім беру ортасын құра отырып, тапсырманы бергеннің өзінде де көп ойлану қажет. «Бірге ойлаймыз» дегендей әр оқушыны бірге ойланатындай бір-біріне ықпал етіп сабақты түсінетіндей жағдай жасау керек. Сонда мұғалім әр сабақтың басынан аяғына дейін жүйелі дайындалып, тапсырмалардың барлығын оқушыға бағыттауға көп іздену керек. Педагогикалық технологияларды білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері В.П.Беспалько, Селевко Г.К., Шаталов В.Ф., Эрдниев П.М., Ж.А. Қараев, Ш.Т.Таубаева, Жампеисова М.М., Б.Т.Барсай, Д.М.Жүсібадиева, М.В.Кларин, Қ.Ө.Қариева, С.А.Көшімбетова, Қ.Қабдықайырұлы, А.А.Саипов, Г.К.Селевко, Б.К.Төлбасова, А.Қ.Мынбаева, Л.А.Шкутина және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінің арқауы болды. Алайда, оқыту әдісін тандау - күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Әр тақырып оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді қолдану қажет. Орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сұрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

3. Мұғалім профессиограммасы

Профессиограмма - бұл мұғалімнің, оқытушының, сынып жетекшісінің, мұғалімнің идеалды моделі. Бұл мұғалімнің бойында болуы керек жеке тұлғаның негізгі қасиеттерін көрсететін үлгі, стандарт; мұғалімнің қызметін орындау үшін білім, білік, дағды жиынтығы болып табылады. Мұғалімнің профессиограммасы-мұғалімнің біліміне, білігі мен дағдыларына, жеке басына, қабілеттеріне, психофизиологиялық мүмкіндіктеріне және дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тұрғысынан мұғалімнің толық біліктілік сипаттамасы берілген құжат. Кәсіби құзіретті білікті мұғалім білуі керек:

- өз пәні (пәндері) бойынша оқу бағдарламаларын;
- педагогика, жас және педагогикалық психология;
- дидактика және оқыту әдістемесі;
- елдегі білім беру саласындағы заңнама негіздері;
- оқу орнының қызметін анықтайтын нормативтік құжаттар.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері оқу кезеңінде кәсіби маңызды дағдылардың негіздерін ғана қалыптастырады. Әрі қарай даму олардың мектептегі өзіндік жұмысында жүруі керек. Мұғалім ретінде сәтті жұмыс жасау үшін келесі кәсіби маңызды қасиеттер қажет:

- танымға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі дамытуға қызығушылық;
- әртістік;
- өзіне және басқаларға талап қою;
- ұйымшылдық;
- байқау және эмпатия;
- қарым-қатынас саласындағы жұмысқа жетекші бейімділік;
- ақпаратпен жұмыс істеуге айқын бейімділік;
- жақсы дамыған шоғырлану қабілеті;
- дамыған логикалық және лексикалық қабілеттер;
- жоғары эмоционалды тұрақтылық.

Мұғалім жұмысының негізгі құралдары: оның кәсібилігі, зияткерлік қабілеттері және пән саласындағы танымы. Сондай-ақ, кез-келген мұғалімнің маңызды жұмыс құралы-дауыстық тембірі. Ерекше еңбек жағдайларының ішінен олардың жұмысының сапасы үшін жоғары моральдық жауапкершілікті атап өту керек. Кәсіби даярлық мазмұны педагогикалық білім беру мақсаты ретінде профессиограммада беріледі, онда жеке бас параметрлері мен мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті көрсетіледі. Қазіргі кезде мұғалімнің профессиограммасын құрастырудың бай тәжірибесі жинақталған. Бір-бірімен тығыз байланысты және бірбірін толықтыра алатын үш кешенді атап көрсетуге болады:

- жалпы азаматтық сапа;
- мұғалім мамандығын анықтайтын сапалар;
- мамандық немесе пән бойынша арнайы білім, іскерлік, дағды. Психологтар профессиограмманы құрғанда педагогикалық қабілеттерге тоқталуды ұсынады. В.А.Крутецкий дидактикалық, академиялық, коммуникативті қабілеттерді, педагогикалық шығармашылықты және зейінді бөле алу қабілеттілігін көрсетеді. А.И.Щербаков маңызды педагогикалық қабілеттерге дидактикалық, құрылымдық, перцептивті, экспрессивті, коммуникативті, ұйымдастырушылықты көрсетеді. Сонымен қатар ол мұғалімнің жеке басының психологиялық құрылымында жалпы адамзаттық сапаны, адамгершілік-психологиялық, әлеуметтік, перцептивті, дара психологиялық ерекшеліктер және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бөледі. Практикалық іскерліктер мен дағдыларға: - жалпы педагогикалық (ақпараттық, мобилизациялық, дамытушы, бағдарлаушы), - жалпы еңбек (құрылымдық, ұйымдастырушылық, зерттеушілік), - коммуникативті (әр түрлі жастағы адамдармен қарымқатынас), - өздігінен білім алу (білімді жүйелеу және қорытындылау, оларды педагогикалық есептерді шешуде, жаңа ақпарат қабылдағанда қолдана алу). Мұғалімнің профессиограммасында оның жеке басының бағыттылығы маңызды орын алады. Оның бағыттылығының сипаттамасына:

элеуметтік-адамгершілік, кәсіби-педагогикалық, танымдық бағыттылығы жатады. Педагогикалық бағыттылық негізі мұғалім мамандығына қызығушылық болып табылады. Оның өзі балаға, ата-анаға, педагогикалық іс-әрекетке дұрыс қатынасынан көрінеді. Педагогикалық атағының педагогикалық қызығушылықтан айырмашылығы, ол педагогикалық іске деген қабілеттілік. Педагогикалық атақ (презвание) болашақ педагогтың теориялық және практикалық тәжірибесінің толықтырылуы және педагогикалық қабілетін өзін-өзі бағалау процесінде қалыптасады. Педагогикалық атақ негізіне балаларға деген сүйіспеншілік жатады. Бұл сапа мұғалімнің кәсіби-педагогикалық бағыттылығын сипаттайды. Осындай сапалар ішінен педагогикалық борыш пен жауапкершілікті атап кетуге болады. Педагогикалық борышты білетін мұғалім балаларға, ересектерге көмек жасай отырып, өз-өзіне жауап береді, педагогикалық мораль кодексіне сүйенеді. Педагогикалық борыштың жоғары түрде көрінуі мұғалімнің жанқиярлығы болып табылады. Бұл сапада еңбекке деген мотивациялық бағалы қатынасы көрінеді. Мысал ретінде А.С.Макаренко мен В.А.Сухомлинский өмірі мен шығармашылығын жатқызуға болады. Мұғалімнің әріптестерімен, ата-аналармен, балалармен өзара қатынастары педагогикалық такт мәнін түсіндіруге тырысады. Педагогикалық такт көбінесе педагогтың жеке бас сапаларынан атап айтқанда мәдениетіне, еркінен, азаматтық позициясы мен кәсіби шеберлігінен көрінеді. Ол мұғалім мен оқушы арасындағы дұрыс қарым-қатынастың негізі болып табылады. Педагогикалық такт, әсіресе, педагогтың бақылау-бағалы әрекетінен көрінеді, ал оның өзіне ерекше зейінділік пен шындық қажет. Педагогикалық шындық мұғалімнің объективтілігін, адамгершілік тәрбиесінің деңгейін өлшейтін сапа. Педагогтың кәсіби-педагогикалық бағыттылығын сипаттайтын жеке бас сапасы оның беделінен көрінеді. Жеке тұлғаның танымдық бағыттылығы деңгейінің негізі рухани қажеттіліктер мен қызығушылықта. Жеке тұлғаның рухани және мәдени қажеттіліктері білімге деген қажеттіліктен туады. Педагогикалық өзіндік білім алудың үздіксіздігі – кәсіби дамудың қажетті жағдайы. Танымдық қызығушылықтың негізгі факторларының бірі - өз пәніне деген қызығушылық. Қазіргі мұғалім ғылымның әр түрлі саласынан хабардар, ол өз пәнін жақсы біліп, элеуметтік-экономикалық, өндірістік, мәдени міндеттерді шешу мүмкіндіктерін білуі керек. Сонымен қатар жаңа зерттеулерді, жаңалықтарды, болжамдарды біліп, ғылымның жақын және алыс перспективаларын игеруі қажет. Мұғалімнің танымдық бағыттылығының бірі ғылыми-педагогикалық ойлау мәдениеті. Оның негізгі көрінісі – ол диалектикалық бірлікте. Ол кез келген педагогикалық құбылыстың қарама-қайшылықтарынан тұрады. Педагогикалық құбылыстарға диалектикалық көзқарас мұғалімге оны процесс ретінде қабылдауға көмектесіп, жаңа мен ескінің күресі негізінде үздіксіз даму болады.

Мұғалім этикасы – бұл мұғалімнің кәсіби адамгершілігі туралы ғылым. Зерттеу жұмыстарын талдау бізге кәсіби педагогикалық этиканы педагогтың адамгершілік тәрбиесі жүйесінің қағидасы, оның педагогикалық ұжымға, тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына және қоғамға қатынасы ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

«Әдеп» (такт) сөзі (латынша *tactus*) «жұғысу», «адамдар арақатынасының түрі» мағынасында қолданылады. Бұл тым жалпылама ұғым. Жалпы, әдеп – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Ал педагогтық әдепке берілген анықтамаларды талдайтын болсақ, педагогтардың кейбіреулері педагогтық әдеп – мұғалімнің оқушыны баурап алатын табиғи қабілеті десе, енді біреулері – мұғалімнің жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі, үшінші біреулері – пәнді жетік білу және оның методикасын жақсы меңгеру деп есептейді. Ал И.А.Зязюн педагогикалық әдепті мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің құрамды бөлігі, оның ішкі мәдениетінің, рухани бейнесінің бір компоненті ретінде қарастырады. Бұл айтылғандардың қай-қайсысында да педагогтық әдептің азды-көпті белгілері бар. Сол сияқты, педагогтық әдепті мұғалімнің жалпы мәдени тәртібі немесе оның жалпы методикалық сауаттылығымен қатар қою да қате. Педагогтық әдеп, кең мағынасында алғанда – мұғалімнің әрбір нақты іс үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды еліктіріп әкететін

кәсіптік сапасы. Ал, оқушылармен қарым-қатынас тұрғысынан педагогтық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығының, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, жалпы және арнаулы білімінің, мамандығына байланысты ізденіс жемістері қорының жиынтығы іспетті. Шебер педагог болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Педагогтық әдеп жаттау, еске сақтау және жаттығу жолымен жасалмайды. Ол мұғалім ізденісінің нәтижесі, ол оның ақыл-ойының көрінісі болып табылады. Сонымен педагогикалық әдеп – бұл мұғалімнің кәсіби педагогикалық мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі және мұғалімнің аса бағалы педагогтық қасиеті, бұл қасиет ұстазға педагогикалық әсер ету құралдарын оларды өз эмоциясын білдіре отырып дәл, нақты қолдануға және алдындағы әрбір оқушының психологиясын терең біліп, түсінуге негізделеді. В.А.Сластениннің пікірінше: «Мұғалім профессиограммасы мамандықтың паспорты ретінде оның квалификациялық сипаттамаларын, яғни қоғамдық-саяси, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білімдерінің көлемдерін және ғылыми негізделген өзара қатынастарын, сонымен қатар болашақ мұғалімге қажетті педагогикалық, әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды қамтуы қажет».

Профессиограмма - мұғалімнің, оқытушының, сынып жетекшісінің, педагогтың идеалды үлгісі, эталоны, моделі. В.А. Сластенин ұсынған мұғалім профессиограммасында ол педагогикалық кәсіптің жалпы сипатын және жеке мамандығына байланысты сипаттарын қарастыра отырып 4 тараудан тұратын мұғалімнің профессиограммасын береді:

1. Мұғалімнің қасиеті мен сипаттамасы. Бұған ол мұғалімдердің идеялық, кәсіптік-педагогикалық, танымдық бағыттылығын жатқызады.
2. Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық дайындығына қойылатын талаптар. Мұнда ол мұғалімдердің білім, білік және дағдыларын біріктіреді.
3. Арнайы даярлықтың көлемі мен құрамы. Бұл тарау болашақ мұғалімдердің шеберлік деңгейінде еңбектенуі үшін қажет болатын жалпы ғылыми негізде дайындық көлемі мен арнайы даярлықтың қалыптасатын нақты білім, білік және дағдыны біріктіреді.
4. Мамандық бойынша әдістемелік жағынан даярлық мазмұны. Бұған мұғалімге қойылатын жалпы әдістемелік талаптар және жеке пән мұғалімдеріне қойылатын арнайы әдістемелік талаптар енгізілген. Жалпылап қарастырғанда қазіргі кезде мұғалім профессиограммасын құруда үлкен тәжірибе жинақталған. Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптарды үш үлкен кешенге бөліп қарастыруға болады:
 - жалпы адамзаттық қасиеттері;
 - кәсіби-педагогикалық қасиеттері;
 - арнайы пән бойынша білім, білік, дағдылары.

Үшінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жаңа формация мұғалімінің педагогикалық аспектісін сипаттаңыз.
2. Жаңартылған оқытудың теориясы мен технологиясына талдау жасаңыз.
3. Қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы сипаттап түсіндіріңіз.
4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
5. Диалог арқылы оқыту негіздерін талдаңыз.
6. Талантты және дарынды балалармен жұмыс жасау ерекшеліктері
7. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың педагог шеберлігін арттырудағы рөлі
8. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту ерекшеліктерін сипаттаңыз.
9. Оқытуды бағалау мен оқу үшін бағалаудың негізгі бағыттарын қарастырыңыз.
10. Көшбасшылық ұғымына сипаттама беріңіз.

11. Мұғалімнің, оқытушының, сынып жетекшісінің, мұғалімнің идеалды моделі-профессиограмма ұғымына талдау жасаңыз.
12. Мұғалім этикасы мен кәсіби педагогикалық этика ұғымдарына салыстырмалы талдау жасаңыз.
13. В.А.Сластениннің: «Мұғалім профессиограммасы мамандықтың паспорты ретінде оның квалификациялық сипаттамаларын, яғни қоғамдық-саяси, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білімдерінің көлемдерін және ғылыми негізделген өзара қатынастарын, сонымен қатар болашақ мұғалімге қажетті педагогикалық, әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды қамтуы қажет» деген пікіріне талдау жасаңыз.
14. И.А.Зязюн педагогикалық әдепті мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің құрамды бөлігі, оның ішкі мәдениетінің, рухани бейнесінің бір компоненті ретінде қарастыруын түсіндіріңіз.
15. Критерий бойынша бағалау кестесін құрыңыз.

IV Педагогикалық озат тәжірибе негізі – педагогтың кәсіби және тұлғалық өсуі

1.Озат педагогикалық тәжірибені талдау және зерттеу

Педагогикалық тәжірибе – оқыту мен тәрбиенің практикасын жан – жақты зерттеу объектісі, фактілер мен ғылыми мәліметтерді жинақтаудың негізгі көздерінің бірі. Сондықтан педагогикалық озат тәжірибе оқу – тәрбие жұмысын үнемі дамыту мен жетілдіруде үлкен орын алады. Мұғалім өз мектебіндегі немесе көршілес мектептердегі тәжірибелі мұғалімдердің тәрбие жұмыстарымен танысады, сабақтарына қатысады. Олардың оқыту мен тәрбие әдістерін өзінің қолданып жүрген әдістерімен салыстырады, тиісті қорытынды жасайды. Зерттеу жұмысына байланысты құжаттарды мұғалім бірте – бірте жинастыра береді. Оларға: сабақ жоспары, бағдарлама тақырыптары бойынша жасалатын тақырыптық перспективалық жоспар оқушылардың жазба бақылау жайын және кестелік жұмыстарын, дәптерлері, сынып жетекшісінің оқу – тәрбие жұмысының жоспары, түрлі тақырыптарға жазылған оқушылардың баяндамалары жатады. Осы құжаттардың негізінде мұғалім өз жұмысына талдау жасайды, ретке келтіріп жинақтайды. Әрине, мұғалімнің өз тәжірибесін өзі зерттеп, жинақтап жазып шығуы оп – оңай жұмыс емес. Оған ең кемінде бір немесе екі жылдай мерзім керек. Зерттеу жұмысы аяқталғаннан кейін оның мектеп мұғалімдерінің ғылыми – практикалық конференциясында талқылайды, құнды деп тапса, аудандық “Педагогикалық оқуларға” ұсынады. Сөйтіп, мұғалімнің бұл шығармашылық еңбегі бірте – бірте облыстық, Республикалық талқылардан өтіп, көпшіліктің игі ісіне айналады. Педагогикалық жұмыста зор табыстарға жетіп, өзін – өзі іс жүзінде көрсете білген шебер мұғалімдердің жұмыс жүйесі зерттеп, жинақтау – озат тәжірибенің кеңінен таратудың басты формасына жатады. Бұл жұмысты педагогикалық кеңестің шешімі бойынша әдістемелік пән бірлестігі басқарады. Жоспар бойынша зерттеу жұмысы ең алдымен танысу және бақылау этаптарынан өтеді:

1. Іс – тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің өзі мен сабақ беретін сыныптарындағы сынып жетекшілері мен оқушылардың үлгерімі және тәртібі, олардың қоғамдық жұмысы мен қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу және белсенділігі туралы әңгіме жасалады, зерттеуші кейбір мәселелерді анықтайды.
2. Оқу – тәрбие жұмыстарына байланысты соңғы екі – үш жылдардың ішіндегі құжаттар зерттеледі. Олар: сабақ жоспары, тақырыптық, күнтізбелік жоспар, сынып жетекшілерінің тәрбие және үйірме жұмыстарының жоспары, сынып журналы, оқушылардың дәптері, рефераттары, техника және көркем шығармашылық жұмыстары, мұғалімнің әдістемелік және педагогикалық тақырыптарға жасалған баяндамалары, журнал беттерінде жарияланған мақалалары мен басқа еңбектері.

3. Алдын ала тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің сабақтарына кіріп, тәрбие жұмыстарына қатысып бақылау жүргізіледі.
4. Зерттеу жүргізілетін сыныптардағы басқа мұғалімдердің сабақтарына немесе тәрбие жұмысына қатысып, олардың іс – нәтижелері тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің жұмысымен салыстырылады.
5. Басқа сыныптарда немесе басқа мектептерде осы пән бойынша ұқсас тақырыптарға өткізілетін тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына кіріп, олардың жұмыс нәтижесі, тәжірибесі зерттелетін мұғалімнің ісімен салыстырады. Танысу және бақылау жұмыстарын жүргізіп болғаннан кейін тікелей зерттеу басталады. Зерттеу жұмысы өте құнды болса, ғылыми зерттеу институтының жазба пікірі бойынша “Педагогикалық оқуларға”, егер көлемді болса, баспаларда жариялануға ұсынылады.

Педагогикалық озат тәжірибені практикаға енгізудің кейбір жолдары:

1. Оқыту және тәрбие саласындағы жаңа педагогикалық әдістер, жақсы тәжірибелер жетістіктерін насихаттаудан бастау. Оларды мұғалімдердің кең талқысына салып, ғылыми – әдістемелік ұсыныстар түрінде нақты шешім қабылдау.
2. Педагогикалық озат тәжірибені терең зерттеу және оқу – тәрбие процесіне енгізу үшін, оны педагогикалық еңбектің шеберлеріне (бір – екі бастауыш сынып мұғалімдеріне, бір – екі жоғары сынып пән мұғалімдеріне) тапсыру керек. Олар әдістемелік пән бірлестігі жетекшілерімен бірігіп зерттеу жоспарын жасайды, ол педагогикалық кеңесте бекітіледі.
3. Мектеп директоры әдістемелік кеңеспен бірлесіп зерттеу жұмысына басшылық етеді, талдау жасайды. Әдістемелік ұсынбаларды жинақтайды, оны педагогикалық кеңесте мұғалімдерге хабарлап отырады.
4. Әрбір мұғалімнің зерттеу жұмысы жүргізіліп жатқан сыныптардың оқу – тәрбие жұмысына белсенділікпен қатысуына болады.
5. Озат тәжірибе педагогикалық практикада өз орнын берік алғаннан кейін, оқу – тәрбие процесіне жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу қорытындысын жасау, оны мектеп мұғалімдерінің сонан соң кең түрде педагогикалық жұртшылықтың талдауынан өткізу қажет.

Педагогикалық тәжірибе – педагогтың күнделікті қызметінде меңгерген іс тәжірибелік білім, іскерлік, дағдының бірлігі, кәсіби шеберлігінің негізі, педагогика ғылымдарының дамуының негізгі бір көзі. Педагогикалық озат тәжірибе - оқыту мен тәрбиелеудің жоғары деңгейіне жеткен жаңашыл-педагогтардың өзекті шығармашыл тәжірибесі. В. И. Загвязинскийдің пікірі бойынша «ПОТ- қазіргі талаптарға жауап беретін, үнемі жетілдіріп отыруға мүмкіндіктер ашатын, үздік нәтиже беретін педагогикалық қызметтің үлгісі». ПОТ педагогтардың шығармашылықтарын танытады, оқыту мен тәрбиелеудің креативті бағытын көрсетеді, жаңа білімді рефлексивті-шығармашылықпен меңгеруді қалыптастырады, оларды продуктивті енгізу мен шығармашылықпен қолдануға ықпал етеді. Педагогикалық озат тәжірибенің белгілері:

Бірінші белгісі – қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі. Озат мұғалімдермен білім беру ұйымдарының қызметкерлері өмір талабына сай жұмыс істеп, педагогикалық процесі жетілдірудің тиімді жолдарын табады.

Екінші белгісі - педагогикалық қызметтің тұрақты жақсы нәтижелері. Педагогикалық «өнім» - оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларының, жалпы дамуының, тәрбиелілігінің деңгейі.

Үшінші белгісі – оқыту, тәрбие, дамуда тұрақты, жақсы нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен оқушылардың өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы. Оқушыларға шамадан тыс қосымша тапсырмалар беріп, басқа пәндерді меңгеруге зиян келтіріп, білім сапасына кітеретін тәжірибе озат тәжірибе деп есептелмейді.

Төртінші белгісі – жаңалық.

Педагогикалық озат тәжірибені тарату- әдістемелік жұмыстың стратегиясы, әдістемелік өнім. Педагогикалық тәжірибені зерттеудің кейбір жолдары бар. Олар: оқытушының өз тәжірибесін өзі зерттеп жинақтауы, педагогикалық еңбек шеберлерінің жұмыс жүйесін зерттеу және жинақтау; бір педагогикалық тақырып бойынша бірнеше оқытушылардың іс-тәжірибелерін зерттеу және жинақтау; жаңашыл оқытушылардың озат тәжірибесін тарату және оны оқу-тәрбие процесіне енгізу. Озат педагогикалық тәжірибе оқу – тәжірибе жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық процессіз білім беру жүйесінің дамуы мүмкін емес. 12 жылдық білім беруге көшу мәселесінде жаңа қоғамдық формациядағы білім беру мен оқытушылардың алдында тұрған негізгі мәселелер «оқуға қалай үйрету керек?» «Ойлауға қалай үйрету керек?» «Қалай өз өмірінің менеджері болуға үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап табатындай білім нәрін беруге бағытталып отыр. Осы сұрақтарға жауап табу – оқытушыдан үлкен шығармашылық ізденіс пен кәсіби шеберлікті талап ететіні анық. Осы ретте жаңашыл идеялар мен жаңашыл тәжірибе керек. Педагогтың шығармашылық іскерлігі оқыту мен тәрбиенің нәтижелеріне қол жеткізудің тиімді жолдарын табуға ықпал етеді. Себебі, оқыту мен тәрбиелеудің жоғары нәтижесі – озат тәжірибенің басты көрсеткіші болып табылады. Сонымен, ПОТ – білім берудің өзекті міндеттерін шешуге бағытталған тәжірибе, оқыту мен тәрбиелеудің жоғары нәтижесі және басқа педагогтардың қолдануына қол жетімді тәжірибе.

Педагогикалық озат тәжірибені тарату мақсаты: педагогикалық озат іс тәжірибені анықтау, талдау, педагог қызметкерлердің инновациялық, шығармашылық тәжірибесін қазіргі зерттеулер мен педагогика және психология жетістіктерін ескере отырып тарату

Міндеттері:

- Тұтынушыларды инновация мәселелері туралы сұраныспен қамтамасыз ету;
- Педагогтардың кәсіби өсуіне ықпал ету;
- Педагогикалық еңбек рефлексиясын жүзеге асыруға жағдай туғызу (жеке, ұжымдық кеңес беру, дайындық);
- Педагогикалық ақпарат банкіні жасау;

Тәжірибені тарату түрлері:

1. Ұжымдық тәжірибе
2. Жеке тәжірибе
3. Мазмұнды тәжірибе (курстар, іс тәжірибелік материалдар, әдістемелік нұсқаулар т.б.)
4. Технологиялық тәжірибе / педагогикалық технологияларды қолдана отырып/
5. Басқарушылық тәжірибе (білім сапасын басқару, білім сапасы мониторингі, педагог жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету т.б.)

ПОТ тарату қызметіне бүкіл педагогикалық жүйе /колледж ұжымы, педагогтар қатысады/, ол педагог қызметін танып, білу, педагогикалық қызметті жүйе ретінде қарау.

Тәжірибені тарату технологиясы:

- вербальды–аналитикалық сипаттама. Шығармашылық есеп, жеке-шығармашылық есеп, ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндама т.б.
- модульді – аналитикалық сипаттама. Ол бойынша ОПТ облысқа т.б. деңгейлерге таратылады.


1. Педагогтарды аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстарының негіздері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі

мен шарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі №152 және 2018 жылғы 29 маусымдағы №316 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары екінші параграфта қарастырылған. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға бекітілетін біліктілік санаттары:

- «педагог», «педагог-модератор»,
- «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші»,
- «педагог-шебер».

Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестатталушы адамдарды кезекті аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезең – ұлттық біліктілік тестілеуі, екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.



Қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау кезеңі – портфолио, оған енгізетін құжаттар тізімі: өтініш, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, Білімі туралы дипломның көшірмесі, атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік берілген қайта даярлау туралы құжаттың көшірмесі, Біліктілік санаты туралы куәліктің көшірмесі, Ұлттық біліктілік тестілеуінен өткендігі туралы анықтамасы, Оқу жетістіктерін сыртқы бағалау және/немесе ағымдағы және/немесе қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын аттестаттау кезеңі үшін білім алушылардың білім сапасының мониторингі, Білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе тәжірибесін жалпылауды растайтын құжаттардың көшірмелері, Сабақтарды (кемінде 3) бақылау парағы бар болған жағдайда ғана портфолиоға салынады, Аттестатталушының жетістіктерін растайтын құжаттарының көшірмесі, Біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы құжаттың (сертификаттың) көшірмесі.

Портфолионы бағалау өлшем шарттары

Бағалау өлшем шарттары	Біліктілік категориялары			
	Педагог-модератор (Портфолия түсі-сары)	Педагог-сарапшы (Портфолия түсі-жасыл)	Педагог-зерттеуші (Портфолия түсі-көк)	Педагог-шебер (Портфолия түсі-қызыл)
Білім	Білім	Білім	Білім	Білім

алушылардың білім сапасы	алушылардың білім сапасының мониторингі 5%-ға өсуі	алушылардың білім сапасының мониторингі 10%-ға өсуі	алушылардың білім сапасының мониторингі 15%-ға өсуі	алушылардың білім сапасының мониторингі 20%-ға өсуі
Оқыту сапасы	Білім беру ұйымының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)	Білім басқармасы (аудан, қала) органының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)	Білім басқармасы органы сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ ұсынымдары бар сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)
Білім алушылардың жетістіктері немесе қызмет қорытындыларын жинақтау	Білім беру ұйымының деңгейінде	Аудан/қала деңгейінде	Республика, қала деңгейінде	Республикалық деңгей (өз авторлық бағдарламасын іске асыру негізінде)
Педагогтың кәсіби жетістіктері	Кәсіби конкурстарға, олимпиадаларға және өзге де іс-шараларға қатысу			

«Педагог-модератор» санатына қойылатын талаптар кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде екі жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар білім алушылардың жетістіктері деңгейінде оқыту нәтижелеріне қосқан жеке үлесіне талдау жасайды және рефлексия жүргізеді, оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады, білім беру ұйымы деңгейінде өз тәжірибесін жинақтайды, білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары барлар жатады.

«Педагог-модератор» санатына қойылатын талаптар (кезектен тыс) білім беру ұйымы деңгейіндегі пән олимпиадаларының, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындайтын тұлғалар; білім беру ұйымы деңгейіндегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар; өзінің педагогикалық тәжірибесін аудан, қала деңгейінде жинақтаған тұлға; жоғары оқу орнын «үздік» бітірген тұлғалар; жоғары оқу орнын пәнді ағылшын тілінде оқыту құқығымен бітірген B1 деңгейінен төмен емес (CEFR шкаласы бойынша) ағылшын тілі білімін растайтын сертификаты (куәлігі) бар тұлға; магистр академиялық дәрежесі бар тұлғалар; орта кәсіптік (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі) оқу орнын «үздік» бітірген және кемінде бір жыл педагогикалық еңбек өтілі бар тұлғалар; бейіндік пән бойынша спорт шеберлігіне үміткерлер болып табылатын тұлғалар болып табылады.

«Педагог-сарапшы» санатына қойылатын талаптарға (кезекті) кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде үш жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалары жатады. «Педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын біледі, өзінің

және білім беру ұйымы деңгейінде әріптестірінің кәсіби даму басымдылығын айқындайды және тәлімгерлікті жүзеге асырады, өз тәжірибесін аудан/қала деңгейінде жинақтайды, олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар.

«Педагог-сарапшы» санатына қойылатын талаптарға (кезектен тыс) аудандық / қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған тұлғалар; кәсіби жарыстардың, аудандық/қалалық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар; облыс (Астана, Алматы қалалары) деңгейінде педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар; «Болашақ» бағдарламасының түлегі болып табылатын тұлғалар; ғылым кандидаты/докторы дәрежесі бар тұлғалар; ағылшын тілін B2 деңгейінен (CEFR шкаласы бойынша) төмен емес деңгейде меңгерген, пәндерді ағылшын тілінде оқытылатын тұлғалар, білім беру ұйымына жоғары оқу орнынан педагогикалық қызметке ауысқан және кемінде екі жыл өтілі бар адамдар; бейндік пән бойынша халықаралық спорт шебері болып табылатын адамдар болып табылады. «Педагог-зерттеуші» санатына қойылатын талаптарға (кезекті) кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде төрт жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойлатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар сабақты зерттеу дағдыларын және бағалау құралдарын әзірлей біледі, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікті жүзеге асыру және аудан, қала деңгейіндегі педагогикалық қауымдастықта даму стратегиясын сындарлы түрде айқындайды, өз тәжірибесін облыс (Астана, Алматы қалалары деңгейінде жинақтайды, облыстық) Астана, Алматы қалалары деңгейінде олимпиадаларға конкурстарға, жарыстарға қатысушылары барлар жатады. Талаптары облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларды дайындаған тұлғалар; білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес кәсіптік конкурстардың, облыстық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылары болып табылатын тұлғалар; республикалық деңгейде өздерінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар; ғылым кандидаты/докторы дәрежесі бар тұлғалар және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар жатады.

«Педагог-шебер» санатына қойылатын талаптарға (кезекті) кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде бес жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойлатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар авторлық бағдарламасы бар немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданып, шығарылған оқулықтардың оқу-әдістемелік құралдарың авторы (бірлескен авторы) болып табылады, ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді; тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қауымдастық желісін дамытуды жоспарлайды; республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылады немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау болып табылады. «Педагог-шебер» санатына қойылатын талаптар (кезектен тыс) республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларды дайындаған тұлғалар; білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес кәсіптік конкурстардың, облыстық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылары болып табылатын тұлғалар; өздерінің педагогикалық тәжірибелерін халықаралық деңгейде жинақтаған, педагогикалық практикада ғылыми негізделген әдістерді, авторлық оқыту мен тәрбиелеу технологиясын жүйелі түрде қолданатын

тұлғалар; біліктілік санатын беруге кезекті аттестаттау кезінде аттестаттау комиссиясы «өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған жағдайда қазіргі біліктілік санаты сақталады. Біліктілік санатын растауға кезекті аттестаттау кезінде аттестаттау комиссиясы «өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған жағдайда біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді, біліктілік санатын беруде мерзімінен бұрын аттестаттаудан өткен жағдайда, қазіргі біліктілік санаты оның жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Екінші, бірінші, жоғары біліктілік санатынан «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатына өткен кезде және ұлттық біліктілік тестілеуден қайта өткеннен кейін өтініш берілген біліктілік санаты расталмаған жағдайда, қазіргі кездегі біліктілік санаты сақталады, одан кейін расталмаған кезде бір жылға ұзартылады, қайтадан расталмаған кезде біліктілік санаты тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі.

3. Педагог мәртебесі

Елбасының: «Халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ, болуы да мүмкін емес» деген тамаша тағылымды сөзі бар. Бұл – ұстаздың ғана емес, кез келген ұстамды жанның бағдаршамы. Бұл ретте Президент Қ.К.Тоқаевтың: «Мұғалімнің еңбегі – адамзат игілігімен астасқан өлшеусіз еңбек» деп айтқаны да мәлім. Ұстаз мәртебесі – философиялық, психологиялық, тарихи, әлеуметтік астары бар қадірлі ұғым және қоғам жауапкершілігін анықтайтын өлшем. Педагог тұғыры – қоғам мен мемлекет тұғыры.

Қай мемлекет ұстаздарына қатысты қандай саясат ұстанса, мемлекеттің беделі де соған сай қалыптасады. Біріншіден, қоғам немесе бәріміз білім ордаларын – мәдениет пен біліктің алаңы деп, ал ұстаздарды – жол сілтеуші, өнеге рәмізі деп қабылдауымыз шарт. Атқарушы билік те мектепті түрлі саяси науқан кезінде еске алмай, қоғамның күнделікті қайнауы, пісіп-жетілуі деп қарағаны жөн. Аға толқынның имандылыққа ұйып, мешіт жақта жүргені жақсы. Бірақ негізгі болашақ, басты есеп – мектептегі жас буында екенін ұмытпағаны дұрыс. Сондықтан немересін мектепке жетектеп әкеліп, соның маңында жүйелі әңгіме құрса, қилы жамандықты бірден тыюға әрекет жасаса, ұстаз беделін де, ата-ана ретінде өз беделін де көтереді.

Екіншіден, ұстаздардың сауаты, адамшылық бастамалары, қоғамдық-әлеуметтік қағидаттары шектеушілікке бармау керек. Беделді ұстаз – ашық, демократ ұстаз. Сондықтан сабағыңызға ата-ана, қызыққан адам қатысқысы келе ме – қатыссын. Жиналысыңызда ой айтқысы келе ме – айтсын. Қысқасын айтқанда, барлық оқу орны қоғамнан әрі баға алып, әрі халық айнасынан өзін көре білгені абзал.

Үшіншіден, «нарық және білім ордасы» деген тақырып пыш-пыш әңгіменің емес, қоғам болып кеңесудің өзегіне айналса дейміз. Рас, мемлекеттің мектепке берер немесе бөлер қаржысы аздау болып тұр. Бірақ тәуелсіздіктің 28 жылында тұрғызылған зәулім мектеп ғимараттарын, үлкен қалалардағы бірінен кейін бірі ашылған қазақ мектептерін ұмытпалық. Бұрынғы дәстүрдегі асар, үме, жылу т.б. бар, біз неге нарық кезеңінде білім ордаларына ата-ана, жанашыр, демеуші ретінде нақты көмектесе алмаймыз? Естеріңізге салайық, 20-30 жылдары алғашқы мектептер – жеке адамдардың шым-кірпіштен соққан үйі болатын. Олар мұны сатқан жоқ, саудалаған жоқ, тегін берді. 50-60 жылдары мектептің кірпішін ұжым болып құйып, қабырғасын ел болып көтерді. Нарықтың адамшылық бір амалы – осы. Шүкір, қазір мешіт қана емес, мектеп салып, халыққа сыйлайтын кәсіпкерлер пайда болды. Біз осыған қуанамыз.

Білім саласының өзіндік, кәсіби талай қиындықтары бар. Оқу мен оқытудың шын мағынасындағы еркіндігі мен дербестігі, бастамаларды қолдаудың тетік-амалдары әлі де әлсіздеу. Мектепте де, жоғары оқу орындарында да үлгерім мен бағалаудың қасаң жолынан шыға алмай келеміз. Қағазбастылық пен жалаң есеп жұмысты шідерлейді. Мұны

Елбасы да, Президент те, сала басшылары да сынап жүр. Бірақ одан құтылудың тетігі – өз қолымызда. Білімге қойылатын шарт – нақты ұстаздық талапқа негізделсе дейміз. Шын ұстаз шәкірттерінің алдында ешқашан да жалған, жасанды, жүйесіз әрекетке бармайды. Жалпы әділдік пен тазалықтың бастауы – мектеп. Осы тетік ұмытылса, қоғам қай жағынан да көштен қалады. Сонымен бірге ата-ана мен ұстаз арасындағы жауапкершілік шегін, регламентін қоғам болып талқылап, бір тоқтамға келетін кез әлдеқашан келді. Қоғам, ата-ана мектептің сынаушысы позициясын ұстанса, біз ешқашан алға баспаймыз. Жоғарыда айттық, Қазақ елі дәстүрінде мектеп немесе білім ордасы – нағыз адалдық алаңы.

Ел болып еңсеміз көтеріліп, дамыған елдің қатарына қосылуға ниет етіп жатқанда олқы тұсымызды толтыруды қолға алдық. Соның бірі – педагог беделі. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі», деп Мағжан Жұмабаев айтқан еді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел арасындағы осы сөзді қайта тірілтіп, 2019 жылғы 30 желтоқсан күні «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойып, педагог мәртебесін заңмен бекітті. «Педагог мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын және Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы педагогтердің Тамыз конференциясында айтқан тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген болатын. Жаңа заңда қарастырылған позициялардың барлығы мұғалімнің жеке дамуына және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, педагогтің оқыту мен тәрбиелеудің авторлық әдістерін әзірлеу және қолдану, оқу құралдарын таңдау, ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, біліктілікті арттыру және тағылымдамадан өту формаларын таңдау бойынша кәсіби құқықтары кеңейтілді.

Педагогке тән емес функцияларға тартуға, шамадан тыс есеп беруге, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салу арқылы жүктемені азайту бойынша жеке нормалар көзделген. Осы нормалар бұзылған жағдайда құқық бұзушылық субъектісіне байланысты 20-дан 120 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салынады. Бұдан бөлек, педагог мамандардың балаларын балабақшаға орналастыруда басымдық беру, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» мемлекеттік марапаты сияқты бірқатар материалдық емес ынталандыру қарастырылған. Бұл ретте әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру, ауылдық жерде жұмыс істейтін педагогтерге жоғары жалақы төлеу, денсаулығын сақтау, «Үздік педагог» сынды гранттарға әлеуметтік кепілдіктер сақталған. Педагог мәртебесін айқындайтын Заң негізі төрт бағытты қамтиды: Бірінші, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстан босату, жүктемесін азайту; Екінші, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту; Үшінші, материалды емес стимул тетіктері; Төртінші, материалдық ынталандыру. Заң жобасында ұстаздарға көптеген жаңашылдық қарастырылған. Біріншіден, 2020 жылы жалақыны 25 пайызға өсіру және төрт жыл ішінде екі есе арттыру көзделген. Екіншіден, педагог өз міндетіне жатпайтын функцияларға тартылудан қорғалады. Сонымен қатар, енді педагогтерді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады. Үлгілік оқу жоспарлары төмендеуі есебінен 2021 жылдан бастап оқу жүктемесінің 18 сағаттан 16 сағатқа дейін төмендейді. Заң бойынша педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға бірінші кезекте орын беріледі. Жергілікті атқарушы органдарға педагогтердің еңбегін көтермелеудің қосымша шараларын, соның ішінде жергілікті ерекшелік белгілерімен, құрметті атақтармен марапаттау, біржолғы сыйақы төлеу құқығы берілетін болады. Көзделген нормалардың маңызды блоктарының бірі – материалдық ынталандыру. Негізгі материалдық ынталандыруларға сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін екі есе мөлшерде қосымша ақы, педагогикалық шеберлігі үшін қосымша ақы, барлық педагогтер үшін демалыс уақытын 56 күнге дейін ұлғайту, тәлімгерлік үшін қосымша ақы төлеу және басқа да шаралар жатады. Бұған қоса магистр дәрежесі бар тұлғалар үшін 10

АЕК мөлшерінде қосымша ақы қарастырылған. Бұл норма өз кезегінде мектепте жұмыс істейтін 5029 педагогке қатысты және мектептерге академиялық дәрежесі бар жаңа мамандарды тартуды көздейді. «Педагог мәртебесі туралы» заңды Мәжіліс депутаттары да қызу талқылап өз тарапынан бірқатар ұсыныс айтып, түзетулер енгізді. Олар: – 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап орта білім беру ұйымдары педагогтері үшін апталық нормативтік оқу жүктемесін 18 сағаттан 16 сағатқа төмендету жөніндегі норма;

– педагогтердің педагогикалық этика нормаларын бұзуы бұрын көзделгендей әкімшілік құқық бұзушылыққа емес, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көрсетілген кәсіби жауапсыздыққа әкеп соғатын теріс қылыққа теңестірілді;

– білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасындағы халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған педагогке тиісті мемлекеттік білім беру ұйымының қызметі бойынша үнемдеу есебінен лауазымдық үш айлық ақы мөлшерінде біржолғы сыйақы төленуін көздейтін норма енгізілді;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен марапатталған педагогке 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем белгіленді;

– мәдениет және спорт саласындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының және әскери оқу орындарының педагогтеріне магистр дәрежесі үшін 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы енгізіледі;

– ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін басым тәртіппен беруге кепілдік белгіленді;

– педагогтің білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өзіне құрметпен қарауды және тиісті мінез-құлықты талап ету құқығы нақтыланды;

– мұғалімдерді өздеріне тән емес жұмыстарға тарту, оларды қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге міндеттейтін нормалар және қайталанатын ережелері бар нормалар алынып тасталды;

– өзінің лауазымдық міндетін орындау кезінде педагогке былапыт сөйлеген, мазақ қылған, бейәдеп іс-әрекеттер жасаған және де бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы басқа да осындай әрекеттерге барған адам әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мысалы, педагогтерге этикаға жат қылық көрсеткен жеке тұлғаға 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделген. Егер ол адам осы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған болса, оған 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады немесе 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады. Осы құқық бұзушылықты он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалар жасаса, ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Осы әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанса, бұл айыппұл 10 АЕК-ке өседі;

– жоғары оқу орындарының педагогтерінен басқа, барлық педагогтерге әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру жөніндегі норма қарастырылды. Бұрын мұндай норма тек ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтерге қатысты еді.

Ұстаздардың құқығы, беделі, әлеуметтік жағдайы заңмен бекітіліп, үлкен құрмет көрсетілген соң, оларға қойылатын кәсіби талап та арта түседі. «Мектептің жаны – мұғалім. Ол қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар мектептен терең білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзі бүгінгі ұстазға қойылатын талапты дөп басып тұр. Әрине, басты тетік ұстаздың өзінде. Өзін өзі сыйлата білмеген ұстаз оқушы алдына немесе мінберге шығып, дәріс оқуға моральдық құқы жоқ. Сондықтан үнемі ізденісте жүрген, шеберлігін дәйім шыңдайтын, мәдениеті, адамгершілігі, бар бітім-болмысы жоғары азамат – шәкірттің ғана ұстазы емес, қоғамның ұстазы. Отанымызда ұстаз абыройы артқан сайын,

білім мен ғылымның, тәрбие мен мәдениеттің абыройы артатыны сөзсіз. Дана бабаларымыз балаға білімнен бұрын тәрбие берілуі керек екенін мұнан мың жыл бұрын айтып кеткен. Отбасы тәлімі мен елдік тәрбие – білім жүйесінің әрі өзегі, әрі айнасы. Қазақстанның отаншыл ұл-қызын оқытудың мақсаты мен мазмұны жылдан-жылға айқындалып келеді. Атап айтсақ, мақсат – бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру, ал білімнің мазмұны – елдік тәлім-тәрбие мен адамзат ақыл-ойының інжу-маржаны деп білеміз. Биылғы республикалық тамыз конференциясында ел Президенті Қ.К.Тоқаев қабылдануы жоспарланған «Педагог мәртебесі туралы» заңда ұстаздарды қолдаудың кешенді шаралары қарастырылғанын, соның ішінде мұғалім жүктемесін азайту, абыройы мен беделін көтеру, материалдық жағдайын жақсарту белгіленгенін қадап айтты. Рас, ұстаз мәртебесі туралы заң қоғамның барлық жігін де бейжай қалдырмады. Барлық жиында, басқосуда бұл тақырыпты айналып өткен адам аз. Біз мұның бәрін – жанашырлық пен жауапкершілік деп ұқтық.

Төртінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Озат педагогикалық тәжірибені талдау және зерттеу.
2. Педагогикалық озат тәжірибені жинақтау және тарату жұмыстарының негізгі бағыттарын көрсетіңіз.
3. Педагогтарды аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстарының негіздерін жүйелеңіз.
4. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға бекітілетін біліктілік санаттарын жіктеңіз.
5. Педагог мәртебесі ұғымына сипаттама беріңіз.
6. «Педагог мәртебесі туралы» заңның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталыңыз.
7. Беделдің тұлғалық құраушысына сипаттама беріңіз.
8. Педагог беделінің талаптарына бағынышты баспалдағын құрыңыз.
9. Педагогикалық шеберліктің мына формуласының мәнін ашыңыз «білім-тәжірибе-тұлға».
10. Шебер педагог үлгісін жасаңыз, сипаттаңыз, талдаңыз.
11. Педагогикалық рефлексияның ерекшелігі неде?
12. Педагог беделіне қажетті талаптардың кестесін құрыңыз.
13. Педагогикалық қызмет неліктен адам әрекетінің негізіне жатқызылады?
14. Педагогикалық техниканың ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
15. Педагогикалық шеберліктің қазіргі жаңа формациядағы мұғалімнің әрекетінде алатын орны қандай екенін сипаттаңыз.

V. Тәжірибелік тапсырмалар

1. Мұғалімнің методологиялық мәдениетін өз бетінше бағалауы

Ұсынылатын тестінің ерекшелігі – ол білімін, білігін және тұлғалық сипатын өзінше бағалау негізінде мұғалімнің методологиялық мәдениетінің өзекті деңгейін анықтауға және рефлексиялауға мүмкіндік береді. Көз алдарыңызға осы сапалық дамудың жоғары (9 балл) және ең төмен (1 балл) деңгейін елестетіңіз, сонан соң өзіңіздің 9 балдық шәкіл бойынша орныңызды тауып, белгілеңіз.

Тест сұрақтары	Бағалары шкаласы
1. Оқыту, тәрбиелеу саласында зерттеу, реформалау қажеттігін қандай дәрежеде қажет етесіз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9,
2. Егер сізде керемет педагогикалық идея туса, онда алдын ала оны теория жүзінде негіздеп,	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9,

эксперимент жүзінде тексеру қабілетіңіздің деңгейі қандай?	
3. Зерттелетін проблеманың маңызын, мақсатын, нысанын, пәнін, жұмыс гипотезасын, зерттеу міндеттерінің тұжырымдаудағы, экспериментті жоспарлаудағы қабілет деңгейіңіз қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
4. Педагогикалық зерттеулердің педагогикалық процестерді модельдеу, сауалнама жүргізу, тестілеу әдістерін қандай дәрежеде меңгересіз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
5. Өзіңіздің өз бетіңізбен сауалнама, тест дайындай алатындығыңызды қаншалықты жоғары бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
6. Педагогикалық эксперимент процесінде және оның нәтижесін өңдеуде математикалық статистика әдістерін, компьютерлік техниканы қандай дәрежеде пайдалана аласыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
7. Сіз бұдан бұрын қандай да бір педагогикалық экспериментті ұйымдастыруға қатыстыңыз ба және сіздің белсенділігіңіз, жауапкершілігіңіз, қатысу деңгейіңіз қандай болды?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
8. Сіз педагогикалық зерттеулердің негізгі методологиялық принциптерін атауға қабілеттісіз бе, ең бастысы оларды пайдаланудағы қабілет деңгейіңіз қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
9. Сіз педагогикалық эксперименттің нәтижесін қорытындылай келіп, мақала жазуға, ғылыми семинарда немесе конференцияда шығып сөйлеуге қандай дәрежеде қабілеттісіз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
10. Сіз өзіңіздің ғылыми пікірталастар жүргізу, қандай да бір талас тудыратын методологиялық мәселе, педагогикалық проблема бойынша өз көзқарасыңызды ұстану қабілетіңіз бен білігіңізді қаншалықты жоғары бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9

Сұрақтарға жауап берген соң, өзіңіздің методологиялық мәдениетіңіздің жалпы деңгейін ұсынылып отырған шкала бойынша анықтаңыз.

Балдар жиынтығы	Деңгейлер
10 – 18	Өте төмен

19 – 27	Төмен
28 – 36	Орташадан төмен
37 – 45	Орташадан сәл төмен
46 – 54	Орташа
55 – 63	Орташадан сәл жоғары
64 – 72	Орташадан жоғары
73 – 81	Жоғары
82 – 90	Өте жоғары

2. Педагогикалық қызметке дайындық тесті

1. Сіз қате жібердіңіз, сізге нұсқалды. Өзіңізді қалай ұстайсыз? а) Байқамаған түр танытасыз б) Сөзді бөлу әдепсіздік деп айтасыз. в) Қателігіңізді мойындайсыз
2. Сіздің үйіңізде мысық пен ит тұрады, сіз оларға қасындағы ыдыстарға тамақ бердіңіз, бірақ жануарлар ұрысып қалды. Кімге ұрысасың?
а) Мысыққа. б) Итке в) Өртүрлі әрекет етесіз.
3. Сіз таза бөлмеге кірдіңіз, ал сіздің көз алдыңызда бөлмедегі адамдардың біреуі еденге кәмпит қағазын лақтыра салды. Сіз не істейсіз? а) «Ұялмайсыз ба» деп айтамын б) Бәрінің көзінше өзіңіз жинайсыз в) өз ойыңызды айтасыз
4. Сіз достарыңызға дау-дамайды шешуге жиі көмектесесіз бе, сәттілікке жетесіз бе?
а) Жоқ. б) Иә. в) Әрқашанда емес.
5. Сіз көптен күткен кешке асығып, оған дайындалып жатырсыз. Әлі көйлегімді үтіктеу керек деп, ашуланасыз. Байқаусыздан көйлегіңізді күйдіріп алдыңыз, Сіздің іс-әрекетіңіз?
а) ашулану, жылау б) ренжіп тұрсыз, бірақ түр білдірмейсіз в) Сабыр сақтап, шығу жолын ойластырасыз
6. Сіз көшеде келе жатсаңыз, екі бала ұрысып жатыр деп елестетіңіз. Бұл төбелеске келеді. Сіз бұған қалай қарайсыз? а) Жанынан өтіп кетесіз б) Сіз сырттан бақылаушы боласыз, бірақ жағдай өзгерсе, араласасыз. в) Жанжалдарды бөлуге тырысасыз
7. Балалардың біреуі құлап, шалбарын жыртқанын өз жолдастары күле бастағанын көрдіңіз делік. Сіз бұған қалай қарайсыз? а) Барлық балаға айтасыз б) Баланы көтеріп, көмектесесіз в) басқа ойым бар
8. Егер сізге қазір сабақ өткізуді ұсынса, не істер едіңіз? а) Келіспейсіз б) ойлануға мүмкіндік сұрайсыз в) Келісесіз
9. Сіздің бос уақытыңызда көңіл-күйіңіз қандай болады? а) уақытты пассивті қолданасыз? б) уақытты тиімді өткізесіз в) армандайсыз
10. Сіз өзіңіздің орта мектеп оқушысы екеніңізді және сабақ оқымағаныңызды елестетіп көріңіз. Өзіңізді қалай ұстайсыз? а) жауап беруден бас тартасыз б) Жауап беруге тырысасыз в) Басқа жолын ойлап табасыз
11. Егер сіздің көңіл-күйіңіз нашар болса, бұл сіздің айналаңыздағы адамдарға әсер ете ме? а) Иә. б) Жоқ. в) Кейде.

12. Сіз екі баланың ойыншықпен бөліспегеніне куә болдыңыз. Сіздің әрекетіңіз? а) Олардан тартып аласыз б) Бірге ойнаңдар деп татуластырамын в) Дәл сондай ойыншық алып бересіз
13. Сізге жағымсыз адаммен қалай әрекет етесіз? а) Оны байқамауға тырысасыз б) араласа бересіз в) Өзіңізді жеңіп, ол кісінің жақсы жағын іздеуге тырысасыз
14. Сіз өзіңізге таныс емес ортаға келдіңіз, өзіңізді сол ортада қалай танытасыз? а) Көп сөйлейсіз б) Көп тыңдайсыз в) Басқа жолын табасыз
15. Сіз өзіңіздің жетістіктеріңізге жиі сенімді бола аласыз ба? а) Иә. б) Жоқ. в) Кейде.
16. Сіз адамдармен еркін сөйлесе аласыз ба? а) Жоқ. б) Көңіл-күйіме байланысты. в) Иә.
17. Сіз автобусты күтіп отырсыз, келуіне 10-35 минут қалды. Сізге бір әйел келіп, баланы 5 минуттай қарауды сұрайды, аялдаманың жанында орналасқан дәріханадан тез оралуға уәде береді. Уақыт өтеді, автобус бар, бірақ әйел жоқ, бұл соңғы автобус. Сіз не істейсіз? а) Кетіп қаласыз б) Күтесіз в) Басқа жолын табасыз
18. Кездескен кезде не нәрсеге назар аударасыз? а) Киімге б) Өзін-өзі ұстау әдебіне в) Көзіне
19. Дүкенде ұзын сонар кезек күтіп тұр, сізге бір за талу керек. Сіз нестейсіз? а) Күтесіз б) Кетіп қаласыз в) Басқа нәрсе ойлап табасыз
20. Егер сізде таңдау болса, өзіңіз үшін нені қалайсыз? а) Тігуді б) тоқуды в) басқа нәрсе
21. Сіз кешке шығасыз, аяғыңызда әдемі аяқ киім бар. Сіз асығып, қысқа жолмен жүруді ұйғардыңыз, бірақ үлкен шұңқыр бар. Сіз не істейсіз? а) Қайтып келесіз б) Тіке жүресіз в) Басқа шешім қабылдайсыз
22. Сіз күлген адамды көресіз. Бұған сіздің реакцияңыз? а) наза аудармайсыз б) Күлесіз в) Таңқаласыз
23. Сізге қиын кездерде сіздің жанашырлығыңызды іздеп, бір адам келді. Сіз не істейсіз? а) Қиындықтан қалай шығу жолын айтасыз б) Тыңдап, жанашырлық танытасыз в) Көмектесесіз
24. Егер сіздің топта алғашқы күндерден бастап достық қарым-қатынас болмаса, сіз не істейсіз? а) Жанжалдан қашасыз б) Өзіңізді дұрыс деп санасаңызда, дұрыс емес деп айтуға өз-өзіңізді көндіресіз. в) Дұрыстығыңызды дәлелдейсіз
25. Сіз адамдарда қандай қасиеттерді бағалайсыз? а) Мейірімділік б) Жауапкершілік в) Шыдамдылық

Қорытынды: «а» - 2 балла; «б» - 1 балл; «в» - 0 баллов.

Егер сіз 20 баллдан төмен жинасаңыз - сізде басқаларға тиімді әсер етуге керемет бейімділіктеріңіз бар, сіз адамдарға тәлім-тәрбие беру, білім беру, басқару қабілетіңіз бар, сендіру қабілетіңізде бар, сіз жақсы мұғалім, тәрбиеші, психолог бола аласыз.

20-30 балл арасында жинасаңыз - Сіз өзіңізді нақты бағалайсыз, бірақ сіз тым сабырлысыз, сондықтан оны кейде немқұрайлылық деп түсінуге болады. Сізде болып жатқан жағдайға тез және дұрыс реакция жасауды үйренуге мүмкіндігіңіз бар, содан кейін сіз мұғалім бола аласыз.

30 баллдан жоғары жинасаңыз - Сіз біршама өз-өзіңізге сенімдісіз, сіз тәуелсіз әрі шыдамды болуыңыз керек, бірақ сіз жайсыздыққа тап болмасаңыз жеткілікті: сіз жіберген кейбір қателіктер бір нәрсені білмеуге емес, ұқыпсыздыққа байланысты.

3. Педагогикалық қарым-қатынастағы сіздің стиліңіз?

Ұсынылған тест сізге педагогикалық қарым-қатынас стилін анықтауға көмектеседі. Сіз өзіңіз дұрыс деп тапқан 20 пікірді таңдап алыңыз.

1. Табиғатынан мінсіз адам жоқ.
2. Жаза - балалардың қатал бейімділігін жеңудің жолы..

3. Оқушыларға сыныптастарының білімін бағалауда әділеттілік сипатталады.
4. Оқушы мақтанып кетпес үшін, ұжымда кемшіліктері туралы айтылу керек.
5. Төзімділік, балалармен ымыраға келу - мұғалім үшін кәсіби қажет.
6. Баланы құрметтеу жоғары талап қоюды білдіреді.
7. Оқушылардың мінез-құлқын реттеп қана қоймай, оларды өзін-өзі реттеуге ынталандыру керек.
8. Мұғалімнің келісім беруіне көбіне әлсіз оқушылар керек етеді.
9. Талап етпеген жағдайда оқытуға да, тәрбиелеуге де болмайды.
10. Бала қаншалықты агрессивті болса, оған мұғалімнің талаптары соғұрлым қажет.
11. Оқушының өтірігі көпшілік алдында жария етілуі керек.
12. Мұғалімнің табандылығы мықты мінез тәрбиесіне зиянын тигізбейді.
13. Оқушыларды сабаққа отырғызу кезінде олардың үлгерімі мен мінез-құлқын ескеру қажет.
14. Ер баланың батыл болып өсуі үшін оны әлсіздік танытқанда ұялту керек.
15. Балалардың өмірлік тәжірибесі аз болса да, мұғалім онымен жиі кеңесіп отыруы керек.
16. Мектеп пен отбасы оқушыларға бірыңғай педагогикалық талаптарды ұсынуы керек.
17. Кез-келген педагогикалық жанжал баланы зорлық-зомбылықсыз шешуге болады.
18. Оқушылармен жүргізілетін жеке әңгіме жіберілген қателіктерді сендіруге арналған.
19. Балалармен қарым-қатынаста қашықтықты сақтау олардың иеліктен кету қаупімен байланысты.
20. Оқушылармен қақтығыстарға жол бермейтін мұғалім кәсіби әлсіздік көрсетеді.
21. Жеке жоспарда мұғалім оқушыдан артық емес.
22. Конфликт - оқушының мінезін пысықтау тәсілі.
23. Мұғалімге баланың мойынсұнуы емес, қарсылық білдіру қабілетін дамыту қажет.
24. Кез-келген өрескел заңсыздық үшін оқушы жазалануы керек.
25. Баланы құрметтейтін ұстаз - оның қажеттіліктерін, тілектерін, көңіл-күйін ескеретін адам.
26. Сабақта бастысы –тәртіп.
27. Тек тең серіктес диалог баланы өздігінен ойлауға итермелейді.
28. Егер балалар түсініктеме бермесе, тәртіп қиын болады.
29. Мұғалім балаларды қиындықтан қорғауға арналған.
30. Оқушылардың зергерлік бұйымдарды мектепке киюге деген ықыласын оятуға болмайды.
31. Егер оқушы жақсы оқымаса, онда оның оң пікірі болмайды.
32. Мұғалім кірген кезде барлық балалардан бірден тұруды талап ету керек.
33. Гуманистік педагогикадағы ең бастысы - баламен диалог өнері.
34. Оқушылардың тұрақсыздығы - мұғалімнің талап ете алмауының салдары.
35. Барлық балалар табиғатпен дарынды, бірақ әрқайсысы өзіндік ерекшелікке ие.
36. Мұғалімнің оқу жұмысында да, тәрбие жұмысында да қателіктер жіберуге құқығы жоқ.
37. Жақсы мұғалім баланың жеке басын жоғарылатады, оның күшіне деген сенімін нығайтады, жаман мұғалім оны жояды.
38. Оқушы өзіншіл болып өспеуі үшін ұжымға бағынуы керек.
39. Баланың өзін оның қабылдауы оның жеке басының дамуын болжауға көмектеседі.
40. Жалқау балалар мектепке нашар барады.
41. Зорлық-зомбылық баланың жеке басын өзгертеді.
42. Тәрбие барысында балаларды игі істерге шақырып, жамандықтарын жазалау керек.
43. Мұғалімнің авторитаризмі баланың құлдық психологиясына айналады.

Нәтижелерді есептеу:

Әрбір шешім үшін тақ санмен белгіленген пікірді таңдасаңыз - 2 балл, жұп сан белгіленген пікірді таңдасаңыз – 1 балл.

Егер сіз 15 немесе одан көп ұпай жинасаңыз, онда демократиялық стильге, ал 15-тен аз болса - авторитаризм стилі тән.

4. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау

Төменде ұсынылып отырған тест 9 балдық шкала бойынша тұлғалық сипатты немесе тұлғаның шығармашылық әлеуетінің даму деңгейін сипаттайтын олардың пайда болу жиілігін өзінше бағалауға мүмкіндік береді. Көз алдарыңызға осы сапалық дамудың жоғары (9 балл) және ең төмен (1 балл) деңгейін тауып елестетіңіз, содан соң өзіңіздің 9 балдық шкала бойынша орныңызды тауып белгілеңіз.

Тест сұрақтары	Бағалау шкаласы
1. Бастаған істі логикалық аяқтау сізде жиі бола ма?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
2. Егер барлық адамдарды ойша логиктерге және эвристиктерге, яғни идеялардың генераторына бөлетін болсақ, сіз қандай дәрежедегі идеялар генераторы болар едіңіз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
3. Өзіңізді қандай дәрежеде табанды адам деп санайсыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
4. Сіздің соңғы «өніміңіздің», еңбектеріңіздің көбіне бастапқы жобаңыздың, ойыңыздың айырмашылығы қандай деңгейде?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
5. Адамдардың берген уәдесін орындау үшін талап қоя білу және табандылық көрсетуге қабілетіңіз қандай деңгейде?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
6. Сіз басқалардың атына жиі сын айтасыз ба?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
7. Туындаған проблемалар шешімінің сіздің күш-қуатыңыз бен табандылығыңызға байланыстылығы қандай деңгейде?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
8. Ұжымыңыздағы адамдардың қанша пайызы сізді, сіздің бастамаңызды, ұсыныстарыңызды қолдайды? (1 ұпай 10% шамасында)	1,2,3,4,5,6,7,8,9
9. Көңіл-күйіңіз көңілді және оптимистік жағдайда жиі бола ма?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
10. Егер соңғы жыл бойында сіз шешкен проблемаларды шартты түрде теориялық және практикалық деп бөлсе, онда соның ішіндегі практикалық проблемалардың үлес салмағы қандай?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
11. Өз принциптеріңізді, көзқарастарыңызды жиі қорғайсыз ба?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
12. Сіз үшін өмірлік маңызы бар проблемаларды шешуге көпшілігіңіз бен тіл табыса білушілігіңіз қандай дәрежеде ықпал етеді?	1,2,3,4,5,6,7,8,9

13. Ұжымдағы күрделі проблемалар мен істерді шешудегі басты жауапкершілікті өзіңізге жиі аласыз ба?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
14. Идеяларыңыз бен жобаларыңызды өмірде қандай дәрежеде іске асырдыңыз?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
15. Жұмыста немесе оқуда тапқырлық және ұтымдылық көрсету арқасында өз қатарластарыңыздан жиі алға шығасыз ба?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
16. Жолдастарыңыздың, жақындастарыңыздың арасында көпшілігі сізді тәрбиелі, интелегентті деп санай ма?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
17. Сіздің өміріңізде қабылдағандарыңыз достарыңыз үшін күтпеген, жаңа іс болып көрінген жағдайлар жиі бола ма?	1,2,3,4,5,6,7,8,9
18. Өз өміріңізді түбегейлі өзгерту немесе көне проблемаларды шешуде жаңа тәсілдер табу жиі кездесті ме?	1,2,3,4,5,6,7,8,9

Жинақталған қорытынды ұпай негізінде өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізді анықтаңыз:

Балдар жиынтығы	Деңгейлер
18-39	Өте төмен
40-54	Төмен
55-69	Орташадан төмен
70-84	Орташадан сәл төмен
84-99	Орташа
100-114	Орташадан сәл жоғары
115-129	Орташадан жоғары
130-дан жоғары	Жоғары

5. Педагогикалық қабілетті зерттеу

Мақсаты: Педагогикалық қабілеттің даму деңгейін зерттеу

Нұсқау: Сіздің алдыңызда күрделенген педагогикалық жағдайлар қатары берілген. Әр берілген жағдайды оқи отырып, өз педагогикалық пайымдауыңыз бойынша көрсетілген нұсқаудың біреуін таңдайсыз. Егер берілген нұсқаулардың ешқайсысына көңіліңіз толмаса, онда жетінші нұсқаға өзіңіз дұрыс деген ойыңызды жазыңыз.

1) Сіз сыныпты тыныштандырып, сабақты бастап кеттіңіз. Бір уақытта оқушының қатты күлкісі естілді. Сіз тосыннан ештеңе айтып үлгермей, оған таңдана қарап едіңіз, ол сізге тіке қарап: «Сіз сабақ түсіндірген кезде менің сізге қарап күлкім келеді».

Сіз қандай шешім қабылдайсыз? Төмендегі жауаптардың ішінен сіздің шешіміңізге сәйкес келетін жауапты белгілеңіз,

1. Қарай гөр, өзін!
2. Саған не күкілі?
3. Еркің білсін.
4. Есің дұрыс па?
5. Көңілді адамдарды ұнатамын!
6. Сенің көңіл-күйіңді көтергеніме қуаныштымын.
7. _____

2) Сіз сабақ берген бірінші күніңізде немесе бірнеше күннен соң, оқушы сізге: «Менің ойымша, сіз мұғалім ретінде бізге ештеңе үйрете алмайсыз.»

1. Сенің ісің мұғалімге үйрету емес, өзін оқуың керек.
2. Әрине, мен сендерге ештеңе үйрете алмаймын.
3. Саған басқа сыныпқа ауысып, басқа мұғалімнен оқуың керек шығар.
4. Шындығына келгенде, сенің оқығың келмейді.
5. Неге олай ойлатыныңды білгім келеді.
6. Бұл туралы нақтырақ сөйлесек қайтеді? Мүмкін мен бір нәрсені дұрыс істемегендіктен сенде осындай ой қалыптасып отырған шығар?

7. _____

3) Мұғалім оқушыларға тапсырма берді. Оқушы берілген тапсырманы орындағысы келмей:

- Орындағым келмейді, - деді
Мұғалімнің әрекеті қандай болады?

1. Орындағың келмесе орындатамын!
2. Онда сен неге мектепке келдің?
3. Дым білмей қалғаның өзіңе жаман. Сен оқымай өзіңе жамандық жасап тұрсың.
4. Мұның немен аяқталатынына сен есеп бересің бе?
5. Не себепті екенін сен маған тусіндіре аласың ба?
6. Мүмкін сенікі дұрыс шығар. Бұл туралы отырып сөйлесейікші.

7. _____

4) Оқушы оқу үлгеріміне, қабілетіне көңілі толмай және жаңа тақырыпқа дұрыстап түсіне алмай, мұғалімге: «Мұғалім, мен келешекте жақсы оқып, сыныптағы басқа балалардан озады деп ойлайсыз ба?»

Мұғалім не деп жауап беруі керек?

1. Шынымды айтсам, күмәнім бар.
2. Әрина, сен бұған күмәнданбай-ақ қой.
3. Қабілетің жақсы мен сенен үлкен үміт күтемін.
4. Неге сен өз-өзіңе сенбейсің?
5. Сөйлесіп қиындықтың неде екенін анықтап алайық

6. Бәрі екеуміздің бірігіп жұмыс істеуімізге байланысты.

7. _____

5) Оқушы: «Қазір сіз беретін сабаққа қатысқым келмейді, оның орнына мен достарыммен қыдырсам деймін», - деді.

Қалай жауап беру керек?

1. Осыдан, солай істеп көр.
2. Келесіде мектепке ата-ананды ертіп келуіңе тура келеді.
3. Өзің біл емтихан тапсыратын өзің ғой. Сабақты босатқан күндеріңе бәрібір жауап беруге тура келеді.
4. Сен сабаққа ешқандай көңіл бөлмейтін сияқтысың?
5. Мүмкін саған мектепті тастау керек шығар?
6. Одан әрі сен не істеймін деп ойлайсың?
7. Сенің сабақ оқығаннан гөрі, достарыңмен демалған, қыдырғаның неге қызықты екенін білу маған қызықты.
8. Мен сені түсінемін. Сабақ оқығаннан гөрі демалған, қыдырған, концертке бару қызықты. Бірақ неге бұлай ойлайтыныңды білгім келеді?

9. _____

б) Есіктен кіріп келе жатқан мұғалімді көріп оқушы: «Сіз бүгін өте шаршаған кейіптесіз», - деді.

Бұған мұғалім қалай жауап беру керек?

1. Сенің тарапыңнан маған мұндай ескерту жасау дұрыс емес.

2. Ия, мен өзімді нашар сезініп тұрмын.
3. Өзіңді жөндеп ал!
4. Бүгін нашар ұйықтадым және жұмыстарым да көп болды.
5. Уайымдама, менің шаршағаным біздің сабағымызға зиянын келтірмейді.
6. Қамқорлығыңа рахмет, сен өте байқағышсың.
7. _____
- 7) Оқушы: «Менің ойымша сіздің сабағыңыздың маған ешқашан көмегі жоқ.... Мен сабақты тастасам ба?»
Бұған мұғалімнің жауабы:
1. Ондай ақымақтықты таста.
2. Ойлап тапқанын қарашы!
3. Мүмкін, саған басқа мұғалім табу керек шығар?
4. Сенің неге олай істейтініңді анығырақ білсем деймін.
5. Мүмкін, біз сенің жағдайыңды бірлесе отырып шешетін басқа жолдарды қарастырармыз?
6. Мүмкін сенің жағдайыңды басқаша шешерміз?
7. _____
- 8) Оқушы өзіне деген сенімділігін, білдіру үшін, мұғалімге: «Егер істеймін десем, кез-келген жұмысты атқара аламын. Керек десеңіз, сіздің беретін пәніңізді меңгеру, маған еш қиындық тудырмайды»
Мұғалімнің жауабы:
1. Сен өзіңді тым жоғары бағалайсың.
2. Қайдам? Сенің мына қабілетіңмен бе?
3. Сен бұлай деуіңе қарағанда, өз-өзіңе сенімді сияқтысың?
4. Егер істеймін десем, қолыңнан бәрі келетініне күмәнім жоқ.
5. Ол үшін сенің көп еңбектенуің керек шығар.
6. Шектен тыс сенімділік жұмысқа кері әсерін тигізеді.
7. _____
- 9) Мұғалімнің берген ескертуіне, оқушы: «Мені өте қабілетті адам санайды!» - деп пәнді еш қиындықсыз меңгеретіндігін айтты.
Мұғалім қалай деп жауап беруі керек?
1. Сен бұл айтылған ойға сәйкес келмейсің.
2. Сенің сабақтағы қиналғаныңа қарағанда, бұған білімің жетіңкіремейді
3. Көп адамдар өздерін солай санайды, Бірақ іс жүзінде көпшілігі олай болып шықпайды.
4. Өзің туралы мұндай жоғары ойда болғаныңа қуаныштымын.
5. Міне, енді өзіңнің оқуыңа одан да көп күш салуың керек.
6. Сен өзіңнің қабілетіңді, шаманды білмей тұрған сияқтысың
7. _____
- 10) Оқушы мұғалімге: «Мен тағы да дәптерімді ұмытып кетіппін», - деді.
Не деп жауап беру керек?
1. Тағы да ма?
2. Бұл жауапсыздық қой!
3. Бұл іске енді басқаша қарау керек сияқты.
4. Неге екенін білуге бола ма?
5. Сенде ең құрымаса дәптерді ұмытпайтындай мүмкіндік болмады ма?
6. «Мен бұл туралы ылғи неге ескертеді деп ойлайсың?»
7. _____
- 11) Оқушы мұғаліммен әңгімелесіп тұрып: «Сіз маған басқа оқушыларға қарағанда, жақсырақ көңіл бөлгеніңізді қалаймын», - деді.
Оқушының бұл ұсынысына мұғалім не деу керек?
1. Неге мен саған басқалардан гөрі ерекше қарауым керек?
2. Кімге қалай қарау керек екенін өзім білем.

3. Сен сияқты өтініш жасайтын адамдар маған ұнамайды.
4. Неге мен сені басқа оқушылардан бөле-жара қарау керектігін білгім келеді?»
5. Егер мен сені басқалардан ерекше жақсы көремін десем, өзінді жақсы сезінер ме едің?»
6. Қалай ойлайсың, шындығында мен саған қандай көзқарастамын?
7. _____

12) Оқушы мұғалімге осы пәнді дұрыстап түсіне алмайтындығын айтып: «Мені не алаңдатытынын айттым. Мұның себебін және одан әрі не істеу керектігімді айтыңыз». Мұғалім не деуі керек?

1. Меніңше сенің өзіңе көңілің толмайтын сияқты.
2. Бұған алаңдайтын ешнәрсе жоқ.
3. Мен бұл туралы өз ойымды айтпас бұрын, жағдайды тереңірек біліп алуым керек.
4. Шамалы күте тұрайық, біраз жұмыс істеп алып барып, бұл жағдайға қайтып оралайық. Біз шешімін табатын сияқтымыз.
5. Мен саған тура қазір жауап бере алмаймын. Сәл ойлануым керек.
6. Алаңдама, менің де сендей кезімде дәл осындай қиындық болған.
7. _____

13) Оқушы, мұғалімге: «Маған сіздің сөйлегеніңіз, сабақ түсіндіргеніңіз ұнамайды» Мұғалімнің жауабы қандай болу керек?

1. Бұл жақсы емес.
2. Сен бұл туралы ештеңе түсінбейтін сияқтысың.
3. Бұдан арғы сабақтарда сенің көзқарасың өзгереді деген ойдамын.
4. Неге?
5. Сабақты қалай түсіндіргенімді қалайсың?
6. Әр адамның қабылдауы әр түрлі.
7. Мен не үшін, кім үшін сабақ түсіндіреді деп ойлайсың?
8. _____

14) Оқушы сыныптасымен қарым-қатынасының нашар екенін көрсете отырып: «Мен онымен бірге оқығым келмейді».

Мұғалім не деуі керек?

1. Ия, тағы не айтасың?
2. Қаламасаң да, бірге оқуға тура келеді.
3. Бұл сенің тарапыңнан дұрыс емес.
4. Осы сөзді естігеннен кейін оның да сенімен оқығысы келмейді.
5. Неге?
6. Менің ойымша сенікі дұрыс емес.
7. _____

Нәтижені бағалау. Берілген жауапты қорыта отырып, сапалы түрде бағалаған дұрыс. Егер зерттелушінің жауабын сандық түрде, әрі жауаптың ұпайын шығару керек болса, 1-кестеде берілген кілтке салынып есептелінеді. Зерттелуші өз ойын жазған нұсқа бөлек бағаланып, бағасы жалпы ұпайға қосылады.

1-кесте

Педагогикалық жағдайлардың реттік саны Таңдап алынған нұсқа және оның ұпайлық бағасы

1-кесте

Педагогикалық жағдайлардың реттік саны Таңдап алынған нұсқа және оның ұпайлық бағасы

Егер зерттелуші 4,5 ұпай жинаса, оның педагогикалық қабілет жоғары деңгейде деп есептелінеді.

Орташа ұпай 3,5-4,4, ұпай аралығында болса, педагогикалық қабілеті орта деңгейде дамыған болып саналады.

3,4 ұпай жинаса, педагогикалық қабілет төмен деңгейде деген сөз.

«Педагогикалық шеберлік» курсы бойынша реферат тақырыптары

1. Педагог бейнесі.
2. Педагог әрекетіндегі еркіндік.
3. Педагогтың педагогикалық епті меңгеру шарттары.
4. Педагогикалық қарым-қатынастың коммуникативті және этикалық салаларының тұтастығы.
5. Оқытушының кәсіби жарамдылық деңгейі.
6. Оқытушының кәсіби анықталуы.
7. Оқытушының педагогикалық бағытталуы және рухани дүниесі.
8. Педагогтың кәсіби өзін-өзі дамытуының этикалық саласы.
9. Педагог қызметі мен қарым-қатынасының мәні.
10. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік.
11. Педагогикалық қызмет мотивациясы және қарым-қатынас.
12. Педагогтың позициясы (ұйымдастырушы, басқарушы, жетекші) және оның тұлғалық бағдарлы білім беру үрдісіндегі спецификасы.
13. Өзара әрекеттесу және қарым-қатынас – рухани өндірістің түрі.
14. Педагогикалық қызмет және қарым-қатынастың тиімділігін өзіндік диагностикалау әдістері мен критерийлері.
15. Педагогтың кәсіби өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу жолдары.
16. Педагогикалық әдеп және шығармашылық.
17. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі.
18. Жаңартылған білім беру аясында педагог шеберлігін қалыптастыру әдістемесі.
19. Қақтығыстар – мұғалім қызметіндегі психологиялық, педагогикалық проблемалар.
20. Педагогтық қызметтегі актерлік шеберлік және режиссерлік элементтер.
21. Мұғалім –новаторлардың педагогикалық іскерлігі.
22. Педагогикалық қарым-қатынастағы оқытушының шығармашылығы.
23. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби өзін-өзі жетілдіру тәсілдері.
24. Мектеп мұғалімі қызметіндегі рефлексия мәдениеті.
25. Педагогикалық қызмет және қарым-қатынас тиімділігінің әдістері және өзіндік диагностика жасау өлшемдері.
26. Педагогтың лекциялық сөз мәдениеті.
27. Мұғалімнің қазіргі қоғамдағы мәртебесі.
28. Педагог мәртебесі – заман талабы.
29. Педагогикалық шеберлік –педагогикалық мәдениеттің компоненті ретінде.
30. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдау жолдары.

Тест тапсырмалары

«Педагогикалық шеберлік» негіздерінен тест тапсырмалары

1. Педагогикалық шеберлік-бұл.....

- А) педагогтың кәсіби іс-әрекетінің ең жоғары деңгейі.
- В) тұлғаның кәсіптік бағытталуының жоғары формасы.
- С) оқушыларға оқу материалын неғұрлым түсінікті қылып беру қабілеті.
- Д) оқушыларға педагогикалық ықпал жасаудың әдістер жүйесін тиімді қолдануға қажетті іскерліктер мен дағдылар жиынтығы.
- Е) ғылымның белгілі бір сапасы бойынша білімді меңгерту.

2. Педагогикалық шеберлік ұғымының мазмұнына мыналар кіреді:

- А) кәсіптік білім.
- В) жоғары деңгейлі мәдениет, эрудиция.
- С) педагогикалық қабілет
- Д) педагогикалық техника
- Е) гуманистік бағыттылық.

3. Педагогикалық шеберліктің өзара байланысты элементтері:

- А) білім, іскерлік, дағды
- В) эрудиция
- С) жоғары деңгейлі мәдениет
- Д) дидактикалық қабілет
- Е) кәсіптік білім, педагогикалық қабілет, педагогикалық техника.

4. Кәсіптік білім

- А) педагогикалық шеберліктің іргетесы
- В) іс-әрекетке қажет болатын арнайы іскерліктер мен дағды.
- С) тұлғаның кәсіптік бағытталуының жоғары формасы
- Д) ғылымның белгілі бір саласы бойынша білімді меңгеру
- Е) білім, іскерлік, дағдыны меңгеру үрдісі.

5. Педагогикалық қабілет

- А) педагогтың кәсіби іс-әрекетінің ең жоғары деңгейі.
- В) өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруі.
- С) тұлғаның кәсіптік бағыттылығының жоғары формасы.
- Д) педагогикалық шеберліктің іргетасы.
- Е) педагогикалық шеберліктің мақсаты.

6. Педагогикалық қабілеттің неше түрі бар?

- А) 1
- В) 5
- С) 3
- Д) 9
- Е) 7

7. Педагогикалық өнер қай өнермен өте ұқсас

- А) музыка
- В) театр
- С) көркемөнер
- Д) сурет
- Е) спорт

8. Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнықтыруға мүмкіндік беретін педагогикалық қабілет

- А) дидактикалық
- В) перцептивті
- С) суггестивті
- Д) коммуникативті
- Е) академиялық

9. Қабілеттің он екі түрін бөліп көрсеткен кім?

- А) Р.Н.Гонобалин.
- В) Н.Д.Левитов

С) С.Л.Рубенштейн Д) Б.М.Теплов

Е) В.А. Крутецкий

10.Н.В. Кузьмина педагогикалық қабілеттің неше деңгейін бөліпкөрсетті?

А)3

В)4

С)2

Д)6

Е) 5

11.Коммуникативті қабілет-

А) оқушыларға материалды қолы жетерлік деңгейде қызықты түрде ұсыну іскерлігі.

В) оқушылардың түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыруға ұжымды қалыптастыруға бағытталған.

С) оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін қабілеттер.

Д) оқушылардың ішкі дүниесіне ену іскерлігі.

Е) сендіру және иландыру қабілеті.

12) Академиялық қабілеттер-

А) ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер.

В) оқушылар ұжымын ұйымдастыру қабілеті

С) оқушыларға эмоционалды еркін әсер ету қабілеті.

Д) оқушылардың ішкі дүниесіне ене білу қабілеті.

Е) оқушыларға өту материалын түсінікті қылып беру қабілеті.

13.Дидактикалық қабілеттер-

А) ғылымының сәйкес аймағына деген қабілеттер.

В) оқушыларға өту материалын түсінікті қылып, айқын , нақты түрде ұсыну іскерлігі.

С) оқушылар ұжымын ұйымдастыру қабілеті.

Д) оқушылардың ішкі дүниесіне ене білу қабілеті.

Е) оқушыларға эмоционалды еркін әсер ету қабілеті.

14.Ұйымдастырушылық қабілеттер-

А) оқушыларға эмоционалды еркін әсер ету қабілеті.

В) оқушыларға өту материалын түсінікті қылып, айқын , нақты түрде ұсыну іскерлігі.

С) оқушылардың түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, ұжымды қалыптастыруға бағытталған.

Д) оқушылардың ішкі дүниесіне ене білу қабілеті.

Е) ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер.

15. Перцептивті қабілеттер-

А) баланың ішкі дүниесіне ене білу қабілеті.

В) оқушыларға эмоционалды еркін әсер ету қабілеті.

С) оқушыларға өту материалын түсінікті қылып, айқын , нақты түрде ұсыну іскерлігі.

Д) ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер.

Е) оқушылардың түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, ұжымды қалыптастыруға бағытталған.

16.Суггестивті қабілеттер-

А) эмоционалдық тұрақтылық және болжамдық қабілет.

В) оқушыларға эмоционалды еркін әсер ету қабілеті.

С) ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер.

Д) оқушылардың ішкі дүниесіне ене білу қабілеті.

Е) сендіру және иландыру

17.Педагогикалық қабілетті тұлғалық кәсіптік бағыттың жоғары формасы деп белгілеген.

А)Коменский

В) Станиславский

С)Молдағалиев

Д)Сластенин

Е) Амонашвили.

18.Педагогикалық шеберліктің мазмұнына кіретіндердің ішіндегі артығы:

А) эрудиция.

В) жалпы жоғары деңгейдегі мәдениет

С) пән бойынша ауқымды білім

Д) оқыту мен тәрбиелеудің әдісін меңгеруі

Е) тәжірибенің жетпеуі.

19.«Дауысты дұрыс орнатудың мәні тек әдемі ән айтылып, әңгімелесуде емес, өз ойын, сезімін нақты, бұйыра, иландыра көрсете білуде. Бұның бәрі тәрбиелік техниканың мәселелері» деп кім айтқан?

А) Давыдов

В) Макаренко

С) Выготский

Д) Слостенин

Е) Занков

20.«Педагогика техника» терминімен мұғалімнің оқушыға жеке әсер етудің түрлі құралдарын белгілеуге болады деген кім?

А) Давыдов

В) Выготский

С) Макаренко

Д) Слостенин

Е) Занков

21.«Педагогикалық техника» ұғымына неше компонент енеді?

А) 4

В) 3

С) 5

Д) 2

Е) 1

22. Аутогендік жаттығулар-

А) өзін-өзі реттеу.

В) ерекше психофизиологиялық жаттығу.

С) өзін-өзі иландыру.

Д) психологиялық өзін-өзі реттеу.

Е) қажетті сапаларды қалыптастыру.

23. Сөйлеу мәдениеті-

А) бұл әдеби тіл нормаларын сәйкес сөздерді қолдану, айту, өзгерту, басқа лексемалармен біріктіру, сөйлемді дұрыс құрастыру.

В) қарым-қатынаста қажет болатын құралдардың жиынтығы.

С) грамматикалық сауаттылық.

Д) бай сөздік қор.

Е) қажетті сапаларды қалыптастыру

24. Тіл нормалары-

А) тіл нормаларына сәйкес сөздерді қолдану айту, өзгерту.

В) қарым-қатынаста қажет болатын құралдардың жиынтығы.

С) сөйлемді дұрыс құрастыру.

Д) грамматикалық сауаттылық.

Е) грамматикалық сөйлеу

25. Сөйлеу мәдениеті неше компоненттен құралған

А) 3

В) 2

С) 4

Д) 5

Е) 1

26. Педагогикалық қарым-қатынас үрдісіндегі сөзге қойылатын маңызды талаптардың бірі

А) нақтылық, дәлдік.

В) дәлдік, тиімділік

С) қарапайымдылық, ықшамдылық

Д) сенімділік

Е) дәлдік

27. Педагогикалық ықпалдың әсерін төмендетеді-

А) көп сөз, бос сөз.

В) қарапайымдылық.

С) ықшамдылық.

Д) қарапайымдылық, ықшамдылық.

Е) көп сөз

28. Бір нәрсені бірнеше рет қайталама сөздер мен жеткізу.

А) полисемия

В) тавтология

С) қыстырма сөз

Д) синтаксис.

Е) грамматика

29. Сөйлеу мәдениетінің ажырамас бөлігі

А) грамматикалық сауаттылық

В) тіл нормалары

С) бай сөздік қор

Д) тілтану

Е) синтаксис

30. Интонацияның неше түрі бар

А) 2

В) 3

С) 4

Д) 5

Е) 6

Педагогикалық жағдаяттар

№ 1 жағдаят

Жаңадан келген мұғалім оқушылармен тез тіл табысып кетті. Бірақ оны күлімдеп қарсы алып, көзін тез тайдырып, қоңырау соғылғанда шығып кетуге асығатындар да бар еді. Осыны байқаған мұғалім анкета беруді ұйғарды. Онда жалғыз ғана сұрақ бар еді: "Қазіргі мұғалім сенің ойыңша қандай болуы керек?" Мұғалім неге мұндай шешім қабылдады?

№ 2 жағдаят

(А. С. Макаренко шығармаларының 5-томынан алынды) Петренко заводқа кешігіп қалған. Кешкісін бұл туралы рапорт алдым. Петренко отрядының командирын шақырып алып:

- Сендерде заводқа кешігіп бару бар ма? - дедім.
- Иә, Петренко кешігіп қалды, - деді ол. Одан әрі екеуміз:
- Бұл қайтып қайталанбасын.
- Құп болады, енді қайталанбайды, - деп келіскенмен Петренко тағы кешіккен. Енді отрядты түгел жинап алып ескерттім. Олар енді кешігу болмайды деп келісті. Мен оларға: "кете берулеріңе болады" - дедім.

1. Неге ескерту айыптының өзіне жасалмай әуелі командирге, кейін отрядқа жасалды?
2. Бұл әдістің ықпал күші қайда? Оның мәнін ашып беріңіздер.

№3 жағдаят

Әрбір адам денесінің бітімі сымбатты, жан дүниесінің сергек болуына ұмтылады. Бұл орайда ұлттық ойындардың да рөлі зор.

Республиканың барлық мектептері үшін дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына бәйге, жорға жарыс, қыз қуу, теңге қазақша күрес т.б. ұлттық ойындарының түрлері ұсыныстарға сіздің пікіріңіз, оны немен дәлелдейсіз? Мектептерде жүзеге асырудың қандай тәжірибелерін білесіз?

Дене тәрбиесі пәнінде қолданылатын әдістерді түсіндіріңіз.

Дене тәрбиесіне байланысты қандай проблемалар туындап отыр.

№4 жағдаят

Екі баланың аналары өзара сөйлесіп отыр.

- Сіздің Серігіңіз суретті қандай жақсы салады, ал менің Даниярымның салғаны тек шимай-шатпақ. Қанша таза, ұқыпты салуды ескертсем де, бәрі бір нашар салады.

- Ал, сіз, балаңызды үйретуге тырыстыңыз ба?

- Мен, баламды сурет салуға жиі отырғызамын. Бірақ сурет салуға қабілеті мүлдем жоқ па деймін.

Сұрақ: Даниярдың анасының пікірі дұрыс па? Балалардың бейнелеу өнеріне деген ықылас-ынтасын тудыру үшін ата-аналарға қалай көмектесуге болады?

№5 жағдаят

Мұғалім: Балалар, бүгін біз мамандықтар туралы әңгімелесеміз. Әжелерің, аталарың, әке шешелерің қайда жұмыс жасайды ?

- Менің әкем милиционер.

- Өте жақсы.

- Менің апам тігінші.

- Өте жақсы.

- Ал, менің мамам - мұғалім.

- Балалар, Айманның мамасының мамандығы өте ауыр, өте қажет, қызықты және сыйлы мамандық.

- Айман "Олай емес. Папам айтады: ол ең қиын мамандық, себебі маманың бос уақытын құрытып, папамның жүйкесін тоздырып, мені бақылаусыз қалдырады".
- Мұғалім: ?

№ 6 жағдаят

Еңбек сабағы оқушылардың бәрі тегіс жұмыс жасауда. Тек жалғыз Самат жұмысты орындамай отыр. Сіздің әрекетіңіз?

№ 7 жағдаят

Жаңа педагогикалық технологиялар тізімін жасаңыз

№ 8 жағдаят

Үзіліс кезінде Серік коридордан әдемі қалам тауып алып, үн-түнсіз қалтасына салып алды. Сіз онымен қалай сөйлесер едіңіз?

№9 жағдаят

Автобуска отырған оқушы баланың қасындағы бос орынға жас әйел келіп отырды. Келесі аялдамадан қарт әже трамвайға зорға мініп, бұлардың қасына келді. Жас әйел оқушы бала орын беретін болар деген оймен балаға қарап еді, ол терезеге қарап, әжейге көз салмады. Әйел өзі тұрып орын берді. Оған жалт қараған бала қызарып кетіп, әйелге өз орнын ұсынады.

Бала неліктен қызарды?

Әйел балаға ықпал ету үшін қандай әдіс қолданды.

№10 жағдаят

4-сынып оқушысының мамасы мұғалімге келіп баласының өзін әркезде алдап істейтіні туралы айтты, мұғалім мұндай хабарға елең етті, себебі ол мұғалімді немесе қасындағы жолдастарын алдап көрген емес.

1. Не себепті мектепте алдау дегенді білмейді, ал мамасын алдауы мүмкін.

2. Мұғалім баланың апасына қандай кеңес беруі мүмкін.

№11 жағдаят

Класс бөлмесін тазарту жұмысын аяқтаған соң, алтыншы класс оқушылары түгел киноға баруды ұйғарады. Мектеп директоры келіп, коридорды жинауға көмектесу керек екенін айтты. Балалармен қалай әңгіме жүргізесіз?

№ 12 жағдаят

4-сыныптың оқушылар ұжымында әртүрлі іс-әрекетке байланысты мамандар тобы пайда болды. Олар: "эрудиттер", "спортсмендер", "артистер", "жұмысшылар", "шопандар", "мұғалімдер". Бұл топтар неліктен және қандай жағдайларға байланысты пайда болған деп ойлайсыз? Бұл топтармен қандай жұмыстар жүргізуге болады деп есептейсіз?

№13 жағдаят

- Сен неге бүгін күні бойы мектептен шықпай қойдың?

- Тек мені ғана емес, бәрімізді де қамап қойды.

- Кім сендерді қамады? Тағы бірдеңені "бүлдіргенсің ғой?"

- Жоқ, ештеңе де бүлдірген жоқпын. Бізді жібермей, бәрімізді хор репетициясына апарды.

- Қашаннан бері сен әншілікке жазылып едің?

- Мен жазылған жоқпын, мені қуып апарды. Не дейсің, қуып апарғаны қалай?

- Туу апа, қандай түсіне алмайтын адамсыз.

- Оқу ісінің меңгерушісі сыртқы есіктің алдынды тұрды да, киім ілгіштің жанында тұрды. Бізді сабақтан кейін қатарға тұрғызды да, залға тура алып келіп өлең айтқызды.

- Ал енді мұның несі жаман?

- Мені зорлап ән айтуға мәжбүр етті, ал мен өлең айтуды сүймеймін. Осы диалогта баланың қандай психологиялық ерекшелігі көрінеді? Осы ерекшелікті баланың анасы және мектеп педагогтары қалай ескеріп отыр?

Сіздің пікіріңіз қандай?

№14 жағдаят

4 а класына басқа мектептен үш қиын оқушы қабылданды. Сынып мүшелері араларында іріткі туып, оқушылар топ-топқа бөліне бастады. Тәртіп те төмендеді. Сынып жетекшісі сыныптағы беделді балаларға сүйеніп, қиын балаларды тәртіпке шақырып, сынып дәстүрін мойындауға мәжбүр етті.

Ал, 4-6 сыныбында, осындай педагогикалық жағдайда сынып жетекшісі тек өз тарапынан ықпал жасап, балалар ұжымы бұл істен сырт қалды.

Қиын оқушылардың тәртіпсіздігі туралы шағымдар басқа мұғалімдерден түсе берді. Сынып «қиын сынып» деп аталды.

Сұрақ: ұжымдағы тәрбие жұмысындағы класс жетекшілерінің іс-әрекеттерін салыстырыңыздар. Өз іс-тәжірибеңізде қай әдісті қолданған болар едіңіз?

№15 жағдаят

Музыкалық білімі бар анасы баласын алты жастан рояльды ойнауға үйретті. Бастапқыда баланың музыкаға деген қызығушылығы басым болды. Сегіз жасынан бастап музыка мектебіне қабылданды. Осындай мүмкіндігіне қарамастан оның музыкаға деген ынтасы бірте-бірте төмендеп кетті. Бірақ анасы оны көндіруге тырысты, оқуға мәжбүр етті, жазалады. Анасы дұрыс істеді ме?

№16 жағдаят

Жаңа буын оқулықтарының ерекшелігіне талдау жасаңыз.

№ 17 жағдаят

Мектеп аралық жарыс жүріп жатыр еді. Әділ қазылар алқасы сіздің сыныбыңыздың командасына орынсыз ескерту жасады. Команда мүшелері сізге әділдікке шақырыңыз дегендей қарады. Сұрақ:

Сіз әділ қазылар алқасына ескерту айтасыз ба? Неге? Егер ескерту айтар болсаңыз қандай дауыс ырғағын, сөз өнерін қолданған болар едіңіз?

№18 жағдаят

"Алақай! Мама, мен "бес" алдым! Мұғалім бүгін бізге не айтқанын білесің бе?" - деп бірінші кластың оқушысы өзінің алғашқы жетістіктері жайында қуанышы сыймай мамасына айтып жатыр. Бірақ, жылдар өте береді, біз " Алақай, мама, мен бүгін "бес" алдым!" - деген қуанышты сөздерді барған сайын сирек естиміз".

Сыныптан-сыныпқа көшкен сайын үлгерімінің кеми беретінін неліктен? Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесінен мысал келтіріп, салыстырыңыз.

№19 жағдаят

Мұғалім: "Жанар, Маратқа бір дәптер бер, сенде көп екен". Жанар: "Бермеймін. Мамам айтты, оларды табу өте қиын". Мұғалім: ?

№20 жағдаят

6 жасар Жәнібек білімге құмар, қимыл-қозғалысы белсенді, бақшада жүргенде сабақтың мазмұнын тез меңгере алатын. Адамға үйірсек, көпшіл, бірақ зейінсіз, шыдамсыз, жеңілтек еді. Ал бірінші класта мұғалімнің ескертуіне құлақ аспайтын, сабақтан жан-жағына алақтағыш, мұғалімнің түсіндіргендерін, құрбыларының жауабын

тындамайтын, не болса соған жаны ашығыш, күйгелек болды. Сұрақ: Жәнібекте қандай мінез-құлық сапалары қалыптаспаған? Жақсы оқу үшін оған қандай көмек керек?

№21 жағдаят

4-сыныптың екі оқушысының мінезіне бақылау жасау мынаны көрсетті: бірінің ұстамдылығы қоғамдық маңызы бар іс-әрекеттерді атқарғанда көрінсе, екіншісінің ұстамдылығы еңбекте де, ойында да, спортта да және әртүрлі сабақтарда да көрінеді. Қайсысында ұстамдылық темперамент қасиеттерімен басымырақ қозады? Қандай белгілермен орнатуға болады?

№22 жағдаят

Сара апай туралы жақсы пікірлер естіп жүрдім. 4-кластағы сабағын көруге келдім. Сабақ үстіндегі тәртіп, балалардың белсенділігі таң қалдырды. Сабақтан соң, оқушылардан "Сара апайды жақсы көресіңдер ме?" -деп сұрадым. "Жоқ, біз одан қорқамыз. Сәл қимылдасаң, ата-ананды шақырады. Сондықтан оның сабағын жаттап аламыз". Сұрақ: Мұғалім мен балалардың қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?

№ 23 жағдаят

Педагогикалық негізгі ұғымдардың тізбесін жасаңыз.

№24 жағдаят

Саябақтағы жұмыс қызып жатты. Жұмыс бәріне де жетерлік еді. Апалы-сіңілілер жеңдерін түріп, шүберек орамал алып, іске кірісті. Еділ мырзасынып, сен неғып тұрсың? Үйдің төбесін жууға көмектес, - деді оған немере апасы.

- Жұмаймын оны, біздің шаруамыз емес. Ал егер ауыр бір нәрсені әкел десең, әңгіме басқа... Үйді жинастыру әрқашан әйел адамның шаруасы болып келген, - деп қостап қойды немере інісі Қапаш.

- Қызық екен еден жуу, үй жинау біздің ісіміз болсын. Өткен аптада стол әкелу, шкафтарды қозғау сияқты біз атқарған іс те қыздардың жұмысы делік. Сонда сендер "ерлердің" ісімен қашан айналыспақсындар.

Көбіне істі "ерлердікі" және "әйелдердікі" деп бөліп жату -өзінің барып тұрған жалқаулығын бүркемелеу болып шықпай ма? Пікірлеріңізді өнегелі өмір тәжірибесімен дәлелдеңіз.

№25 жағдаят

Мектептің педагогикалық кеңесінде оқу-тәрбие процесінің қорытындысы талқыланды. "Педагогикалық жұмыстың нәтижесі" деп нені есептейміз? - деген сұрақ қойылды.

География пәнінің мұғалімі. "Мен оқушыларыма ризамын. Пән бойынша екілік жоқ" - деді. Тарих пәнінің мұғалімі. "Бір қарағанда шәкірттеріміздің бәрі тәрбиелі сияқты. Бірақ үлкен өмірге аттанғанда, олардың кім боларына мазасызданамын" - деді.

Сұрақ: Осы айтылған пікірлерден оқу тәрбие жұмысында нақтылы міндеттерді, тәрбие принциптерін шешіп отырғандарын көруге бола ма?

№ 26 жағдаят

Дұрыс жауап табуға көмектесу.

"Мұғалім болып жаратылу керек".

"Мұғалім болып туудың қажеті жоқ, табиғи дарынсыз да мұғалім болуға болады. Егер жақсы оқытса, үйренеді".

Мен де табиғи дарын да, педагогикалық техникада да жоқ. Мен тек балаларды өте жақсы көремін.

№ 27 жағдаят

Бастауыш сынып оқушыларынан жиі: "Әсел, дұрыс жазбай отыр, оған Деурен дұрысын айтқан жоқ", немесе "Марат дәптерін бүлдіріп тастады" - деген дауыстарды естиміз.

Сұрақ:

1. Бастауыш сынып оқушыларының осындай қылықтарын қалай түсінуге болады?
2. Бұл балалардың жеке басының дұрыс қалыптасуы, ұжымдағы, қарым-қатынасының сәтті болуы үшін мұғалім қандай әрекет етуі қажет?

№28 жағдаят

Сіз 4-сыныпқа жетекші болып белгілендіңіз. Оқушыларыңыздың тәрбиелеу жағдайларымен танысу мақсатын көздеген от басына алғашқы баруыңызды қалай елестетесіз?

№29 жағдаят

Балалар " Дүкен" ойынын ойнап жатыр. Сатушының алдына кезекке тұрғандар жинала бастады. Кезекте тұрған балалардың мінез-құлқын бақылаудың өзі қызықты. Ажар әже болуға тырысып, басына жаулық тартып, қолында таяғы, белін бүкірейтіп алған. Кезекке ешкімді алдынан жібергісі келмей тұрған. Сағындық: "Кәрісің бе?" деп сұрады. "Әрине, әже деген кәрі болады" - деп жауап берді Ажар. Жарайды, әже онда менің алдыма келіп тұрыңыз, әрине қарттарды алдымен жіберу керек" - деді Мұрат араға килігіп. " Жарайсың, Мұрат!" - деп тәрбиеші оны мақтады.

Осы келтірілген мысалдар балаларда қандай адамгершілік саналары тәрбиеленеді?

№30 жағдаят

Педагогикалық кеңесте 3-ші сынып оқушысының (А) тоқсандық "2" -ге шыққаны туралы мәселе қаралды. Ол әдетте жайдары оқушы. Мұғалім: Ол абстрактылы ойлай алмайды, әлі күнге есепті қолын парта астына жасырып, саусақпен санап шығарады. Оған бәрін мысалмен, суретпен, кескінмен ұғындыру керек. Онсыз ештеңе істей алмайды.

Екінші мұғалім: Бұл оқушының көрнекі - бейнелі ойлайтындығы айқын байқалады. Мұндай оқушыларда абстрактылы ой кешеуілдеп жетіледі. Ол оқушы есепті өзіндік тәсілмен шығарады. Сонда оған екі қою ақылға сия ма?

Екілік оның абстрактылы ойлауын дамыта ма?

Сіздің пікіріңіз (позицияңыз)?

Глоссарий

Анкеталау - психология мен педагогикадағы зерттеу әдісінің әртүрлілігі, берілген сұраққа жазба түрінде жауап беріп, көзқарастары мен тенденцияларын анықтау.

Ақпараттық іскерлік - оқу материалын түсіндіру, оны алу және өңдеу әдістерімен байланысты қолданылатын іскерлік.

Аттракция - (латын тілінен attractis - тартылыс-педагогтың тартымдылық күшіне ие болу, өзге жанды баурап алу, ашық, сүйкімді болу қабілеттілігі.

Анафора - бір сөздің бірнеше жол т.б. басында қайталануы. Мұндай тәсілді М. Ю. Лермонтов пайдаланған.

Іс-әрекет - адамның өзінің қажеттілігіне және қызығушылығына бағытталған адамның іс-әрекетінің жиынтығы.

Білім - объективті шындықтың құбылыстары, заттар туралы түсініктері мен елестері, алынған мәліметтер жиынтығы.

Білім беру философиясы - мәдени ортада адамның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы қалай жүретінін және бұл процеске білім беру жүйесі қалайша әсер ететінін қарастырады

Білік (умение) - оқушының өмірдегі тәжірибесі мен меңгерген білімі негізінде тез, саналы орындалатын практикалық-теориялық әрекеттерге даярлығы. Жетіле, автоматтандырыла келе білік дағдыға айналады. Біліктің негізгі белгілері: икемділік, тұрақтылық, беріктілік, шынайы жағдайлар мен міндеттерге барынша жақындау.

Білім беру - білім, іскерлік, дағдыны игеру процесі мен нәтижесі.

Білім беру - процесс ретінде бұл тұлғаның жетістікке жетуі үшін арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі, яғни педагогикалық процесс. Ол мұғалімнің сабақ беруі мен оқушының оқуы арқылы жүзеге асады.

Білім берудің дағдарысы - қызмет етудің қиындауы, тұрақтылықтың бұзылуы және дұрыс дамудың бұзылуы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының дағдарысы. Бұл қоғамның және білім берудің жаңа сатысына өтудің кезеңі болуы мүмкін.

Герменевтика - таным әдістері мен құбылыстарды, процестерді түсіндіру әдістерінің жиынтығы, негізінде рационалды-логикалық талдау емес, жеке бастың субъективті талдауы, сезіну, тіл өнерінің құралдарына қатынасы, діндеріне қатынасы.

Градация - сөйлемдегі сөздердің айтылу деңгейіне қарай орналасуы.

Даму - адамның және жүйенің прогрессивті қайта құрылуындағы жаңа сапаларды игеру.

Дағды - автоматтандырылған іскерлік, адамның іс-әрекетін жеңіл және тез орындалуымен нәтижелі болуы.

Дүниетаным - адамның санасының спецификалық пішіні, оның білімінің, көзқарасының, сенімдері мен идеалдарының жүйесі, оның табиғат пен қоғамның дамуына қатысының негізінде оның қоғамдық-саяси және адамгершілік-эстетикалық позициясы мен өмірдегі әртүрлі орындарда мінез-құлқы анықталады.

Дамыту - адам ағзасындағы сапалық және сандық өлшемдердің өзгеру процесі.

Жеке бас - бұл индивидуалды және әлеуметтік-психикалық ерекшеліктері бар, жеке көзқарастары мен дүниетанымы бар, қоршаған дүниеге, қоғамға көзқарасы жеке адам.

Жеке бастың дамуы - білім берудің негізгі мақсаттарының, жеке бастың қалыптасуы, активті іс-әрекет пен әлеуметтік қоршаған ортаға адамның араласуы.

Жеке оқыту (индивидуальное обучение) - оқу сабақтарын ұйымдастырудың бір формасы. Онда мұғалімнің оқушылармен өз әрекеті болады.

Жеке адам (индивид) - жеке адамдық терминнің синонимі ретінде қолданылады. Жеке ағзаға ғана тән және осы ағзаны осы түрге жататын өзі сияқты басқалардан ерекшелетін қайталанбас белгілердің бірігуі.

Жоспарлау (Планирование) - қажетсінген болашақтың бейнесі құрылатын, оған қол жеткізудің кезеңдерін түсінуді қамтитын ақыл-ой қызметінің бір түрі.

Интерпретация - талқылау, мәнін ашу, талқылаудың операцияларының жиынтығы, алынған нәтижелердің мәнін түсіндіру, оларды тудырған себептері мен жағдайларын түсіндіру.

Интуиция - бүгіліп тұрған әрекеттер, логикалық атқарылмаған шешімдер, қиын ситуацияларда дұрыс бағдарлау. Жұмыстың тәжірибедегі нәтижесі.

Методология - ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың принциптерінің жалпы жүйесі, ғылыми білімнің құрылуы мен қол жеткізуге бағытталған әдістер.

Методология принциптері - зерттеу және практикалық өзгерулерде педагогикалық жүйенің негізгі жағдайлары.

Мораль - адамдардың мінез-құлықтарын, олардың барлық өмір шеңберіндегі (еңбектегі, тұрмыстағы, саясаттағы, ғылымдағы, жанұядағы және т.б.) әрекеттерін үйлестіре реттеу қызметін атқаратын қоғамдық сананың түрі, әлеуметтік институт.

Мораль - ең алдымен жеке адамдардың, адамдар тобының қылықтарын белгілейтін құлықтарды қамтиды.

Мотивация - ғалымдар "тұлғаның мінез-құлқы, іс-әрекетінің сипаты, бағыты, мазмұнын білдіретін мотивтер жиынтығы деп атайды

Модульдік оқыту (модульное обучение)- оқушының тұлғалық ерекшелігі мен қажеттілігіне орай мазмұн мен оны игерудегі өзіндігіне негізделеді. Модульдік оқыту барысында мұғалім ақпаратшы және бақылаушы қызметтеріне қоса кеңескерлік және үйлестірушілік қызметтерін атқарады

Меңгеру (Усвоение) - Үш ерікті және еріксіз кезеңіне ие таным формасы. Түсіну, есте сақтау, тәжірибеде пайдалану мүмкіндігі.

Мониторинг -бақылау жүйесі зерттеулердің нәтижелері мен процесін бақылау жиынтығын жинастыру, мәліметтерді коррекцияға өңдеу мен талдау, білім беру мен зерттеу процестерін жақсартуға шешім қабылдау.

Мектеп құжаттары (школьная документация) - білім беру мекемесіндегі істердің қандай күйде екендігі туралы бастапқы ақпарат көздерінің 3 тобының бірігуі. Оған: оқу-педагогикалық қызмет құжаттары, педагогикалық ұжымды басқару туралы құжаттар, статистикалық есепке алу құжаттары және іс жүргізу жатады.

Оқыту - оқытушы (мұғалім-педагог) және оқушы (оқушы-студент) арасындағы білім, істерін, практикалық іс-әрекет дағдыларымен алмасу байланысы.

Оқыту іс-әрекеті - бұл мұғалімнің оқушылардың бойында білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастыруға және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған, олардың танымдық іс-әрекеттерін басқаратын іс-әрекет түрі.

Оқыту (преподавание) - Оқыту үрдісінде оқушыларға білім, білік, дағдылар жиынтығын хабарлауға бағытталған оқытушының арнайы қызметі. Оқыту құрылымына оқушылардың өзінің жеке әрекетін және оқу әрекеттерін ұйымдастыру, оқушылардың білімді меңгерудегі белсенділігі мен саналылығын ынталандыру және білімді меңгеруінің оқу әрекеттерін орындауының сапасын реттеу, бақылау, оқыту нәтижесін талдау мен оқушы тұлғасының әрі қарай дамуын болжау жатады.

Оқыту диагностикасы (диагностика обучения) - Қандай да бір жүйенің күйін сипаттайтын белгілерді нақтылау және үйрену кезіндегі мүмкін ауытқуларды айту және олардың жұмысы режимінің бұзылуының алдын-алу жолдарын айқындау

Оқытудағы дедукция (дедукция в обучении) - жалпы білім негізінде нәрсе туралы жаңа білім тұжырымдалатын ой тұжырымдарын оқытуда пайдалану. Мұнда оқу материалына сәйкес логикалық үрдіс және мазмұндау жолы жалпы қағидалардан басталып соларды сол басқа нәрсеге пайдаланумен аяқталады. Бұл тұрғыда оқытудағы дедукция жалпының жекеге қатынасының бір формасы болып табылады.

Озық тәжірибе мектебі (школа передового опыта) - оқу және тәрбие үлгілері тікелей көрсету арқылы озық тәлімдік тәжірибелерді өзгелерге беру мен таратуды көздейді. Озық тәжірибе мектептегі жетекші мұғалімдердің дені өз мамандығы бойынша әдіскерлік

қызмет атқарып, тәлімдік кабинеттер және мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында тығыз жұмыс істейді.

Өзін-өзі тәрбиелеу - қоғамның талаптарына сай жақсы салаларды қалыптастырып, жаман қасиеттерді болдырмаудағы адамның мақсатты әрекеті.

Педагогикалық жаңалықтар - қоғамның және жеке бастың дамуындағы өзекті сұраныстарға жауап беретін жаңа білім беру жүйелері мен әдістемелері, технологиялары, білім беру бағдармалары.

Педагогикалық идеал - жеке бастың бос және гармониялық дамуына немесе жетілген елестеріне сәйкес, кемшіліктері көрсетілмегендінің мінездемелерінің қайта құрылған жүйесі.

Педагогикалық тәжірибе - педагогикалық жаңалықтарға сүйенетін, жаңа талаптарға жауап беретін, қандайда бір нәтиже беретін тәжірибе.

Парадигма (парадигма) - теорияның негізінде жатқан өзіндік кесімді аппаратқа ие және ғалымдар тобымен мойындалған негізгі жағдайлар мен қағидалардың бірігуі. Әрбір парадигма жеткілікті өзгеше және қоғамдық даму фактоларының бағалануы тұрғысынан адамдар тәртібін талдауда, қоғамның әр қырының басымдығын саралағанда өте талғампаз.

Педагогикалық технология (педагогическая технология) - тәлімдік үдеріс пен оған қатысушылар әрекетінің құрауыш, кезең, күйлері арасындағы өзара байланысты бірізділік пен үздіксіздік қозғалысын білдіреді. Ақпараттық технология да педагогикалық технологияның құрамдас бөлігі.

Педагогикалық жағдаят (педагогическая ситуация) - тәлімдік үрдіс пен тәлімдік жүйенің өзектесе бір уақытта көрініс беруі. Педагогикалық жағдаятта қайда, қашан, қанша уақыт ішіндегі тәлімгер мен оқушы қатынасын қамтамасыз етуі тиісті барлық тәрбие факторлары табиғи түрде тоғысады. Педагогикалық жағдаят құрудағы негізгі ережелер: Тұлғаның тек оң қасиеттерін дамыту бағытталуы: тұлғаға ашық аймақ қалдыру арқылы мәселенің кей бөлігін өзінше шешуге мүмкіндік туғызу.

Педагогикалық көзқарастар - жалпы және өзіндік тұжырымдарға жатпайтын педагогикалық құбылыстар бойынша ой пікірлер.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі - педагогикалық іс-әрекетті атқару үшін қажетті теориялық және практикалық дайындық және ол мұғалімнің кәсіби профессионализімін білдіреді.

Педагогикалық іскерлік - мұғалімнің әр түрлі әрекеттерінің жиынтығы, ең бастысы олар педагогикалық әрекет функцияға сәйкес, белгілі бір мөлшерде мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

Перцептивті іскерлік - қарым-қатынаста басқаларды қабылдау, түсіну түрінде көрініс табатын іскерлік.

Педагогикалық техника - мұғалімнің өзін-өзі басқара алу және өзара әрекеттесу іскерліктерінен құралады. Педагогикалық техника мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді жарасымдықта болуына ықпал етеді.

Педагогикалық мораль - мұғалім тәртібіне, мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау, қарым-қатынас жасау мәдениетіне қойылатын белгілі бір талап-тілектердің, қағида ережелердің, қалыптың мазмұндық тұжырымның жүйесі, жиынтығы.

Рефлексия - педагогтың өзін, өзінің психикалық жағдайын сезіну, өзін сырттай елестете және сезіне білу, өзге адамдардың өзін қалай бағалайтындығын байқай білу дағдысы.

Рефлексивті іскерлік - педагогтың өзіне және өз іс-әрекеттеріне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыратын іскерлік түрі. Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда өткенге қайта оралу дегенді білдіреді.

Тәрбиелеу - бұл жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибелі, моральды дүниетанымды, еңбек мәдениеті мен мінез-құлықтарын беру іс-әрекеті.

Тәрбиелеу іс-әрекеті - бұл оқушыларға адамзат баласы жинақтаған әлеуметтік тәжірибені мақсатты түрде алмастыруға және олардың тұлғалық сапаларын, қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет түрі.

Үздіксіз педагогикалық білім беру - нақты педагогикалық іс-әрекетке дайындау және тұлғаның білім беру қажеттеліктерін өтеу мақсатындағы педагогикалық білім беру мекемелерінің атқаратын іс - әрекеті

Қарым-қатынас - әртүрлі құралдар арқылы іс-әрекет кезіндегі адамның байланысы, танымдылық, эмоционалды-еріктік және мінез-қылықтары арқылы жүзеге асатын мақсат көздеген процесс.

Конструктивті іс-әрекет - педагогикалық іс-әрекеттің жобаларын, жоспарларын құрастыру түрінде жүзеге асатын іс-әрекет.

Коммуникативті іс-әрекет - педагогикалық процеске қатысушылармен қарым-қатынас орнатуға бағыттылған іс-әрекет.

Кәсіби дайындық - белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім түрлеріне бөлінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң. -Астана: Ақорда, 2007. -№319-III ҚРЗ. www.edu.gov.kz.
2. Госпрограмма развития образования до 2025 года: обновление учебных программ, поддержка науки и электронное ЕНТ
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2016.
4. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. –Алматы: ОНОН. 2017, -340 бет.
5. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2009. -336 бет.
6. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық. –Алматы: «Nurpress», 2011. -228 бет.
7. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу құралы. –Алматы: 2009. -240 бет
8. Введение в педагогическую профессию: Учеб. пособие для студентов пед.специальностей /Хан Н.Н., Калиева С.И., Колумбаева Ш.Ж. и др.- Алматы, 2010 - 243 с.
9. Педагогика: Учебник. – Алматы: Print-S, 2005.-364 с.
10. Подласый, И. П. Педагогика в 2 т.: учебник для академического бакалавриата. / И. П. Подласый. – М.: Издательство Юрайт, 2015.
11. Ахметова Г.К. и др. Педагогика: учебник.-Алматы: Қазақуниверситеті, 2006. -217с.
12. Педагогические теории, системы и технологии: Хрестоматия. Ч.1 /Под ред. Е.Н.Селивёрстовой. – Владимир, ВГПУ, 2012.
13. Коджаспирова Г.М. Педагогика: учебник.- М.КНОРУС, 2010.- 744с.
14. Слостенин В.А. и др. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Слостенина. - М. 2011. Эл. ресурс: <http://www.pedlib.ru/Books/1/0075>
15. Загвязинский В.И. Общая педагогика. Гриф УМО МО РФ: Учебное пособие.М: Изд. Высшая школа, 2008.-391с. Зимняя И.А. Ключевые компетенции -новая парадигма результатов образования // Высшее образование сегодня.2003,№5,С.34-42.
16. Мынбаева А.К, Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или Как интересно преподавать. Алматы, 2009. -С.341
17. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Учебное пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров; Под ред. Е. С. Полат. -М.: Изд.центр «Академия», 2002. - 272 с.
18. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. - М.:НИИ школьных технологий,2006- 816с.
19. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие. -Алматы, КазНПУим.Абая, 2008. – 176 с.
20. Таубаева Ш.Т. Методология и методика педагогического исследования. В помощь начинающему исследователю. -Астана: РНПЦ «Дарын»,2009.244с.
21. Устемиров К., Шаметов Н.Р. и др. Профессиональная педагогика -Алматы, 2005.-432с. 16. Хан Н.Н. Научно-практические основы сотрудничества и его реализация в педагогическом процессе школы – Алматы,2000. -96 с.
22. Хуторский А.Ключевые компентенции как компонент личностно – ориентированного образование //Народное образования 2003,№2, с.58-64.
23. Школьная педагогика: Учебник /Под ред. Г.Т.Хайруллина.-Алматы: изд. «МИР», 2012.-640с.
24. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. –Астана, НАО, 2013. -80 с.

25. Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства. АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», 2014.- 292с.
26. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей, 3 басылым. -Астана: «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы баспасы, 2014 ж. - 292 бет.
27. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана, ҰБА 2013 ж. -80 бет
28. Әбиев Ж. Педагогика. Алматы., 2004.
29. Багаева И.Д. Учителю о профессионализме педагогической деятельности и путях его формирования. - Гомель, 1989.- 90с.
30. Бабанский Ю.К., Ильина Т.А., Жантеева З.У. Педагогика высшей школы. - А-Ата, 1986.
31. Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя - М., 1989
32. Жармекова Г.С. Культура профессионально-педагогического общения будущего учителя (учебное пособие). – Алматы; Издательский дом КазГЮУ, 2002. - 120с.
33. Зимняя И.А. Педагогикалық психология:/ Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова М.: Логос; Алматы: TST-companу, 2005. -368 б.
34. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы и форма обучения в высшей школе. - Алматы: Қазақ университеті, 2006.
35. Молдағалиев Б.А. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. -Орал, 2005.-Б-19-25.
36. Мынбаева А.К. Основы педагогики Высшей школы; учебное пособие. - Алматы, 2008. -156 с
37. Национальные системы образования: общая характеристика, структура. - Алматы: РОНД, 2004.-160 с.
38. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 1990.- 144с.
39. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж.. Педагогика: Астана, 2007.
40. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы-2002
41. Пидкасистый П.П., Портнов М.Л. Искусство преподавания. М., Роспедагенство, 1998.
42. Педагогика и психология высшей школы.- Ростов-на-Дону: Феникс, 2002.-144с.
43. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А.Сластенин, И.Ф. Исаев и др.- М.: Школа-Пресс, 2000.-512с.
44. Симонов В.П. Педагогический менеджмент. М., 1997.
45. Симонов В.П. Диагностика личности и профессиональное мастерство преподавателя. М., 1995.
46. Синица И.Е. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. Ал-маты, Мектеп, 1997
47. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Ширяев Е.Н. Педагогика. -М.: Академия, 2002-576 с.
48. Хозяинов Т.И. Педагогическое мастерство преподавателя. М., 1988.
49. Шукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. М., 1971.
50. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. М., 1974.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....3

I. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың негізі –кәсіби педагогикалық іс-әрекет

1. Педагогикалық шеберлік және оның мазмұны.....
2. Педагогикалық іс- әрекеттің мәні және құрылымы.....
- 3.Педагогикалық қызметтің басты шарты –біліктілік және күзіреттілік.....
- 4.Қарым-қатынас - кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің құрамдас бөлігі.....

II. Педагогикалық мәдениет мұғалімнің кәсіби қызметінің маңызды сипаттамасы ретінде

1. Педагогтің сөзі тәрбиелік ықпал ету құралы.....
- 2.Педагог имиджі мәселесін зерттеудің теориялық негіздері.....
- 3.Өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімнің шығармашылық кәсіби дайындығының құралы.....
- 4.Педагогикалық қабілеттер мен шығармашылықтың жалпы құрамы.....

III. Педагогикалық шеберлік құрылымындағы жаңартылған оқыту технологиялары

- 1.Жаңа формация мұғалімінің педагогикалық аспектісі.....
2. Жаңартылған оқытудың теориясы мен технологиясы.....
3. Мұғалім профессиограммасы.....

IV. Педагогикалық озат тәжірибе негізі – педагогтың кәсіби және тұлғалық өсуі

- 1.Озат педагогикалық тәжірибені талдау және зерттеу.....
2. Педагогтарды аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстарының негіздері.....
3. Педагог мәртебесі.....

V. Тәжірибелік тапсырмалар

1. Мұғалімнің методологиялық мәдениетін өз бетінше бағалауы.....
2. Педагогикалық қызметке дайындық тесті.....
3. Педагогикалық қарым-қатынастағы сіздің стиліңіз?
4. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау.....
5. Педагогикалық қабілетті зерттеу әдістемесі.....

Педагогикалық шеберлік курсы бойынша реферат тақырыптары

Тест тапсырмалары.....

Педагогикалық жағдаяттар.....

Глоссарий.....

Пайдаланылған әдебиеттер.....

Көлемі 6,5б.т. Таралымы 100 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс№

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің редакциялық баспа орталығы. Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162